

ИСЛАМТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
Ғылыми журнал

بحوث في الدراسات الإسلامية
مجلة علمية

Research in Islamic Studies
Scientific journal

ISSN 3005-9089



Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениті университеті
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak

ИСЛАМТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
Ғылыми журнал

بحوث في الدراسات الإسلامية
مجلة علمية

Research in Islamic Studies
Scientific journal

№1 (01) 2024

Almaty, 2024

ИСЛАМТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІ
Ғылыми журналы

15.09.2023 ж. Қазақстан
Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму
министрілігінде тіркелген.

Қуәлік №KZ45VPY00077789
Журнал қазақ, араб, ағылшын және орыс тілін-
де жылына 4 рет жарыққа шығады.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Док. Н.Тағанұлы (Қазақстан);
Док., проф. М. аш-Шаххат әл-Жинди
(Мысыр);
Док. К.Курманбаев (Қазақстан);
Док., проф. Мунзир Каһф (АҚШ);
Док., проф. Хайрунас Ражаб (Индонезия);
Док., проф. Русни бинт Хассан (Малайзия)
Док. Ато Ас-Сынбати (Мысыр);
Док., проф. Р. Мухаметшин (Ресей);
Док., проф. Сейфеттин Ершахин (Түркия);
Док., проф. У.Гафуров (Өзбекстан);
Док., проф. Айтмамат Кариев (Қырғызстан)
Док., проф. К.Затов (Қазақстан);
Док. А.Әділбаев (Қазақстан);
Док. Д.Сикымбаева (Қазақстан);
Док. Д.Капасова (Қазақстан);
Док. Ахмад Камал (Мысыр);
Док. Р.Мухитдинов (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЛАР:

Док. Ы.Палтөре (Қазақстан)
Док., проф. С.Машали (Мысыр)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР:

Док., проф. Ш.Керім
(Қазақстан)
Док., проф. Юсуф Хиндауи (Мысыр)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ:

Мырзабекова Б.М (Қазақстан)

Корректоры:

Гүлжан Ыбырайқызы (Қазақстан)
Компьютерде беттеген:
Кожихов Алимжан (Қазақстан)

«Исламтану зерттеулері» ғылыми журналы
мәдениет, дін, қоғам және өркениет
тақырыбына қатысты өзекті мәселелерді
жариялауға арналған.

Таралу аймағы:

Қазақстан Республикасы

Меншік иесі:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті

АБ №01

Басуға 28.03.2024 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14,25 б.т.
Офсеттік қағаз, сандық басылым.
Тапсырыс № 0001. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісімді.
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті универси-
тетінің «Нұр-Мұбарак» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы,
73 «Нұр-Мұбарак» баспасында басылды.

RESEARCH IN ISLAMIC STUDIES
Scientific journal

Registered in the Ministry of Information
and Social Development of the Republic of
Kazakhstan in 15.09.2023 y.

Certificate №KZ45VPY00077789

The journal is published 4 times a year in Kazakh,
Arabic, English and Russian languages.

EDITORIAL BOARDS:

N.Taganuly PhD (Kazakhstan);
Supreme Mufti Muhammad al-Shahhat al-Gendi.
Doctor, professor (Egypt); Rector
Kurmanbayev K. PhD (Kazakhstan);
Monzer Kahf. Doctor, professor. (USA);
Hairunas Rajab. Doctor, professor. (Indonesia);
Rusni Bt Hassan Doctor, professor. (Malaysia);
Ata Elsonbaty. Doctor. (Egypt);
Mukhamedshin R. Doctor, professor.(Russia);
Seyfettin Ersahin Doctor, professor.(Turkey);
Uygun Gafurov Doctor, professor. (Uzbekistan);
Aytmammat Kariev Doctor, professor. Kyrgyzstan);
Zatov K. PhD (Kazakhstan)
Adilbayev A. PhD (Kazakhstan);
Sikimbaeva D. PhD (Kazakhstan);
Kapasova D.A. PhD (Kazakhstan)
Ahmad Kamal. PhD (Egypt)
Mukhitdinov R. PhD (Kazakhstan)

EXECUTIVE SECRETARIES:

Paltore Yktyiar. PhD (Kazakhstan);
Saber Mashaly. PhD, Professor (Egypt);

EDITORS:

Kerim Shamshedin. Doctor, professor
(Kazakhstan);
Yusuf Hindawi. Doctor, professor (Egypt);

TECHNICAL SECRETARY:

Myrzabekova B.M. (Kazakhstan)

REVISOR:

Gulzhan Ybyraykyzy (Kazakhstan)
Layout:
Kozhikhov Alimzhan (Kazakhstan)

The scientific journal

«Research in Islamic Studies» is dedicated
to publishing topical issues related to culture,
religion, society and civilization.

Area of distribution:

Republic of Kazakhstan

Publisher:

Egyptian University of Islamic culture
Nur-Mubarak

ИБ №01

The publication was signed on 28.03.2024.
Format 60x84 1/8. The size is 14.25 pcs.
Offset paper. digital edition.
Order No. 0001. Distribution is 300 pieces.
«Nur-Mubarak» publishing house of the Egyptian
University of Islamic Culture Nur-Mubarak.
73, Al-Farabi Ave., Almaty, 050016
Published in «Nur-Mubarak» publishing house.

بحوث في الدراسات الإسلامية
مجلة علمية محكمة

مسجلة في وزارة الإعلام والتنمية الاجتماعية بجمهورية
كازاخستان في 15-09-2023

رقم الشهادة KZ45VPY00077789

مجلة ربع سنوية
تصدر باللغات الفارسية والعربية والإنجليزية والروسية.

مجلس التحرير:

الدكتور نوروزباي جاجي تغان أولي (كازاخستان)
الأستاذ الدكتور محمد الشحات الجندي (مصر)
الدكتور خيرات كورمانبايف (كازاخستان)
الأستاذ الدكتور منذر كحف (الولايات المتحدة الأمريكية)
الأستاذ الدكتور خير الناس رجب (إندونيسيا)
الأستاذة الدكتورة رسي بنت حسان (ماليزيا)
الدكتور عطا السينايطي (مصر)
الدكتور محمدشين (روسيا)
الأستاذ الدكتور سيف الدين إرشحين (تركيا)
الأستاذ الدكتور أويجون جافوروف (أوزبكستان)
الأستاذ الدكتور استمات كارييف (قيرغيزيا)
الدكتور علاء أدليبايف (كازاخستان)
الدكتور خيرات زاتوف (كازاخستان)
الدكتور أحمد كمال (مصر)
الدكتور محي الدينوف (كازاخستان)
الدكتورة داريغا كاپاسوفا (كازاخستان)
الدكتورة داريغا سيقيميافا (كازاخستان)

هيئة التحرير:

الدكتور اختيار بالتوري (كازاخستان)
الأستاذ الدكتور صابر مشالي (مصر)

المحررون:

الأستاذ الدكتور شمس الدين كريم (كازاخستان)
الأستاذ الدكتور يوسف هندawi (مصر)

المحرر الفني:

ميرزا بيكوف بالاسة (كازاخستان)

المحقق اللغوي:

جوميرا إبراهيمي (كازاخستان)
التصميم:
كوجيكوف اليجان (كازاخستان)

المجلة العلمية «بحوث في الدراسات الإسلامية»
مخصصة لنشر القضايا المتعلقة بالثقافة والدين والمجتمع
والحضارة

منطقة التوزيع:

جمهورية كازاخستان

الناشر:

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

№01

تم التوقيع على المنشور بتاريخ 28-03-2024
تنسيق 60x84 1/8. الحجم 14.25 قطعة. ورق
الوفست. طبعة رقمية
طلب رقم 0001. التوزيع 300 نسخة
دار نور مبارك للنشر التابعة للجامعة المصرية للثقافة
الإسلامية نور مبارك
73، شارع الفارابي، ألماتي، 050016
طبع في دار نشر «نور مبارك»

بسم الله الرحمن الرحيم
والصلاة والسلام على المبعوث رحمة للعالمين

**Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың
атымен бастаймын. Әлемге мейірім етіп
жіберілген Мұхаммед пайғамбарға Алланың
игілігі мен сәлемі болсын!**

**In the name of Allah the
gracious, the most merciful.
May peace and blessings be upon the
Messenger of Allah as a mercy to the worlds!**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті әділдік пен адамгершілікке негізделген, ақылға өзінің берік мәтіні Құран мен сүннет арқылы үндеу жасаған және осы мәтіндерде Алланың көксеген мағынасын түсінуде ақыл мен дұрыс пікір жүргізуге негізделген, Алланың адам баласын жердегі орын-басары етіп жаратудағы басты мақсатын айқындайтын, жер бетін гүлдендіруге жол ашатын, қоғамның жетіспеушіліктерін толтырып, қоғамды қанағаттандыратын, осы дүние мен ақыреттегі бақытқа жетелейтін жолдауын насихаттау мен жеткізуде Ислам ғылымы мен лингвистикаға қызмет ететін алғашқы бастамасы ретінде ғылыми журнал шығаруға ниеттенді.

Осыған орай, бұл журналдың тараулары мен бөлімдері Ислам дәуірінің дамыған кезеңіндегі ғылым мен өмір сүру аспектілеріне байланысты діни, адамгершілік, өркениет тақырыптарын қамтиды. Осы себепті де бұл журнал Ислам әлемінің және қазақстандық ғалымдар мен оқырмандарына Ислам ғылымы мен танымына арналған тақырыпта қазақ, араб, орыс, ағылшын тілдерінде мақалаларды басады. Бұл жоғары білім беру ережелеріне және университет құрылуы барысында Мысыр мен Қазақстан ортасындағы келісімге сәйкес университетте оқу үдерісі жүргізілетін тілдер болуына байланысты. Сондай-ақ зерттеу исламдық ғылымдармен байланысы негізінде әлеуметтік және гуманитарлық білімдерді қарастырады. Бұл журналдың зерттеулері діни және адамзаттық танымға ашық әдіснамалық көзқарасқа сәйкес діни ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, тарих және өркениет салаларын қамтып, ғылым мен адамзат өміріне қызмет етеді.

Редакциялық алқа журналдың ислами, діни, лингвистикалық және гуманитарлық ғылымға, білімге және мәдениетке жол ашушы бағдар болуына мән береді. Сонымен бірге ғалымдар мен зерттеушілерден ғылыми әдіске сәйкес, анық және дұрыс түрде жазылған және редакциялық алқа белгілеген жариялау шарттары мен ережелеріне сәйкес жарияланған зерттеулердің ғылыми мазмұнының сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті құқықтық және ғылыми стандарттарға сәйкес зерттеу жұмыстарын қабылдауға дайын.

In an attempt to support Islamic science and linguistics in spreading and transmitting the message that leads to happiness in this world and Hereafter, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak has taken the lead in starting the first scientific journal. This initiative is founded in justice and humanity, and it makes use of reason and sound judgment to interpret the meaning of God in the texts of the Holy Quran and Sunnah. It also defines the primary goal of God's creation of humans as their vicegerent, paves the way for prosperity, and compensating for the flaws in society.

Accordingly, the journal's chapters and sections address subjects like religion, morality and civilizations that had an impact on science and social life throughout the Islamic Renaissance. In order to serve researchers and readers in Kazakhstan as well as the Islamic world at large, the scientific journal will publish research on Islamic studies and knowledge in Kazakh, Arabic, Russian and English. This is because, starting with the university's establishment, these languages have been employed educational process in compliance with the agreements between Egypt and Kazakhstan and the regulations governing higher education.

Research works will focus on the social sciences and humanities, based on their relationship with Islamic sciences. The research of the journal, in accordance with an open methodological approach to religious and human knowledge, covers the fields of religious and social sciences, history and civilization and serves science and human life in general.

In line with the scientific method in a clear and reasonable manner, the terms and conditions of publication established by the Editorial Board, as well as the necessary legal and scientific standards to ensure the quality of the scientific content of published research, the Editorial Board is committed to ensuring that the journal becomes an important window into Islamic, religious, linguistic, and human sciences, education and culture. The Editorial Board is pleased to accept scientific research works from specialists, academicians including scholars and researchers.

**Университет ректоры,
проф. Мұхаммед әш-Шаххат әл-Жинди
1445 нижри жылы, Рамазан айы
2024 жыл, сәуір айы**

**University Rector
Prof. Muhammad al-Shahhat al-Gendi
Ramadan 1445 AH
April 2024 AD**

بسم الله الرحمن الرحيم
 والصلاة والسلام على المبعوث رحمة للعالمين

المقدمة

بعد مرور أعوام ليست بالقصيرة، تبدأ الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية بمشاركة كازاخية وعلى أرض كازاخستان بلاد الحضارة إصدار مجلتها العلمية في انطلاقتها نحو خدمة العلوم الإسلامية واللغوية والإنسانية، تحمل رسالة الإسلام في اعتداله وإنسانيته، باعتباره ديناً للحياة جاء بمنهج يخاطب العقل صاحب الأفق الواسع في التزامه بأصول ونصوص القرآن الكريم والسنة الشريفة الصحيحة، واعتماداً على العقل والفكر المتبصر الرشيد في قدرته على فهم النصوص والتفكير العميق للدلالة على معانيها ومراد الله منها بالطريق المباشر الذي تتضمنه مفردات النص أو بالطريق غير المباشر الذي يتعرف على عالم المعاني، وينفذ إلى مراد ومقاصد النصوص بعلم رصين في بناء الإنسان خليفة الخالق الواحد، عبادة وإعماراً وتنمية لهذا الكون الفسيح المكون من عوالم الأرض وعالم البحار والأنهار وأجواء الفضاء بمن فيها وما فيها، بما أوجد فيها من البيئة الطبيعية التي توفر الحياة الصالحة عليها لكل كائن حي، بالشكل الذي تنتظم به مسيرته في انتظام. وهو ما يتطلب على الدوام إعادة قراءة النصوص ورصد حركة الواقع بكل تفاصيله، وما يطرأ عليه من تغيرات، وما ينشأ عن ذلك من تطورات عبر الزمان والمكان والأشخاص والأحداث، وما يحتاجه المجتمع البشري من مطالب في ضوء ذلك ما بين أساسيات واحتياجات لازمة لاستمرار الحياة، موسساً قراءته الدائمة على منهج الإسلام المتفرد، في استقامة أحوال البشر وانتظام حياتهم وبلوغ سعادتهم في الدين والدنيا، والعمل النافع في الحاضر والمستقبل للأجيال وللحياة في الدنيا والآخرة على السواء، بما يعلمه به العارف بهذا الدين أن المعارف الناشئة عنه هي علم بالمعنى الحقيقي لمراد كلمة العلم، وأنها تشمل العلوم الإنسانية والاجتماعية بالمعنى الواسع لميادينها، الذي تتطلبه مسيرة الحياة في تجدها بما يحقق مصالح الناس في حياة يحتاج فيها الإنسان إلى التزود بالتعلم والانفتاح والتعايش مع الآخرين لمواجهة التحديات والمستجدات.

وعلى هدى، ذلك فإن أبواب المجلة ومباحثها ستسير على هذا الطريق الرحب بالعلم الديني والإنساني والحضاري الذي قامت عليه مسيرة العلم والحياة الإسلامية في عصر النهضة الإسلامية وسلام البشرية في عالم واحد، وهو ما يترتب عليه أن تعالج أبواب وأبحاث المجلة العلوم والمعارف الإسلامية باللغات اللازمة لمخاطبة القارئ للعلوم الدينية، في كازاخستان خاصة والعالم الإسلامي عامة، وهي اللغات القازاقية والعربية والروسية والإنجليزية حيث إنها اللغات التي يتعلم بها الطلاب في الجامعة، وهي المطبقة في نظام التعليم العالي بالدولة مقر وجود الجامعة، ووفقاً للاتفاقية المنشئة للجامعة بين مصر وكازاخستان، وبالطبع فإن الأبحاث ستتناول المعارف الاجتماعية والإنسانية على سند من تعلقها بالعلوم الإسلامية، وأيضاً لأن الطالب يدرسها كمادة إجبارية ضمن المقررات الدراسية وأسوة بما يدرس في الجامعات الكازاخية. وهذا يعني أن تشتمل أبحاث المجلة على العلوم الشرعية وعلوم الأديان واللغات وعلوم الاجتماع بالمعنى العام والتاريخ والحضارة، وذلك وفق رؤية منهجية منفتحة على المعارف الدينية والإنسانية، وعلى النحو الذي يخدم العلم والحياة في المجتمع الكازاخستاني والمنطقة والعلم والمعرفة الإسلامية والإنسانية.

وتتطلع هيئة التحرير إلى أن تكون المجلة نافذة للعلم والمعرفة والثقافة الإسلامية والدينية واللغوية والإنسانية في تفاعلها مع واقع الحياة. ويسعدنا أن نتلقى الأبحاث في المجالات العلمية والاجتماعية والثقافية والحياتية من المتخصصين في هذه الدراسات من الأكاديميين والعلماء والمفكرين والمعنيين بالشأن العام، وفق المنهج العلمي السليم وبأسلوب مبين وقويم، وفقاً لشروط وقواعد النشر المحددة من هيئة التحرير، كما تؤكد الالتزام باستيفاء المعايير القانونية والعلمية، اللازمة لضمان جودة المحتوى العلمي للأبحاث المنشورة.

والله نسأل التوفيق والسداد.

رئيس مجلس هيئة التحرير
 أ.د/ محمد الشحات الجندي

رمضان ١٤٤٥ هـ
 أبريل ٢٠٢٤ م

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті

Egyptian University of
Islamic Culture Nur-Mubarak

Құрметті Мұхаммед
аш-Шаххат әл-Жинди мырза!

Dear Muhammad
al-Shahhat al-Gendi!

Сізді өзімнің және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының атынан «Исламтану зерттеулері» ғылыми журналының жарыққа шығуымен құттықтаймын. Бастамаңызға берекесі, журналдың ғалым оқырмандары көп болсын деп тілеймін.

Жаратылыстың жұмбағын шешетін бір кілт болса, ол – білім. Білім-ғылым болмаса, көзіміз көрмейді, құлағымыз естімейді, санамыз қараңғы қалпында қалады. Себебі біз білім арқылы айналамыздағы құбылыстарды ғана емес, Құдайдың құдырет-күшін танимыз. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Алла иман келтіргендер мен білім иелерінің дәрежелерін жоғары қояды» («Мүжәдала» сүресі, 11-аят) деген. Демек мұсылман үшін иман келтіру қандай маңызды болса, білім алу да сондай маңызды. Себебі білім-ғылым – діннің ажырамас бір бөлшегі.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисіндегі: «Шейіттің қанының тамшысынан ғалымның қаламының сиясының тамшысы әлдеқайда артық», – деген сөздің өзі ғылымның қаншалықты маңызды хәм қадірлі екенін аңғартып тұрғандай. Демек Ислам дін ғана емес, ол – өркениет, ғылым, білім. Дін мен ғылым – егіз ұғым. Дінсіз ғылым атеизмге апарып соқтырады. Екеуін құстың қос қанаты секілді қатар алып жүрсек, бір-бірін толықтырып, күшейте түседі.

Осы орайда ғылым мен дін сабақтасқан игі бастамаңыздың еліміздегі «Нұр-Мұбарак» университеті мен 9 медресе шәкірттеріне, жалпы исламтану саласындағы жас ізденушілерге баға жетпес бағдар болатынына сенімдімін. Журналда жарық көретін ғылыми зерттеулер көптің кәдесіне жарап, мұсылман қауымының игілігіне жұмыс істей берсін. «Исламтану зерттеулері» журналы еліміздегі ғылыми ортада тек биіктен көріне бергей! Алла Тағала білім-ғылым жолындағы ізденушілерге жар болсын!

On behalf of myself and the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, I would like to congratulate you on the launch of the scientific journal «Research in Islamic Studies». I wish you success in your endeavors and also lots of readers from scientific field.

If there is a key to unlocking the mystery of creation, it is knowledge. Without education and science, our eyes would not see, our ears would not hear, and our minds would remain in the dark. Because through knowledge we understand not only the phenomena around us, but also the power of God. Almighty Allah says in Quran: «Allah will elevate those of you who are faithful, and raise those gifted with knowledge in rank.» (Surah Al-Mujadila, Ayat - 11) As such, knowledge is just as essential to a Muslim as belief, since religion is inextricably linked to education.

The statement in the hadith of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him): «The ink of the scholar is more holy than the blood of the martyr» seems to demonstrate the significance and worth of science. Islam is thus more than just a religion, it is also a civilization, a science, and an education. Science and religion are complementary ideas. Without religion, science results in atheism. Like a bird's wings, they strengthen and complement one another when carried side by side.

In this regard, I am sure that your good initiative, which combines science and religion, will serve as a useful guidance for students at Nur-Mubarak University and 9 madrassas of our country, as well as for young researchers in the field of Islamic studies in general.

May the scientific research published in the journal be useful to all and benefit the Muslim community as well as the journal «Research in Islamic Studies» consistently be in the forefront of our nation's scientific community. May Allah bless those who seek knowledge!

Құрметпен,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти
Наурызбай қажы Тағанұлы

Best regards,
Chairman of the Spiritual Administration of
Muslims of Kazakhstan, Supreme Mufti
Nauryzbai kazhy Taganuly

Нұр-Мұбарак Египет ислам
Мәдениеті университеті

Egyptian University of Islamic
Culture Nur-Mubarak

Құрметті Мұхаммед
аш-Шаххат әл-Жинди мырза!

Dear Muhammad
al-Shahhat al-Gendi!

Мәдениет және ақпарат министрлігінің атынан Сізді «Исламтану зерттеулері» ғылыми журналының жарыққа шығуымен құттықтаймыз.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызындағы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет» деп атап өткен болатын.

Сондықтан бүгінде дәстүрімізбен сабақтаса біткен Ислам Қазақстан халқының басым көпшілігі ұстанатын діни ретінде ғылыми тұрғыдан әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Осы орайда Ислам тарихы мен мәдениетіне, исламтануға және дінтануға қатысты ізденістерге арналған жаңа ғылыми журналының жарық көруі – Исламтану ғылымының дамуына және оның жаңа деңгейге өтуіне өз үлесін қосатын болады.

Аталмыш журнал ислам діні төңірегіндегі үздік ғылыми еңбектерді біріктіретін, зерттеушілер мен ғалымдарға, сондай-ақ исламға қызығушылық танытқан қауымға құнды ақпарат көзі болатынына сенімдіміз.

«Исламтану зерттеулері» журналының шығармашылық тобына алғыс білдіре отырып, алдағы еңбектерінің жемісті болуына тілектеспін.

We would like to congratulate you on the launch of the scientific journal «Research in Islamic Studies» on behalf of the Ministry of Culture and Information.

As Head of State Kassym-Jomart Tokayev noted in his speech at the third session of the National Congress entitled “Honest man – Honest work – Honest income”, which was held on March 15, 2024, “We must rely on the thousand-year-old religious teachings and spiritual guidance of our ancestors. “If we want to preserve the spiritual independence of our country and strengthen it, we need to pay attention to the traditional religion of the majority of Turkic peoples, including the Kazakhs, the Hanafi school of the Sunni direction.”

Therefore, today Islam, which has become a continuation of our tradition, as the religion of the vast majority of the people of Kazakhstan, still needs comprehensive research from a scientific point of view.

In this regard, the launch of a new scientific journal devoted to research related to the history and culture of Islam, Islamic studies and religious studies will contribute to the development of Islamic studies and its transition to a new level.

We are sure that this journal will become a valuable source of information for researchers and scholars, as well as for the entire community interested in Islam, which unites the best scientific works on the Islamic studies.

I express my gratitude to the creative team of the journal “Research in Islamic Studies” and wish them fruitful further work.

Құрметпен,
Вице-министр

Қ. Ысқақов

Best regards,
Vice minister

K. Iskakov

ИСЛАМТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ИСЛАМ АҚИДАСЫ, ФИҚҲ (ШАРИҒАТ), АХЛАҚ (СОПЫЛЫҚ), СИЯР ШАРИФ, ИСЛАМ ТАРИХЫ, МҰСЫЛМАН МӘДЕНИЕТІ, ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ, ҚҰРАНТАНУ ЖӘНЕ ХАДИСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫ, ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ МЕН БАНК ЖҮЙЕСІ, ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ, МЕШІТ-МЕДРЕСЕЛЕР

بحوث في الدراسات الإسلامية

العقائد الإسلامية، الفقه (الشريعة)، الأخلاق (التصوف)، السيرة النبوية الشريفة، تاريخ الإسلام، الثقافة الإسلامية، الحضارة الإسلامية، قضية قراءة وفهم القرآن والسنة، الفلسفة الإسلامية، التمويل الإسلامي والنظام المصرفي، الإسلام والوسطية ونظام الدولة، المساجد والمدارس الإسلامية

RESEARCH IN ISLAMIC STUDIES

ISLAMIC BELIEFS, FIQH (SHARIA), ETHICS (SUFISM), BIOGRAPHY OF THE PROPHET, HISTORY OF ISLAM, ISLAMIC CULTURE, ISLAMIC CIVILIZATION, THE ISSUE OF READING AND UNDERSTANDING THE QUR'AN AND SUNNAH, ISLAMIC PHILOSOPHY, ISLAMIC FINANCE AND BANKING, MODERATE ISLAM AND THE STATE, MOSQUES AND ISLAMIC SCHOOLS

ИСЛАМСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ИСЛАМСКИЕ УБЕЖДЕНИЯ, ФИКХ (ШАРИГА), ЭТИКА (СУФИЗМ), СИЯР ШАРИФ, ИСТОРИЯ ИСЛАМА, ИСЛАМСКАЯ КУЛЬТУРА, ИСЛАМСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ, ЧТЕНИЯ И ПОНИМАНИЯ КОРАНА И СУННЫ, ИСЛАМСКАЯ ФИЛОСОФИЯ, ИСЛАМСКИЕ ФИНАНСЫ И БАНКОВСКАЯ СИСТЕМА, ТРАДИЦИОННЫЙ ИСЛАМ И ГОСУДАРСТВО, МЕЧЕТИ-МЕДРЕСЕ

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.41.45

<https://orcid.org/0009-0007-6122-6192>
e-mail: nauryzbaiutpenov@gmail.com

ИСЛАМДАҒЫ «ДАҒУАТ» ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Өтпенов Наурызбай Тағанұлы

PhD доктор,

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

Алматы қ., Қазақстан

الدعوة في الإسلام وأساليبها

أوتبينوف نوريزباي تاغان أولي

الدكتور في علوم الفلسفة والعلوم الإسلامية

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك،

كازاخستان، ألماتي

«DA'WAH» IN ISLAM AND ITS METHODS

Utpenov Nauryzbai Taganuly

Doctor of Philosophical Sciences,

Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak,

Almaty, Kazakhstan

«ДААВАТ» В ИСЛАМЕ И ЕГО МЕТОДЫ

Утпенов Наурызбай Тағанұлы

PhD доктор,

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,

Алматы, Казахстан

Аңдатпа: Исламда дағуат құбылысы негізінен әдіс-тәсілдермен анықталады. «Әдіс» – бір мақсатқа немесе белгілі бір нәтижеге жету, бір үдерсті, бір істі, бір шараны соңына жеткізу, бір жұмысты атқару, бір істі аяқтау үшін саналы түрде ақылға сай жүгінетін жол деген сөз. Дін насихатында адам мен қоғамға оң ықпал ету үшін үйрету мен тәблиғ ісін жоспарлы әрі белгілі бір әдіс-тәсілдерге сүйене отырып жүргізген абзал. Сондықтан бұл мақалада дін насихатына қатысты әдіс-тәсілдердің маңызы

Құран аяттарымен, Пайғамбар (с.а.с.) хадистерімен және ғалымдардың сөздерімен дәйектеліп түсіндіріледі. Бүгінгі күн жағдайына, әлеуметтік ортаның ерекшелігіне, тыңдаушының іс-әрекетіне мұқият қарай отырып жүйелі, жоғары деңгейлі әрі саналы дағуат әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігі жан-жақты баяндалады.

Дінді насихаттау ісінде тыңдаушыға сіңірілуі тиіс тақырыпқа сай насихат пен оқу әдістері, ұстанымдар мен тәсілдер, жұмсақ сөйлеу арқылы тыңдаушының деңгейіне сай дінді сатылап жеткізудің маңызы түсіндіріледі.

Түйін сөздер: дағуат, насихат, әдіс-тәсілдер, хикмет, құқық.

الملخص: الدعوة في الإسلام تحددها الأساليب. «الطريقة» تستخدم بوعي وعقلانية لتحقيق هدف أو نتيجة معينة، لإنجاز هدف ما أو تحقيق نتيجة ما، أو إجراء حتى النهاية، للقيام بعمل، أو إنهاء عمل. لكي يكون هناك تأثير إيجابي على الناس والمجتمع في الدعاية الدينية، فمن الأفضل أن يتم التدريس والوعظ وفق أسلوب مخطط ومحدد.

وفي هذا المقال يتم توضيح أهمية الأساليب المتعلقة بالدعاية الدينية وفقاً للآية القرآنية والأحاديث النبوية وكلام أهل العلم. تم وصف ظروف اليوم، وملامح البيئة الاجتماعية، والحاجة إلى استخدام أساليب الدعوة المنهجية الواعية عالية المستوى، مع الاهتمام الدقيق بأفعال المستمع بالتفصيل.

الكلمات المفتاحية: الدعوة، الوعظ، الطريقة، الحكمة، القانون

Abstract: In Islam, the phenomenon of da'wah is mainly determined by methods. «Method» is a way that is consciously used to achieve a goal or a certain result, to bring a process, a job, a measure to the end, to do a job, to finish a job. In order to have a positive influence on people and society in religious propaganda, it is better to carry out teaching and preaching based on a planned and certain method. Therefore, in this article, the importance of the methods related to religious propaganda is explained consistently with the verses of the Qur'an, the hadiths of the Prophet (Peace be upon him) and the words of scholars. Today's conditions, features of the social environment, the need to use methods systematic, high-level and conscious da'wah, paying careful attention to the listener's actions, are described in details.

Keywords: Da'wat, exhortation, method, wisdom, law

Аннотация: В исламе явление призыва в основном определяется методами. В данном случае метод – это способ, который сознательно используется для достижения цели или определенного результата, доведения процесса, дела, мероприятия до конца, выполнения работы и завершения дела. Для оказания положительного влияния на людей и общество в религиозной пропаганде, лучше осуществлять обучение и проповедь по плановому и определенному методу. Поэтому в этой статье важность методов, связанных с религиозной пропагандой, объясняется последовательно аятами Корана, хадисами Пророка (мир ему и благословение Аллаха) и доводами ученых. Подробно описаны современные условия, особенности социальной среды, необходимость использования методов систематического, высокого уровня и осознанного призыва, внимательного внимания к действиям слушателей.

В работе религиозной пропаганды разъясняется важность методов, принципов и подходов пропаганды и обучения где используется мягкость в соответствии с уровнем слушателей.

Ключевые слова: Даават, увещевание, метод, мудрость, закон.

КІРІСПЕ

Ислам дағуатының өзге исламтану ғылым салалары секілді әдіс-тәсілдері бар. Бұл әдіс-тәсілдерді ғалымдар Құран Кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сүннетіне сүйене отырып реттеп, жүйелеп шыққан. Қазіргі заманда адамдарды исламға шақыруда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануда ислам дінінің басты қағидаттарына, ұстанымдарына қарсы келмейтін әдістерді пайдалану маңызды. Ислам дағуаты ғалымдар көрсеткен исламның басты ұсқанымдарымен үйлесімде болуы тиіс.

Тақырыпты талдауды дәйектеу

Елімізде ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбардың ғұмырнамасы (сияр), халифалар дәуіріндегі исламның таралуы секілді тақырыптарда еңбектер мен аудармалар, зерттеу, монографиялар жарық көргенімен, ислам дағуаты, тарихи кезеңдері, қазіргі таңдағы қоғамдық санаға ықпал ету тетіктері мен ұстанымдарының теориялық және методологиялық аспектілері, әдіс-тәсілдері ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу нысанына айналған жоқ. Сондықтан бұл мақалада Құран мен сүннетке негізделе отырып, ислам тарихындағы кезеңдерде қолданылған дағуат әдістері жайлы зерттеу жүргізіледі.

Ұсынылып отырған мақаланың **мақсаты** – исламдағы дағуаттың мәні мен мазмұнын, тарихи даму барысындағы қолданылған әдіс-тәсілдерін салыстыра отырып, дінді сатылап түсіндіру, қиссалар мен сұрақ қою, сүйіншілеу мен қорқыту сынды әдістермен таныстыру.

Осы мақсатқа жету жолында келесі **міндеттер** қойылды: Құран мен хадистегі дағуатқа қатысты мәтіндерді талдау, дін насихатындағы әдістердің заманымызға

тиімділігін анықтап, дағуат құбылысының ислами шеңбер аясында қолданбалы әдіс-тәсілдерінің қазақ діни тәжірибесіндегі орнына талдау.

Зерттеу нысаны. Ислам дағуатындағы дін насихатының әдіс-тәсілдері.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаламызда қазіргі заманғы исламдық дағуаттың мазмұны мен формаларына, әдіс-тәсілдеріне зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесінің мәнді болуы үшін тарихи және этимологиялық зерттеу әдістерін қолдану арқылы қазіргі таңдағы дағуат жасаудың әдісі анықталды. Осы мақсатта ғалымдардың пікірлері, сипаттамалары, салыстырулары қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Көзделген мақсат тұрғысынан адам мен қоғамға оң ықпал ету үшін үйрету мен тәблиғ ісін жоспарлы әрі белгілі бір әдіс-тәсілдерге сүйене отырып жүргізген абзал. Тәблиғ ісінде тыңдаушыға сіңірілуі тиіс тақырыпқа сай тәблиғ пен оқу әдістері, ұстанымдар мен тәсілдер үйлесім тапса, қажетінше әрі жеткілікті түрде қолданылса, сол кезде оң нәтиже күтуге болады. Бүгінгі күн жағдайына, әлеуметтік орта ерекшелігіне, тыңдаушы іс-әрекетіне мұқият қарай отырып, жүйелі, жоғары деңгейлі әрі саналы дағуат әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігін білдірген.

Дағуатшы исламға шақыру әдебіне қатысты үкімдерді жақсы білуі тиіс. Эмоцияға беріліп, дағуатты жүргізбек болған жан артық қыламын деп тыртық қылуы бек мүмкін. Адамды исламға жақындатамын деп жүріп, керісінше алыстатып алуы ғажап емес. Мұндай келеңсіздікке

себеп болмас үшін дағуат жүргізетін мұсылман исламдық негізгі еңбектерден суындап, өзін жетілдіруі тиіс.

Жұмсақ сөйлеу, дәрекі болмау. Құранда Алла былай деген: «Сол кезде Алладан бір рақым ретінде оларға жұмсақ қарадың. Егер сен дәрекі, қатал жүректі болғаныңда бәрі маңайыңнан тарқап кетер еді. Ендеше, оларды кешір, жарылқау тіле! (Көпшілікке қатысты) істерде олармен ақылдас. Ал шешім қабылдаған болсаң, Аллаға арқа сүйеп сенім арт. Өйткені Алла өзіне тәуекел етушілерді жақсы көреді» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 159). Адамдардың ақылы мен жүрегіне үн қату үшін жұмсақ сөзді болу қажеттігін Алла Құран Кәрімде білдіруде.

Дағуаттағы бір ерекшелік – сұрақ арқылы жеткізу. Құран Кәрімде қолданылған әдістердің тағы бірі сұрақ қойып, тыңдаушының көңілін аудару әрі қызығушылық тудыруда. Адамдар өзі қызыққан тақырыптарды тең меңгереді. Қызығушылық үйренуді жеңілдетеді. Алла пенделеріндегі осы қызығушылықты дінді үйретуде қолдануда.

Сатылап түсіндіру. Құран Кәрім бір мезетте бірден түспей, жиырма үш жыл бойы сатылай түскен. Түскен аяттарды түсініп, қорытып, жүзеге асыруға мүмкіндік берген. Егер талаптар сатылап келмегенде, мәліметтер орнықты сіңбес еді. Алла Құран Кәрімде аяттарды адамдар түсінетіндей деңгейде түсіндірген. Жұмақтың қандай екендігін шөлде өскендер түсіне алатындай тілмен түсіндірген.

Құран Кәрім адамды сүйіншілеу мен қорқыту арқылы дінге шақырған. «Өзінен бұрын әрі кейін ескертулер келген Ад қауымының бауыры (һудты) есіңе ал. Ахқаф қауымына: «Алладан басқаға

кұлшылық жасамаңдар. Мен сендер ұлы күннің азабына ұшырай ма деп қорқамын», – деп ескерткен болатын» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 21). Хазірет Пайғамбарға (с.а.с.) түскен алғашқы аяттардан кейін исламды жеткізу аяттарының сүйіншілеу және қорқыту туралы мәнді қамтығаны нақты.

Дін мен құлшылық еркіндігі мәселесінде мұсылман фақиһтар Құран настанынан Мұхаммед пайғамбардың сөз бен іс-әрекеттерден және сахабаның тәжірибесін негізге ала отырып, мына қағиданы анықтаған: «Оларды (өзге дін өкілдері) дін деп ұстанғандарымен әрі жеке бас жағдайларымен оңаша қалдыру бізге міндеттелді» (Onkal, 1994: 53). Тарих бойы ислам жорықшылары мен басшылар «Дінде күштеу жоқ» аятына сүйене отырып, ешкімді исламды қабылдауға мәжбүрлемеген. Қандай ұлт кездессе де, осы аяттың үкімін сақтауға тырысқан. Дегенмен исламдағы осы сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы жеңіл әрі қарапайым ретінде әр ұлттың назарын аударған. Осы тартымдылығы үшін араб түбегінен басталған ислам аз уақытта әлемнің көптеген аймағына тараған.

Негізгі бөлім

Ислам дағуат құбылысы негізінен методтармен анықталады. «Метод» сөзі *әдіс, жол, тәсіл, пішін, жүйе* секілді мағыналарға келуде. Оқу тәрбие ұғымы ретінде «метод» – бір мақсатқа немесе белгілі бір нәтижеге жету, бір процесті, бір істі, бір шараны соңына жеткізу, бір түйткілді мәселені шешу, бір жұмысты атқару, бір істі аяқтау үшін саналы түрде ақылға сай жүгінетін жол, әдіс, бір нәрсені белгілі бір ретпен, жүйемен айту, тәсіл деген сөз (Alaylioglu, 1976: 240)

Дінді жеткізу ісіндегі әдістің маңызына келер болсақ, кез келген дін не доктрина, жүйе қаншалықты терең не ұлы ақиқаттарды қамтыса да, оны тиісінше таныта алмаса, ешқандай ықпал жасай алмайды. Ағылшын ойшылы Бэкон: «Жолынан адасқан желаяққа қарағанда дұрыс жолмен кетіп бара жатқан ақсақ межеге бұрынырақ жетеді», – деу арқылы мақсатқа жеңіл әрі төте жолмен жетуде маңызды рөл ойнайтын әдістің маңызына ишара жасауда (Muhir, 1969: 162). Әдіс жұмыстарды жүйелеп, реттестірумен қатар оның байыптылығын арттырып, мақсатқа жетуде жеңілдік тудырады. Көзделген мақсат тұрғысынан адам мен қоғамға оң ықпал ету үшін үйрету мен тәблиғ ісін жоспарлы әрі белгілі бір әдіс-тәсілдерге сүйене отырып жүргізген абзал. Тәблиғ ісінде тыңдаушыға сіңірілуі тиіс тақырыпқа сай тәблиғ пен оқу әдістері, ұстанымдар мен тәсілдер үйлесім тапса, қажетінше әрі жеткілікті түрде қолданылса, сол кезде оң нәтиже күтуге болады. Қолданылған әдіс тыңдаушының қызығушылығын оята алса, олардың санасын сергек етіп, денесін де ширақ ұстаса, онда ол тәсілдің жақсы болғаны.

Адамдарға тура жолды көрсету үшін түскен соңғы хақ діннің кітабы Құран Кәрімде адамдарды дінге шақырудың өзіндік әдіс-тәсілдері келтірілген. Құран Кәрімде Алла хазірет пайғамбардан (с.а.с.) адамдарға исламды жеткізгенде «жақсы насихатпен» шақыруды қалаған. Фахруддин Рази «Олармен ең жақсы түрде күрес» деген аятты сол күннің жағдайы, әлеуметтік ортаның ерекшелігі, тыңдаушының іс-әрекетіне мұқият қарай отырып жүйелі, жоғары деңгейде әрі саналы түрде жасау керектігін білдірген (1997: 374, *فخر الدين الرازي*).

Құрандағы аяттардан тәлім алған Мұхаммед пайғамбар исламға жұртты шақыру кезінде өмір сүру салты, іс-әрекеттері және сөздерімен өзіне сай келетін әдістер мен құралдарға жүгінген, дінге шақыру үшін сахабаларын жан-жаққа жолдаған уақытта да оларға өзі үлгі болып, кеңесін берген. «Жеңілдетіндер, ауыратпандар! Сүйіншілендер, жек көрінішті етпендер!», «Адамдармен (сөйлескендер) ақыл-ой деңгейлеріне қараңдар», – деп бұйыру арқылы қазіргі адамдар өте қатты қажетсінетін дінді насихаттаудағы әдепті көрсеткен.

Дағуатшы дінді айтпай тұрып әуелі рухани тұрғыдан, тән және ғылыми жақтан өзін дағуатқа дайындауы тиіс. Өйткені дағуат – атқарылуы тиіс өте ауыр әрі машақатты міндет (Onkal, 1994: 29). Бұл міндет үлкен жанқиярлыққа баруды талап етеді. Бұған қоса, тыңдаушы исламды дұрыс түсініп, талаптарын дұрыс орындауы тиіс. Өзінде жоқты адам басқаға бере алмасы белгілі. Өзі сенбеген ақиқатқа шақыру да мүмкін емес. Исламның үкімдері мен тәлімін тиісінше меңгермеген жан немесе оған атүсті қарайтын мұсылманның дағуаттан жақсы нәтиже күте алмасы анық [Buti, 1995: 15]. Дағуатшы исламға шақыру әдебіне қатысты үкімдерді жақсы білу тиіс. Эмоцияға беріліп, дағуатты жүргізбек болған жан артық қыламын деп тыртық қылуы бек мүмкін. Адамдарды исламға жақындатамын деп жүріп керісінше алыстатып алуы ғажап емес. Мұндай келеңсіздікке себеп болмас үшін дағуат жүргізетін мұсылманның исламдық негізгі еңбектерден сусындап, өзін жетілдіруі тиіс.

Дағуат «хикмет» және «жақсы насихатпен» жасалуы тиіс. Алла «Адамдарды раббыңның жолына хикмет және жақ-

сы насихатпен шақыр, олармен ең жақсы әдіспен пікірталас», – деп бұйырған (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 125). Ендеше, исламды насихаттап жеткізгісі келген адам мына екі жағдайды назарда ұстауы қажет: хикмет және жақсы насихат.

Хикмет – Құран мен сүннетті меңгеру»; «Пайдалы ілім мен ізгі істер жасау»; «Жаратылыстың түпкі сырлары мен астарлы ақиқатын ұғыну»; «Астамдыққа я нұқсандыққа бармай, орта жолды ұстана білу»; «Алланың көркем есімдерінің мәнін түсіну»; «Ғаламды дұрыс зерделей білу»; «Ілім мен амалды қатар алып жүру»; «Жақсылықты насихаттау, теріс жолға қадам баспау», «Адам, ғалам және Құран арасындағы байланысты түсіне білу», т.б. Бұл түсініктерден хәкім адамның тек сөз жүзінде ғана біліп қоймай, білгенін істеуге жанын салатынын, тек пайдалы іліммен шұғылданып, ізгі істер жасайтынын, Жаратушыны тануға, ғаламдағы жаратылыс сырларын білуге ынтығып, Құранды дұрыс ұғып, сүннетті толық ұстанатынын, әр құбылыстың астарындағы құдірет сырды көре білетін ерекше сұңғыла жан екендігін байқаймыз. Демек, көп оқыған адам ғалым болғанмен, жүрегіне Алла хикмет қондырмаса, хәкім болу бұйыра бермейтіндігі өздігінен аңғарылған-дай. Құранда: «Алла кімге қаласа, хикметті соған береді. Ал кімге хикмет берілсе, оған көп игіліктің қоса берілгені» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 269), – деп ескертілген.

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса?! – деп Абай атамыз айтпақшы, хәкім адам әрдайым терең ойда жүреді, еш нәрсеге үстірт қарамайды, өмірден тиянақ іздейді, шын

ақиқатты тани біледі. Осы себепті ғалымдар: «Хикметтің басын ғалам жайлы терең ойларға бару, ортасын дінге толық мойынсұну, соңын мәңгілік бақыт табу құрайды», – деген. Құранда Лұқпанға шүкір етсін деп хикмет берілгендігі айтылады. Демек, Алла тағаланың нәсіп еткен әр жақсылығына шүкір ете білу де хикметті іске жатпақ (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 125).

Адамның жаратылысында мейірімділік-ке, жылы жүзділікке, толеранттылыққа, кісінің кемшілігіне қарамайтын адамды жақсы көру, соған тартылу бар. Бұған қоса, өздеріне қайтарымызсыз беретін, қайғы-мұңдарына көңіл бөлетін, мейірімді, жанашыр, жүрегінде махаббаты бар, кең пейілді жанды адамдар әрдайым қажетсінеді. Міне, расулалланың жүрегі осындай болған, жұрттың арасында осылай өмір сүрген. Бір рет болса да өзі үшін ашуланбады, баршаға жақсылық, мейірім және сүйіспеншілік көрсете білді. Осы себепті ислам әлем тарихында тез тараған дінге айналды. Сондықтан жұмсақ сөзді болуды, дөрекі болмауды Құранда Алла былай білдірген: «Сол кезде Алладан бір рақым ретінде оларға жұмсақ қарадың. Егер сен дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, бәрі маңайыңнан тарқап кетер еді. Ендеше, оларды кешір, жарылқау тіле! (Көпшілікке қатысты) істерде олармен ақылдас. Ал шешім қабылдаған болсаң, Аллаға арқа сүйеп, сенім арт. Өйткені Алла өзіне тәуекел етушілерді жақсы көреді» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 159). Адамдардың ақылы мен жүрегіне үн қату үшін жұмсақ сөзді болу қажеттігін Алла Құран Кәрімде білдіруде.

Сондай-ақ дағуатта қиссаларды қолдану. Құран Кәрімде адамдарға тура жол туралы айтылғанда **қиссалар** кел-

тірілген. Ой орнықты болып, айтылған жайттарды жақсы түсіну үшін бұрынғы өткен адамдардың да ұқсас оқиғаларға тап болғаны, солардан ғибрат алу әрі соған қарай жол анықтау үшін қиссалар жиі қолданылған әдістерге жатады. Фарид ад-дин Аттардың «Бұлбұлнамасы» діни-сопылық мазмұндағы мысалдар мен тұспал әңгімелерден құралған. «Бабалар сөзі» жүз томдығының 11-16 томдарындағы «Қазақтың діни дастандары» жинағында «Мұхаммед пайғамбар», «Қисса Мансұр әл-Халаж», «Қисса уақиға Кербала», «Қисса хазіреті Айшаның тұхматы», «Қисса ан хазірет Расулдың миғражға қонақ болғаны», «Қисса Барсиса» секілді көптеген діни дастандар қамтылған. Бұл дастандарда ислам тарихындағы маңызды тұлғалар, айтулы оқиғалар көркем тілмен жырланады әрі жырлаушы мен тыңдаушы халықтың діни көзқарастары, дүниетанымы бейнеленеді. Қазақ халқының көркем танымындағы ислам дінінің орны мен мән-маңызы ғасырлар бойы осы діни дастандар арқылы көрініс тауып келген. Діни дастандар – әдеби тілдегі дін кітаптары. «Әдеби жәдігерліктер» сериясымен жарияланған жинақтың 5-томында түркі сопылық тариқатының негізін салушы Қожа Ахмет Йассауидің сопылық жолдың әдебімен, рухани сатыларымен таныстыратын «Диуани хикмет» атты туындысы берілген (Әбдірәсілқызы, 2019). Міне, дінді қабылдауда тұлғалардың өмірі мен оқиғалардың, қиссалардың орны ерекше.

Сұрақ. Құран Кәрімде қолданылған әдістердің тағы бірі сұрақ қойып, тыңдаушының көңілін аудару әрі қызығушылық тудыруда. Адамдар өзі қызыққан тақырыптарды тең меңгереді. Қызығушылық үйренуді жеңілдетеді. Алла пенделерін-

дегі осы қызығушылықты дінді үйретуде қолдануда.

Мейірім. Құран Кәрімнің тәрбие әдістерінің тағы бірі – адамның дінді мейірім арқылы жеткізуі. Осы себепті бәрінен бұрын адамда мейірімділік сезімі болуы тиіс. Мейірбандығы жоқ адам өзгеге жақсылық тілемейді. Алла Құранда мейірімді көптеген жерде атап кеткен. Алла Құранда «мейірімділердің ең мейірімдісі» ретінде өзін танытқан.

Құран Кәрім адамдарды сақтандырып, оларға сүйіншілеу мен қорқыту арқылы дінге шақырған. Хазірет Пайғамбарға (с.а.с.) түскен алғашқы аяттардан кейін исламды жеткізу аяттарының сүйіншілеу және қорқыту туралы мәнді қамтуы назар аударарлық.

Ислам дағуатында қорқыту мен сүйіншілеу әдісіне осыншалықты салмақ беруін ғалымдар екі негізбен түсіндірген. Олардың бірі – қорқудың адамды қимылға итермелеуіндегі рөлінің анағұрлым көбірек екендігі. Фахруддин Разидың айтуынша, бір істі жасатуда не одан бас тартқытуда сүйіншілеуден гөрі ескерту мен қорқытудың ықпалы анағұрлым басым. Өйткені адам пайданы көздегеннен гөрі зиянның алдын алуға әрекеттенеді (1997: 42, *فخر الدين الرازي*). Исламға дейін араб қоғамының басым көпшілігі сенім, сана және іс-әрекет тұрғысынан кенжелеп қалған болатын. Осы себепті алғашқы жылдарынан бастап исламға табанды түрде қарсылық танытты. Жүректері тас болып қатқан адамдардың сана-сына сілкініс әкелу үшін оларға ескерту ең тиімді әдіс болып табылған (Hokelekli, 1987: 1741). Ескерту, қорқытумен (инзар) қатар сүйіншілеу (табшир) Құран Кәрімде қолданылған әдістерге жатады.

Құран Кәрімде дағуаттың «хауф

және рәжа» (үміт пен үрей) арасында болуы мұрат етілген. Себебі екеуі әсіресі адам үшін зиянды әрі күткен нәтижеге қол жеткізбейді. Бәрінен қатты қорқатын адам жасаған ісін ұнатпайды, істеген ісінен ләззат алмайды. Тек қорқынышқа берілген мұсылманның құлшылығы ауырлық әкеледі. Сүйіспеншілік дініне сүйіспеншілік таныта алмайды. Ал тек үмітке қатты сенім артқан мұсылманда барлық ісінде босаңсу байқалады. Жұмаққа міндетті түрде кірем деп ойлағандықтан, құлшы-лығына ынта танытпайды. Екі жағдай да мұсылман үшін қауіпті. Адамдар бұндай қателікке бой алдырмауы үшін Алла пайғамбарларды сүйіншілеуші әрі ескертуші ретінде жіберген. Байқалғандай, Құран Кәрім жүзеге асырған әрі хазірет пайғамбарға ұсынған әдістер арқылы түсе бастаған кезеңде адамдарды қараңғылықтан жарыққа шығарған. Пенделерін жақсы білгендіктен Жаратушы ие олардың қалай тез ұғатындығын, жағдаяттарға қандай реакция танытатындығын, Құран мазмұнын жеткізгенде адамдарға лайықты тәсілдер тандаған. Хазірет пайғамбарға өзіне тоң-торыс адамдарға қалай жақындау керектігін білдірген. Осы себепті дін насихатшылары Жаратушы иенің пайғамбарға Құран арқылы үйреткен әдіс-тәсілдерін өз жұмыстарында басшылыққа алуы тиіс. Дінді тек тілмен емес, үлгілі іс-әрекет арқылы да қуаттап жақсы жеткізе білуі керек.

Осы тұста дін және құлшылық еркіндігі мәселесіне тоқтала кеткен орынды. Алла адамдарды Алланың дініне шақырудың мұсылманға міндет етумен қатар, оларды сенуге мәжбүрлеуге тыйым салған. Әрбір адамға наным-сенім еркіндігі берілген. Ислам дініне шақыру болса да күштеуге не мәжбүрлеуге тыйым са-

лынған (Nasafi, 1993: 133). Ислам діні адамдардың саналы түрде діни сенімін таңдауы үшін олардың наным-сенім еркіндігіне кепілдік беріп, сенім негізін күштеуге емес ойлауға, ізденіске негіздеген. Осы себепті ислам адам жүрегін баурау үшін күштеуге бармастан, адамның ақыл-ойы мен көңіліне тіл қатады (Ahmed, 1988: 97). Бұл тақырыпта Алла тағала былай деген: «Дінде күштеу жоқ. Ендігі жерде туралық пен бұрыстық бір-бірінен ажыратылған» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 256). Бұл аяттың тәпсірі жайында Қаффал (қ.ж. 365/975) былай дейді: «Алла тағала тәухидтың дәлелдерін ашық, айқын, бұлтартпас дәлелдермен жеткізгеннен кейін күпірлігін жалғастыру үшін кәпірге ешқандай сылтау қалдырмаған. Неге десеңіз, адамдарды қинап дінге кіргізуге сынақ мекені саналатын бұл дүниеде орын жоқ. Өйткені дінге күштеу сынақ пен сынаудың мәнін жояды» (14 (الرازي اللغوي)). «Егер раббым қаласа, жер бетіндегі адамдардың барлығы жалпы күйде иман ететін еді. Жағдай осылай болғандықтан барлығы мұмин болсын қинамақсың ба?» (Анарбаев, Әкімханов, 2015: 99). Бұл аят мынаны көрсетуде: Алла баршаның иман етуін қаламаған, сондықтан қинау әрекеті бекершілік. Егер Алла қаласа, барлық адамды біркелкі жаратар еді. Алайда Алла адамдарға ақыл мен жауапкершілік беріп, оларға өз жолын таңдауға ерік берген. Тек оған жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата алатындай білім мен мүмкіндік берген жөн. Осы себепті ислам тарихында дін бастапқы кезден бастап білім мен тәрбиені негізге алған (Beuza, 1988: 11). «Былай де: Ол (Құран) – раббыларыңнан жеткен ақиқат. Ендігі жерде қалаған иман етсін, қалаған мойындама-

сын» деген «Кәһф» сүресінің 29-аяты адамдарға сеніп-сенбеу мәселесінде таңдау еркін берген. Алайда сенуші мен сенбеуші ешқашан бір емес, біреуі – жұмақтық, екіншісі – тозақтық. Тек дін еркіндігі тұрғысынан сенуші мен сенбеуші дүние тіршілігінде бірдей құқықтарға ие». «(Ей, Мұхаммед) Біз сені оларға өкіл ретінде жібермедік» деген «Исра» сүресінің 54-аятын Байдауи (қ.ж. 685\1288) «Біз кәпірлерді иманға күштеу ісін саған тапсырмадық» деп тәпсірлеп, Мұхаммед пайғамбардың да иманға күштеуге құзыретті еместігін білдірген (Baydavi, 574). Ислам адамдарға тек қалаған дініне сену еркіндігін ғана беріп қоймай, олардың құлшылық жасауға деген қасиетті құқы барын да білдірген. Олардың бұл құқына қол сұғу әрі жеке адамның табиғи құқы болып саналған құлшылық еркіндігін тежеу наным-сенім мен ар-ождан еркіндігін шектеу ретінде бағаланған. Жүректегі иман секілді ғибадатханадағы құлшылық, дұға мен мінежат та заң мен қарар мәселесі емес, олай болуы мүмкін де емес. Заңдар мен үкімдер ғибадатхана ішіне жүрмейді. Неге десеңіз, заңның мақсаты мен үкім болуының мәнісі еркіндіктерді шектеу емес, жамандық пен моральға сыймайтын істерге жол бермеу (Ali Fuad, 1991: 118-119).

Адам құқықтарының бірі – дәстүрлі діннің сенім мен парызын басқаларға үйрету, оқыту, жаю, уағыздау және осының арқасында олардың надандықтан құтқару. Барлық дінде, әсіресе исламда дінді жаю Алла есебінде ең қабыл болатын ізгі істердің қатарында саналады (Ali Fuad, 1991: 121). «Дінде күштеу жоқ» аяты түрлі дін иелерінің әрбірі өзгелерді бірбеткейлікпен сенімге күштемей, қабылдауға

мәжбүрлемей, алайда даналықпен әрі уағыз насихатпен дінге шақыруға кедергі келтірмейді (Muhammed, 79). Өйткені дін білім, үйрету мен тарату арқылы сақталады.

Еуропада XVII ғасырда философиялық жүйе ретінде пайда болған «зайырлылық» ұстанымы әрі соның нәтижесінде қалыптасқан «наным-сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы мұсылман елдерінде одан бұрын да тәжірибеде қолданылып келген (16, 2005: 111). Осы себепті наным-сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы Еуропа елдерінде пайда болғанға дейін ислам мәдениетінде кең қолданыста болғанын нық айта аламыз. Исламның адамзатқа дәріптеген наным-сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы, өкінішке қарай, өзге діндерде көп кездеспеген. Испаниядағы инквизиция соттары, шығыста крест жорықтары кезінде пайда болған қылмыстар тарих кітаптарына қара таңба болып басылған жағдайда батыстықтардың дін еркіндігі дегені формализмнен ары аспаған. Коммунист мемлекеттерде де жағдай батыстықтан өзгеше кейіпте болмаған. Сеніміне бола мұсылмандар жалпылама қуғындалған. Америка мен Оңтүстік Африкада қара нәсілділердің тек нәсіліне бола геноцидке ұшырағаны, атом мен су тегі бомбаларынан жойылғаны, Боснияда, Шешенстанда және әлемнің басқа да көптеген жерлерінде адамдардың тек сеніміне бола зұлымдыққа ұшырауы исламдағы наным-сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығына адамзаттың қаншалықты мұқтаждығын байқатуда. Ислам билігіне қарасты зыммилердің (өзге діндегі азшылықтардың) сенім мен құлшылық еркіндігі олардың ислам дініне құрметсіздік білдірмеу шартымен байланысты. Өзге

дін өкілдері өздерімен арадағы келісімді сақтауы, өз діндері бойынша құқық-бұзушылық болғанда берілетін үкімге бойсұну, ислам дініне тиісті құрмет көрсетуге міндетті болумен қатар исламға, мұсылмандарға қарсы, мұсылман қоғамның бірлігін бұзатын әрекеттерге бармауға міндеттелген (Besir, 1988: 287).

Дін мен құлшылық еркіндігі мәселесінде мұсылман фақиһтар Құран настанынан Мұхаммед пайғамбардың сөз бен іс-әрекеттерден және сахабаның тәжірибесін негізге ала отырып, мына қағиданы анықтаған: «Оларды (өзге дін өкілдері) дін деп ұстанғандарымен әрі жеке бас жағдайларымен оңаша қалдыру бізге міндеттелді» (Muhammed, 53). Исламдағы мемлекет түсінігі адамдарды күшпен қандай да бір идеологияны қабылдану секілді империалистік мақсатқа сүйенбейді. Оның мақсаты – екі дүние бақыты үшін жіберілген Алланың жүйесімен бүкіл адамзаттың танысуын қамтамасыз ету. Ислам жеткен соң оны қабылдау я қабылдамау әр адамның өз еркіне тиесілі болады. Қаласа мұсылмандыққа өтеді, қаламаса, өзінің бұрынғы сенімінде қала береді.

Сонымен, Құран мен сүннетке тән дағуат (دعوة) жүргізудің өзіндік ерекшелігі мына аятта қамтылғанын айтуға болады. «(Әй, Мұхаммед) Сен раббыңның жолына хикмет және жақсы насихатпен шақыр және олармен ең жақсы түрде пікірталас» (Нахыл сүресі, 125 аят). «Жұмсақ сөз», дөрекі болмау (Исра, 17/53.); Қисса; Сұрақ арқылы тыңдаушының көңілін аудару; (Қариа, 101/1-4.); Құран Кәрім бір мезетте бірден түспей, жиырма үш жыл бойы сатылай түскен; Алла Құран Кәрімде аяттарды адамдар түсінетіндей деңгейде түсіндірген; «мей-

ірім»; адамдарды сақтандыру, ескерту, қорқыту; «хауф және рәжа» الْخَوْفُ وَالرَّجَاءُ (үміт пен үрей) арасында болу.

Мұхаммед пайғамбар дінге шақыруды өзінің жақын туыстарынан бастаған. Әрдайым сүйіншілеуші әрі жеңілдетуші болған. Адамдарға үміт пен қуанышты хабар жеткізген. Жақсы істер көрсе, мақтап, ынталандырып отырған.

му'тазилитов о том, что: «Любое благо, дарованное верующим, даровано и заблудшим, и тем, на кого пал гнев Аллаха» (Ал-Матуриди М., 2005:354-365). Му'тазилиты, исходя из концепции «خلق الأصلح» («сотворения наилучшего») для человека, заявили: «Ведь лучшим благом от Аллаха для любого человека является разъяснение религии и пути, ведущего к Его довольству». Ал-Матуриди опровергает тезис му'тазилитов довольно просто, он делает заключение: «Эта милость была дарована всем неверующим. Му'тазилитское понимание делает бессмысленным исключение (посредством слова «غير» кроме/не – А.Р.)» (Ал-Матуриди М., 2005: 354-365).

Таким образом, Абу Мансур ал-Матуриди в рамках толкования суры ал-Фатиха затрагивает проблемы, которые на его взгляд являлись актуальными для своих современников. Особое внимание он уделяет критике му'тазилитских воззрений. Подобная позиция ясна если учесть, что му'тазилитские воззрения на своем начальном этапе были довольно популярны на территории Мавераннахра и, особенно, в Хорезме. На это указывает ответ ал-Касима ибн ал-Хусейна ал-Хорезми на вопрос Йакута ал-Хамави о его мазхабе: «Я ханафит, но не хорезмиец, не хорезмиец» (Хамави Йа., 1993:192).

Таким образом, анализ структуры и содержания «Та'вилат ахл ас-сунна» Абу Мансура ал-Матуриди указывает на то, что данный богословский труд по своей значимости не уступает известному толкованию его современника Абу Джа'фара ибн Джарира ат-Табари «Джами' ал-байан 'ан айи ал-Кур'ан». Аналогичное заключение можно обнаружить и в исследовании Walid A. Saleh «Rereading

al-Tabari through al-Maturidi: New light on the third century hijri» (Walid A. Saleh., 2016: 185). Следует признать, что долгое время данный труд оставался малоизвестным в исламском мире, так же, как и личность самого ал-Матуриди. Это может показаться странным, особенно если учесть активные путешествия имама ал-Бухари в поиске хадисов Пророка Мухаммада (с.а.с.). Факт малой известности ал-Матуриди может быть связан и с личностью самого богослова, если допустить, что он мог быть интровертом.

Автор произведения в своем тафсире комбинирует подходы богословов сторонников предания и сторонников рационального анализа, в этой связи ему можно охарактеризовать как смешанный вариант толкования, что представляет особый интерес. Хотя богослов в рамках токования и касается различных вопросов, в том числе связанных с языковыми особенностями и вариациями прочтения аятов, однако, основной акцент автора направлен на проблематику калама и фикха.

Раскрывая данную проблематику, автор придерживается классических взглядов, характерных для имама Абу Ханифы и его учеников. В то же время, автор показывает весь плюрализм богословских идей изучаемого периода. Следует отметить, что в вопросах калама, автор отдает предпочтение отказу от аллегорического толкования неоднозначных богословских текстов, хотя иногда и прибегает к иносказательному толкованию, оперируя выражением «يَحْتَمِلُ» («допустимо»), что указывает на начало распространения методологии «التأويل» в регионе.

На сегодняшний день уже были приняты попытки научного редактирования данного тафсира исследователями из арабских стран и Турции. Однако, несмотря на то, что для мусульман-ханафитов, населяющих территорию республик бывшего СССР, данное произведение является частью их богословской традиции и оно изучено слабо, ее исследование и перевод, введение в научный оборот представляются весьма актуальными.

References

1. Galli A. (1982). Some aspects of al-Maturidi's commentary on the Qur'an. Islamic Studies. Vol. 21, No. 1, pp. 3-21
2. Rofiq A.C. (2009). The methodology of al-Maturidi's Quranic exegesis: Study of Ta'wilat ahl al-Sunnah. - Al-Jami'ah, > Vol. 47, No. 2: 318-342.
3. Rudolph U. (2015). Al-Maturidi and the development of sunni theology in Samarqand. - Leiden: Brill, p. 372.
4. Walid A. Saleh. (2016). Rereading al-Tabari through al-Maturidi: New light on the third century hijri. Journal of Qur'anic Studies 18.2: 180–209.
5. Аз-Забиди М. (1993). Итхаф ас-садат ал-муттакина би шарх ихйа' 'улум ад-дин. – Бейрут: Му'ассасат ат-тарих ал-гарби, Т. 3, 688.
6. Ал-Баздави М. (2003). Усул ад-дин. – Каир: ал-Мактаба ал-азхарийа ли ат-турас, 271.
7. Ал-Кураши А. (1993). ал-Джавахир ал-муди'а фи табакат ал-ханафийа. – Дар ал-хиджра.
8. Ал-Матуриди М. (2005). Та'вилат ахл ас-сунна / ред. Басиллум М. – Бейрут: Дар ал-кутуб ал-'илмийа, Т. 1, 646.
9. Ал-Матуриди М. (2005). Та'вилат ал-Кур'ан / ред. Уналиоглы А., Топалоглу Б. –

Стамбул: Дар ал-мизан, Т. 1, 590.

10. Ал-Матуриди. (2004). Тафсир ал-Кур'ан ал-'азим ал-мусамма «Та'вилат ахл ас-сунна» / ред. Ал-Хайми Ф.Ю. – Бейрут: Рисала паблишерс, Т.1, 558 с.

11. Ан-Насафи М. (2011). Табсират ал-адилла фи усул ад-дин. – Каир: ал-Мактаба ал-азхарийа ил ат-турас, 1283.

12. Жусупов М. (2019). Матуридинин Тавилату-л-Куран аттуу эмгегинде колдонулган булактар. - Ош мамлекеттик университети Теология факультетинин илимий журналы 26-саны, б. 29-37.

13. Хамави Йа. (1993). Му'джам ал-удаба. / ред. Ихсан Аббас. – Бейрут: Дар ал-гарб ал-ислами, Т. 5, 466 с.

14. Челяби К. (1941). Кашф аз-зунун 'ан асами ал-кутуб ва ал-фунун. – Бейрут: Дар ихйа' ат-турас ал-'араби, Т.1, 555.

ТҮРКІЛІК ҒАЗНАУИ СҰЛТАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ ҒҰЛАМДАРДЫҢ (МӘМЛҮКТЕРДІҢ) ОРНЫ

Керім Шамшәдин Тұрсынұлы

Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Алматы қ., Қазақстан

دور الغلام (المماليك) في الخلق من السلطنة الغزوية التركية

شمس الدين كريم

الأستاذ الدكتور في فقه اللغة

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

ألماتي، كازاخستان

THE ROLE OF THE GHULAMS (MAMLUKS) IN THE CREATION OF THE TURKIC GHAZNAVID SULTANATE

Kerim Shamshadin

Professor, doctor of philology,
Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture,
Almaty, Kazakhstan

РОЛЬ ГУЛАМОВ (МАМЛЮКОВ) ПРИ ОБРАЗОВАНИИ ТЮРКСКОГО СУЛТАНАТА ГАЗНЕВИДОВ

Керим Шамшадин Турсунович

доктор филологических наук, профессор,
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Андатпа. Саманилер әулетінің билігі түркі ғұламдарды (мәмлүктерді) баста әскери салада пайдаланылған еріксіздер уақыт өте келе мемлекеттік құрылымның әлеуметтік-иерархиялық сатысында мәнді құбылысқа айналған. Орта ғасырлардағы ислам тарихында, халифаттың саяси өмірінде де сандаған ғасыр бойы ғұламдардың (мәмлүктер) институты өзіндік рөл атқарған. Зерттеудің мақсаты – жаңа дербес мемлекет құрып, қалыптастырудағы, ислам дініне дем беріп, қанатын жаюдағы елеулі фактор ғұламдардың саяси қызметін саралау.

Жұмыста Низам әл-Мүлік Әбу Әли әл-Хасана ибн Әли ибн Исақ әт-Тусидің (1018-1092) «Сиасатнамасындағы» тақырыпқа қатысты деректер аударылып беріліп, басқа мәліметтермен салыстырыла сараланады. Нысанаға байланысты араб, түркі, ағылшын, т.б. тілдердегі зерттеулер пайдаланылған. Мақалада орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларға, мәмлүктік құбылысты мысалмен дәйектеуге, өзіндік сыр-сипаты мен мән-маңызына үңіліп, анықтауға талпыныс жасалды. Жүйелі баяндау, жинақтау, салыстыру, түйіндеу әдістері қолданылды. Ғазнауи сұлтандығының дүниеге келіп, дамуындағы ерекше тұлғалар Алыптегін (963 ж.қ.б.), Сәбүктегін (997 ж.қ.б.), Махмұд Ғазнауиге (971-1030) тоқталып, сіңірген еңбектері бағамдалды. Зерттеу орта ғасырлардағы мәмлүктік құбылыстың тарих сахнасына шығуының алғышарттарын, бастау негіздерін анықтауға көмектеспек. Жұмыс түркілік ислам мемлекеттерінің құрылуына қатысты ғылыми ізденіс аясын кеңейтіп, осыған байланысты мәліметтерді жинап, талдаумен, ой түйіндеулерімен бағалы. Мақаланың шығыстану, орта ғасырлардағы Орта Азия мен Шығыс елдері тарихын, ислам тарихын зерттеуде, оқытуда теориялық-тәжірибелік тұрғыдан пайдасы тимек.

Түйін сөздер: ғұлам, мәмлүк, сұлтан, ислам, Ғазнауи.

المخلص: استخدمت قوة السلالة السامانية الغلام التركي (المماليك) عبيدا في المجال العسكري، لكن مع مرور الوقت أصبحوا ظاهرة مهمة على سلم التسلسل الهرمي الاجتماعي للحكم. وفي تاريخ الإسلام في العصور الوسطى وفي الحياة السياسية للخلافة، لعبت مؤسسة الغلام (المماليك) دوراً فريداً لعدة قرون. تهدف الدراسة إلى تسليط الضوء على النشاط السياسي للغلام باعتباره عاملاً هاماً في إنشاء دول مستقلة جديدة، ونشر أجنحة الإسلام.

يقدم العمل ترجمة ويقارن مع بيانات أخرى الحقائق المتعلقة بالموضوع في «سياسات نامة» لنظام الملك أبي علي الحسن بن علي بن إسحاق الطوسي (1018-1092). وقد استفاد البحث من اللغات العربية والتركية والإنجليزية وغيرها من اللغات المتعلقة بغرض العمل. ويحاول المقال استخدام مثال لتوصيف الأحداث التاريخية في العصور الوسطى، ومظهر الظاهرة المملوكية، للنظر في أسرارها وملاحها الخاصة، ومعناها، وتعريفها.

يستخدم المقال أساليب السرد المنهجي والتجميع والمقارنة والتعميم. ويسلط الضوء على شخصيات مميزة في نشأة وتطور السلطنة الغزنوية مثل ألبتجين (توفي 963)، سبكتكين (توفي 997)، ويتم تسليط الضوء على محمود الغزنوي (971-1030) وتقييم أعمالهم. وستساعد الدراسة في تحديد المتطلبات الأساسية ونقاط الانطلاق للظاهرة المملوكية في العصور الوسطى. ويعتبر هذا العمل مهما للغاية لأنه يوسع نطاق البحث العلمي المتعلق بإنشاء الدول الإسلامية التركية، ويجمع البيانات ذات الصلة، ويحلل ويعمم الأفكار. وسيكون المقال مفيداً في دراسة وتدریس الدراسات الشرقية، وتاريخ آسيا الوسطى وبلدان المشرق في العصور الوسطى، وتاريخ الإسلام من الناحية النظرية والعملية.

الكلمات المفتاحية: غلام، مملوكي، السلطان، الإسلام، غزنويد.

Abstract. The power of the Samanid dynasty used the Turkic ghulams (Mamluks) as slaves in the military field, but over time they became a significant phenomenon on the social-hierarchical ladder of government. In the history of Islam in the Middle Ages and in the political life of the caliphate, the institution of ghulams (Mamluks) played a unique role for many centuries. The purpose of the study is to highlight the political activity of the ghulams as a significant factor in the creation and establishment of new independent states, giving inspiration and spreading the wings of Islam.

The work provides a translation and compares with other data the facts related to the topic in the “Siyasat-nama” of Nizam al-Mulk Abu Ali al-Hasan ibn Ali ibn Ishaq al-Tusi (1018-1092). Research in Arabic, Turkish, English, etc. languages related to the purpose of the work is used. The article makes an attempt to use an example to characterize the historical events of the Middle Ages, the manifestation of the Mamluk phenomenon, to look into the peculiar secrets and features, meaning, and define them. The article uses methods of systematic narration, compilation, comparison and generalization. Special personalities in the origin and development of the Ghaznavid Sultanate Alyptegin (died in 963), Sebuktegin (died in 997), Mahmud Ghaznavi (971-1030) are highlighted and their works are assessed. The study will help determine the prerequisites and starting points of the Mamluk phenomenon in the Middle Ages. The work is valuable in that it expands the scope of scientific research related to the creation of Turkic Islamic states, collects relevant data, analyzes and generalizes thoughts. The article will be useful in studying and teaching oriental studies, the history of Central Asia and the countries of the East in the Middle Ages, the history of Islam from a theoretical and practical point of view.

Keywords: Gulam, Mamlyuk, Sultan, Islam, Gaznevid.

Аннотация. Власть династии саманидов использовала тюркских гуламов (мамлюков) в качестве невольников в военной сфере, которые со временем стали значимым явлением на социально-иерархической лестнице государственного устройства. В истории ислама в средние века и в политической жизни халифата институт гуламов (мамлюков) на протяжении многих веков играл своеобразную роль. Цель исследования – выделить политическую деятельность гуламов, как значимый фактор создания и становления новых независимых государств, дающий вдохновение и расправляющий крылья ислама.

В работе предоставляется перевод, и сравниваются с другими данными факты, относящиеся к теме в «Сиясат-наме» Низама аль-Мулька Абу Али аль-Хасана ибн Али ибн Ишака ат-Туси (1018-1092). Используются исследования на арабском, турецком, английском и т. д. языках, связанные с целью работы. В статье предпринята попытка на примере охарактеризовать исторические события Средневековья, проявление феномена мамлюков, заглянуть в своеобразные тайны и особенности, значение, определить их. В статье использованы методы систематического повествования, компиляции, сравнения и обобщения. Выделены особые личности в зарождении и развитии Газневидского султаната Алыптегин (ум. в 963 г.), Себуктегин (ум. в 997 г.), Махмуд Газневи (971-1030) и дана оценка их трудам. Исследование поможет определить предпосылки и отправные точки явления мамлюков в средние века. Работа ценна тем, что расширяет сферу научных исследований, связанных с созданием тюркских исламских государств, собирает соответствующие данные, анализирует и обобщает мысли. Статья будет полезна при изучении и преподавании востоковедения, истории Средней Азии и стран Востока в средние века, истории ислама с теоретической и практической точки зрения.

Ключевые слова: гулам, мамлюк, султан, ислам, газневид.

КІРІСПЕ

Саманилер билігі түркі *ғұламдарды (мәмлүктерді)* өрімдей кішкентай жаста сатып алуды үздіксіз жүргізіп, басыбайлы қызметшілер мен күзетшілер құрамын да солардан қалыптастырды. Араб тіліндегі «*Ғұләм – غلام*» (*бала, жасөспірім, жеткін-шек, малай, қызметші*) деген мағынадағы сөзден туындаған. Ал осы ұғымға синонимдес арабтың «*мәмлүк*» сөзінің термин ретінде кең қолданыста орныға бастауы – кейінгі кезеңдер. Әу баста әскери салада пайдаланылған еріксіздер уақыт өте келе мемлекеттік құрылымның әлеуметтік-иерархиялық саты-сында мәнді құбылысқа айналған. Орта ғасырлардағы ислам тарихында, халифаттың саяси өмірінде де сандаған ғасырлар бойы ғұламдардың (мәмлүктер) институты өзіндік рөл атқарған. Зерттеудің мақсаты – жаңа дербес мемлекеттердің шаңырақ құрып, қалыптастырудағы, ислам дініне дем беріп, қанатын жаюдағы елеулі фактор ғұламдардың саяси қызметін, түркілердің билікке келуін аббасилік дәуіріндегі басты қозғаушы үдерістер мен өзгерістер арнасында жеке алып, нақты дерек-мағлұматтарды ортаға салып, таразылау. Ал Саманилер сарайынан бөлініп шыққан іргелі Ғазнауи сұлтандығының негізін қалаушылардың тегі, түркілік ғұламдардан тұратын айрықша сипаты бұрын арнайы сараланған емес. Тақырыптың өзектілігі – отандық шығыстану, ислам тарихы, түркітану салалары үшін маңызды мәселені арқау етіп, тың материалдармен байытатындығымен айқындау.

Материал мен әдістер

Қазақ тілінде Ғазнауи мемлекетінің тари-хына қатысты мәліметтер кемшін. Бұл жұмыста Низам әл-Мүлік Әбу Әли әл-Хасана ибн Әли ибн Исхақ ат-Туси-

дің (1018-1092) «Сиясат-намасындағы» тақырыпқа қатысты құнды деректер ұсынылып, басқа мәліметтермен салыстырыла таразыланады. Нысанаға байланысты ағылшын, парсы, түркі, араб, т.б. тілдердегі зерттеулер пайдаланылды. Әсіресе британ шығыстанушысы К.Э. Босворттың (1928-2015) осы бағыттағы еңбектерін назарда ұстадық. Осы кезеңге қатысты парсы тіліндегі тарихи дереккөзі мен Иран ғалымдарының зерттеулері аса маңызды. Түрік ғалым тарихшыларының Ғазнауи мемлекетіне қатысты жұмыстарын да кәдеге жаратуға күш салдық.

Зерттеуде орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар, мәмлүктік құбылыстың бастауы тереңде екенін дәйектеу, соған қатысты құнды айғақтарға табан тіреп, өзіндік сыр-сипатына, мән-маңызына үңіліп, анықтауға талпыныс жасалды. Мақалада жүйелі баяндау, жинақтау, салыстыру, түйіндеу әдістері қолданылды.

Саманилер империясының қайшылықтардан тоқырауға ұшырап, ыдырауы алдындағы белгілері түркілік ғұламдардан тұратын әскери топтың уысынан шыға даралана бастауынан да байқалады. Қуатты Ғазнауи сұлтандығының дүниеге келіп, дамуында ерекше бөліп айтуға тұрарлық топжарған үш тұғырлы тұлға – Алыптегін, Сәбүктегін, Махмұд Ғазнауиге тоқталып, сіңірген еңбектерін бағамдауды көздедік.

Нәтижелер мен талқылау

Ғұламдарға дұрыс қарау, олардың тәрбиесі II Насыр бин Ахмадтың (914-943): «Ғұламдарды алыңдар, жақсылап тәрбиелендер, олар – өз әкелерін қалайтын балалар, сондықтан мәмлүктерге үстемдік жүргізу – әлсіздік, сен оларға мейірімді, жақсы қарауға әрі оларға жұмсайтын шығынды арттыруға тиістісің, әрі өзін жейтін тамақпен ауқаттандыр, жаза оны

кемтікті қылмас үшін бетінен ұрма», – деген сөзінде көрініс тапқан (Ахмад Мухтар, 1986:23).

Низам әл-Мүлік атымен танымал Әбу Әли әл-Хасана ибн Али ибн Исхақ ат-Тусидің (1018-1092) «Сиасат-нама» атты атақты кітабында осы ұмытылған өзіндік қатаң ереже таратыла тілге тиек етілген:

«Саманилер дәуірінде сарай ғұламдарына қатысты қағидат тәртібі бойынша олардың шенін қызметіне, еңбегі және артықшылықтарына қарай біртіндеп сатылай өсірген, ғұламды сатып алған кезде оған бір жыл жаяу әскерде қызмет жасауын бұйырған және зинданиджи (матадан) көйлек киген. Бұл ғұламдарға жасырын не ашық түрде атқа мінуге бір жылға дейін тыйым салынған. Егер біліп қалса, жазалаған. Бір жыл қызмет жасағаннан кейін висак-башы хаджибпен сөйлескен, хаджиб жүгенімен түркі атын және жай белбеу беруге ұйғарады.

Тағы да бір жыл атпен, қамшымен қызмет жасағаннан кейін келесі жылы асыну үшін деп қараджур қылыш береді, бесінші жылы оған жақсы ер, жұлдызды жүген береді, дарай (матасынан) шалбар, дөңгелекке ілуге шоқпар алады. Алтыншы жылы акван киімін алады, жетінші жылы бір ұшты, он алты аяқты шатыр, өз тобына (отрядына) үш ғұлам беріп, оны висак-башы деп атайды, қара киізден күміспен зерленген бас киім, гянджа (матасынан) шалбар киеді. Әр жыл сайын құрметі мен әшекейлері, қарамағындағылары (отрядындағылар) артып, шені өседі, ол хейл-баши, одан кейін хаджибке дейін көтерілгенде, оның қасиеттері мен еңбектері, адамдармен тіл табысатыны және қожайынын сүйетіні көпшілікке белгілі болғанша, отыз жетіге толғанша, оған әмірлік беріп, билікке тағайындамады». Осы сөздерден соң Алыптегін хақында баяндауға ойысады (Сиасет-наме, 1949:110-111).

Алғашқы дәуірде ғұламдар тек билеушінің үй қызметіне жегілген болса, уақыт өте әскери өнерге машықтанып, осы салада маңызды орынға ие болды. Саманилер мемлекетінде өздері парсы болғандығына қарамастан түркілердің табиғатынан қайсар, соғысқа бейім болғандығынан жас ғұламдарды баулып, солардан әскерді жасақтап, арқа сүйеді және түркі мәмлүктері Саманилер мемлекетінде жоғарғы мансапты иемденді. Соның бірі Алыптегін еді (Ахмад Мухтар, 1986:22-24).

Аббасилер дәуіріндегі мұсылман билеушілерінің кәсіби әскерін толықтыру мақсатында сұранысқа орай Саманилер қарамағындағы Мәуереннахрда түркі бозбалаларын сату арқылы тиімді құл саудасын қыздырып, содан мол пайдаға кенелетін.

Әміршілердің жанындағы қызметте сыналып, әбден адалдығымен сенімге еніп, дарын-қабілеттерімен көзге түскен еріксіз ғұламдар арасында хаджиб, генерал деңгейіндегі, сонымен қатар аймақтарды басқаруға кейін таңдау түсіп отырғанына мысалдар аз емес. К.Э. Босворт: «Тәуелсіз аймақтық, араб немесе иран билеушілері әскери ұйымдарында дәуірлік ұқсас беталысты ұстанды, өз әскерлерінің алдыңғы қатарлы гвардиясы түркі ғұламдардан құралды. Саманилік әмір Исмаил ибн Ахмад (279-295/892-907) билік құрған тұста түркі әскерін басқаратын түркі ғұлам болды» (Bosworth, 1969 b:25-27), – дейді.

Саманилерге қызмет жасап жүрген түркі ғұламдар пәрменді күшке айналғаны сондай, тіпті сарайдағы басқа да істерге араласқан. Биік лауазымға дейін көтерілген түркілік ғұламдар өздерінің көңілінен шықпаған мемлекет басшыларын да Бағдад халифалары сынды жазым етуден тайынбағандығына мысал-

дар кездеседі. 914 жылы шах Ахмад ибн Исмаилдің (908-914) жүргізген саясатын ұнатпағандықтан түркілік ғұламдар ажал құштырғандықтан «шаһид әмір» деген аталып кеткен, оны о дүниелік еткендер ұсталып, жазалағанымен, кейбіреулері бас сауғалап қашып үлгерген. Әдетте, патша сарайының есігінде күзетке байланған арыстан қара ниетті адамды үйге жуытпай өлтіретін. Сол түні патша көңілісіз, ал мәртебелі қызметкерлері басқа нәрсеге алаң болып арыстанды әкелуді ұмыт қалдырған, жамандық жасауға нөкерлері осы жағдайды пайдаланған (Риза Шабани, 2002: 141). Империядағы осындай босандықты ұтымды пайдаланған көне ирандық шаһтардың ұрпағы Мардауидж ибн Зияр 928 жылы Табиристан мен Джурданды, кейін Исфаһан мен Хамаданды жаулап алады, 930 жылдан бастап Иранда дербес билік жүргізуге кіріскен. Оның түркілік ғұламдары санының көбейгені соншалық Масуди жазуынша, төрт мыңнан асқан, билікке жетуінде солардың көмегі тиген. Алайда менмендікке бой алдырған билеуші тек жай қатардағы ғана емес, шенді әскер басшыларының да шамына тиіп, қорлап отырған. Осы тақылеттес дәрекі әрекеттеріне ыза-наразылық өршіп, ушығып Исфаһан қаласында 935 жылдың қаңтарында шаһты аңшылықтан оралып, моншаға кіргенде төрт түркі әскербасы кескілеп жан тәсілім еткен, сонан соң қастандық жасаушылар Аббас халифасы Абул-Аббас Ахмад ибн Жафар ар-Ради Биллаһиге (907-940) қызмет жасауға ауысқан. Осылайша, ғұламдар, бір жағынан, Саманилер ұлысының қорғанышы мен тұрақтылығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, санасуды қажет ететін шешуші топ бола бастағандығы айқындалады.

Саманилер тұсында ықпалы артқан түркілік ғұламдар әулеті – Симджурлер.

Исмаил бин Ахметтің (892-907) алғашқы ғұламдарының бірі болып ұзақ уақыт сарайда қызмет еткен Симджур ад-Дауатиге Қухистаннан иқта етіп жер бөліп береді, кейін оны 911 жылы Саффарилер бақылауындағы Систанға аттандырғанда халифке қарсы бас көтерген түркілік Себукәридi тұтқындап Бағдадқа жібереді. Симджур әртүрлі аймаққа сипахсалар (әскери губернатор) болып тағайындалған. Симджурлер әулеті ең үлкен, бай Хорасан аймағына сипахсалар болған мезгілде Саманилер сарайына мойынсұнбай, тәуелсіз хукім жүргізуге көшкен. Төрт буыны мықтылығымен көзге түскен әулетті тек 1002 жылы Махмұд Ғазнауи ғана біржолата жеңіп, құрта алған.

Әмір Алыптегін (963 ж. 13.IX қ.б.) тарихта Ғазнауи деген атпен мәшһүр ірі түркі мемлекетінің іргетасын қалады, бұл жана дербес құрылымның пайда болуында парсылық және түркілік тектестердің билік үшін арасындағы текетіресті тайталас күрес себеп ретінде бағаланады. Низам әл-Мүлік келтірген деректерге қарағанда, Алыптегінді Ахмед ибн Исмаил (907-914) өмірінің соңғы кезінде сатып алған. Ахмедтің өзін де түркі ғұламдарының қаза еткенін жоғарыда айтып өттік. Осы төтенше өлімге байланысты кішкентай ұлы II Насыр таққа отырады. Низам әл-Мүлік «Сиясат-намасында» Алыптегінге: «Ол – Саманилердің құлы және тәрбиеленушісі, отыз бес жылда Хорасанда сипах-саларлыққа қол жеткізген. Ол – жақсы орындаушы, сенімді, ержүрек, ақылды, жауапты, өз отрядын сүйетін, үлкен жүректі, дастарқаны мол, тақуа, Саманилердің барлық қасиетін бойына дарытқан», – деп өзгеше тұрпатты болмысын, жайсаң мінезін сипаттаған (Сиясет-наме, 1949:110-111).

Алыптегін самани әміршілері II Насыр (914-943), I Нұх (943-954), I Әбдул-

мәлік (954-961), I Мансұр ибн Нұх (961-976) тұсында ұзақ жылдар қызмет еткен. Әмір Насыр бин Ахмед (914-943) оған азаттық берген. Нұх ибн Насыр (943-954) дәуірінде әскери басшылықта шені көтеріліп, Саманилер тұсындағы ең үлкен лауазымға «Хажиб ул-хужжаба» немесе «Хажиб-ул бузург» (әскери гвардия командирі) болып тағайындалады. I Әбдулмәлік (954-961) жас болғандықтан, сарайда іс жүзінде мемлекет ісін басқарушы болды, Саманилер саясатында ықпалды Абу Әли Мұхаммед ал-Балами уәзірлікке соның қолдауымен өскен, тек оның тікелей ақыл-кеңесін тындап, айтуымен ғана қимыл жасады.

Жаңа Ғазнауи мемлекетінің алғашқы басшылары *Алыптегін, Білгетегін, Бөрітегін (Пари тегін) және Сәбуктегін* есімдеріндегі «тегін» лауазымының жаңғыруда да жайдан-жай қойылмаған, көне түркілерде билеуші топтың, биліктің өкілдері аталған (*Күлтегін, Йоллықтегін*).

Бұл кезеңде күдіретті Саманилер жүйесінің мығым іргесі шытынай бастаған. Саманилер орталықтанған биліктің күш-қуаты кеміп, дағдарысқа түсуінің белгісі ретінде қабырғалы да мықты Алыптегіннің толысып, тым еркін сезінуі көрсетіледі. Тегеурінді Алыптегінді астанадан шеттетіп, алыстату мақсатында 950 жылдың ақпанында Нишапурға жіберіледі, сол жылдың қарашасында Хорасанды басқаруға бекітілген (Nesini, 2020:450).

Әбдулмәлік қайтыс болғаннан кейін орнына таққа отырған I Мансұр ибн Нұхтың (961-976) маңындағылар өз ықтиярымен жеке билік жүргізіп отырған аса мығым, өте әккі Алыптегінді өсектеп: «Бұл астана Бұхарада болған, оған уәкілетті адам жазған. Соңында: «Алыптегіннің көзін жоймай, сен мемлекет

басшысы бола алмайсың. Бұйрықтарың орындалмайды. Ол бес-он жылдан бері Хорасанда мемлекет билігін пайдалануда. Әскер соған бағынады. Оны қолға түсірсең, сенің қазынаң оның дүниесімен толады, жүрегің тынышталады», – дей келе оны сарайға шақырып, басын кесуді кеңес етеді (Сиасет-наме, 1949:114). Осы жолдар Алыптегіннің қаншалықты мәртебелі, дәулетті, дербес болғанын аңғартады. Әрі Саманилер сарайының дағдарып, дәрменсіз дәуірінен хабардар етеді. Әрине, Алыптегін басына төнген қатерді сезініп, құтылу жолын ойластырады. Шатастыру айласымен өзі Бұхараға бара жатыр деген сыбыс таратып, Нишапурдан шығып, Саракске келеді, жанына отыз мыңдай салт атты және Хорасанның әмірлері ерген. Сонда үш күн тұрғаннан кейін әскер әмірлерін жинап былай дейді:

«Бұл патша менің басымды денемнен ажырату үшін шақыруда. Ол – бала, ол адамның бағасын білмейді. Сіздер менің алпыс жыл бойы Саманилер патшалығын қалай қорғағанымды білмейсіздер ме? Мен оларға қарсы тұрған Түркістан хандарын талқандадым, сондай-ақ мен барлық жердегі бүлікшілерді жеңдім, ешқашан бір сәтте де бас имедім. Мен оның атасы мен әкесі тұсында патшалықты қорғадым. Енді міне ақыр аяғындағы маған сыйы. Ол менің басымды алуды қалайды. Оның ойына өз патшалығының дене, ал менің осы дененің басы екендігім кіріп шықпайды. Бас түсіп қалған кезде дене тұра ма? Сонымен, сіздер нені дұрыс деп санайсыздар? Бұл әділетсіздіктен қорғанудың құралы қандай?». Әмірлер: «Құралы – қылыш. Сізге қарсы жамандық ойлап тұрғанда, бізге одан не күтуге болады? Егер сіздің орныңызда басқа біреу болған кезде осыдан елу жыл бұрын патшалықты қолынан тартып алған болар еді. Біз сізді жақсы білеміз.

Сізде барлығы бар: мәртебе, құрмет, дәулет, байлық және лауызым. Сізден лайықты ешкім жоқ. Біз сіздің бұйрығыңызға бағынамыз. Хорезм, Хорасан, Нимруз сізге берілген. Нұхтың ұлы Мансұрды қалдырып, өзіңіз патшалық құрыңыз. Қаласаңыз, Бұхара мен Самарқанды соған қалдырыңыз, қаламасаңыз, тартып алыңыз», – дейді. Әмірлер сөзін айттып болғанда қанағаттанған Алыптегін былай дейді: «Сіздерді сынағым келгені үшін мені Алла кешірсін. Сіздердің шын көңілден әрі сендіріп айтқандарыңызды білемін. Мен де соны күткенмін, Мадаққа ие, Ұлы Жаратушымыз бұл жақсылықтарыңыз үшін Сіздерді жарылқасын. Енді тараңыздар. Көреміз, ертең не боларын». Сол кезде Алыптегінде отыз мың атты әскер болған, егер қаласа, жүз мыңды атқа отырғыза алатын еді. Келесі күні барлық әмір қабылдауына келеді. Алыптегін отырып, әмірлерге қарап мынаны айтты: «Мен сіздерді менімен егер қандай бір іс түссе, бірауыздан бірге боласыздар ма, жоқ па, соны сөзбен сынағым келген. Енді сіздердің бәріңізді тыңдап, сөздеріңізден айнымайтындарыңызды және маған алғыстарыңызды естідім. Мен сіздерге ризамын. Бірақ біліңіздер, хабарларыңыз болсын, енді мен бұл баланы маған қылыш тәрізді жауыздығы үшін орнынан алмаймын. Ол бірнеше қаскүнем мен оңбағанды тыңдауда. Ол мерт етудің жөнін айыра алмайды, әулетті қолдаушы адамнан құтылғысы келеді, ал өзіне патшалықта жүріп жатқан, тіпті мемлекетте аз болса орын алған қиратуға әкелетін зиянды қалайтын оңбаған кішкентай топтан ажырай алмай отыр, оларды дос деп есептеп, менің өміріме қастық жасамақ. Мен одан патшалықты алып, орнына ағасын отырғыза аламын немесе билікті өзім тартып ала аламын. Бірақ халық Алыптегін алпыс жыл Са-

манилер әулетін қорғады, ақырында сексенге жетіп өмірінің соңында олардан патшалықты тартып алып, қожайынның орнына отырып, жақсылықты білмеді дей ме деп қорқамын. Бар ғұмырымда жақсы атпен, игілікті ниетпен өткіздім. Енді көрім жақын қалғанда менің жамандыққа бармауым қажет. О жақтың кінәсі мәлім болғанымен жұрт түсіне қоймайды, біреулер «әмір айыпты», енді біреулер «Алыптегін күнә жасады» дейді. Мен олардың патшалығына қызығып отырмасам да, оларға жамандық тілемесем де, Хорасанда қалсам, бұл әңгімелер тыйылмайды, күн сайын әмірді маған қарсы қою бәрібір күшейеді. Егер мен Хорасаннан кетіп, патшалықты қалдырсам, бұл пайдақор адамдардың сөзіне ешқандай себеп болмайды. Егер бір үзім нанды табу үшін қылыш ұстаудан басқа болмаса және алда қалған өмірде о дүниеде сыйға иелену үшін кәпірлерге қылыш сілтейміз. Осылай, иә, әскер! Хорасан, Хорезм, Нимруз, Мәуереннаһр әмір Мансұрға тиесілі, біліңіздер. Барлығыңыздың оған мойынсұнуларыңыз қажет. Мен бәрін ол үшін қорғадым. Тұрыңыздар, оның сарайына барыңыздар, патшамен көрісіңіздер, сенім-хаттарыңызды жаңартыңыздар, қызметтеріңізде қалыңыздар. Мен Үндістанға аттанам, қасиетті соғыспен айналысам. Егер өлмес, шәһид болам, Алла көмектесе, кәпірлер тұрағын ислам тұрағына айналдырам, құдай мен пайғамбардан жаннатқа баруға үміттемін. Егер сәтін салса, маған қатысты Хорасанның әмірі де тыныштық тауып, сөздер тоқталса, сонда ол не жасауды жақсы түсінеді», – дейді. Ол әскері мен халқына осы сөзді айтып, әмірлеріне бұйрық береді: «Бір-бірлеп сіздермен қоштасу үшін маған келіңіздер. Әмірлер нәтиже болмайтындықтан жауап қатпаған, олар жылауды бастаған, жылап, оған келіп,

коштасып, кері оралады. Алыптегін шатырына кетеді. Алайда ешқайсы да ол Хорасанды тастайды және Үндістанға кетеді деп сенбеді, өйткені оның Хорасан мен Мәуереннаһрда бес жүз түп ағашты меншігі болды, оның иелік ететін сарайы, бағы, керуен сарай, моншасы жоқ бір қала болмайтын, оның көптеген астық қоймасы бар еді, Саманилер патшалығында мың-мыңдаған қойы, жүз мың жылқы мен түйе және қашары болатын. Бірақ бір күні олар шатыр-шұтыр дауысты, әскери дабыл қағылғанын естіді, ал Алыптегін өз ғұламдары, нөкерлерімен бірге бәрін тастап аттанды. Хорасан әмірлері Бұхараға бет алды. Балхқа кірген Алыптегін сонда бір-екі ай аялдап, Мәуереннаһр, Хуттала және Балхтың өңірлерінен қасиетті соғысқа барғысы келетіндердің бәрін жинауды ойлаған еді. Қаскөй қарсыластары Мансұрға былай дейді: «Алыптегін – кәрі бөрі, сіз оны құртпайынша, қауіпсіздікте бола алмайсыз. Оның соңынан түсіп тұтқындап, алдыңызға әкелу үшін әскер жіберу керек». Міне, осылайша, ол бір әмірді он алты мың адаммен оны ұстауға Бұхарадан Балхқа жібереді. Әскер Жейхунды кесіп Термезге келгенде Алыптегін Хулма жағына шегінеді» (Сиасет-наме, 1949: 117).

Сөйтіп, соңынан қуған әскерді Хулм мен Балх арасындағы тар шатқалда тосады. Осы жерде өзінің артынан түскен әскерге санының басымдығына қарамастан тасталқан етіп соққы береді. Низам әл-Мүлік «Сиасат-намасында» осы қанды шайқаста Алыптегіннің қолданған тәсілін, қалай жеңіске жеткенін кеңірек суреттеген. Соғыста ат, қашар, түйе, алтын мен күміс заттарын, динар, ғұламдар, шатырлар мен кілемдерді тағы басқа нәрселерді олжалайды, жараланғандарды қоспағанда төрт мың жеті жүз елу адамы жер жастандырады (Сиасет-наме,

1949: 117-120). Низам әл-Мүлік аталмыш туындысында осы ғұламдарға арналған «Қызмет ету кезіндегі құлдардың күш салмауы және олардың істерінің тәртібі туралы» деп аталатын жиырма жетінші бапта Алыптегіннің тағдырына қатысты мысалды баяндаған соң сөзін мынадай түйінмен аяқтайды:

«Мақтайтындай қызмет жасаған, патшалықты нығайтып, алып мемлекетке құт дарытқан, ешқашан сатқындығы, сенімсіздігі байқалмаған құл жүрегі жарактамау қажет, оны қаралайтын өсектер әр күн сайын оған деген күдікті ұлғайтса да тыңдамаған дұрыс. Әулет, патшалық және қалаларды Алыптегін тәрізді адамдар ұстап тұрады, ол құл болып, Саманилер әулетін күшейтті. Оның орны ақылмен салмақтағандықтан қарсы жорық жасалды. Ол Хорасанға кеткенде Сасанилерден бақ тайды. Лайықты, сыннан өткен құл (оқиғасынан) сабақ алу үшін тұтас өмір мен сәтті тағдыр керек. Даналар: «Лайықты қызметші мен құл балаңнан тәуір» деген. Жақсы құл мен қызметшіні қолдан шығарып алмау қажет. Ақын өлеңінде: «Бір адал құлын жүздеген ұлыңнан жақсы», – деп айтқан» (Сиасет-наме, 1949: 123).

Алыптегіннің өзіне қарсы Самани І Мансұр (961-976) жіберген әскермен бетпе-бет кездесіп ойсырата жеңген мезгілі 961 жылдың сәуір мен мамыры деп есептеледі. Низам әл-Мүліктің «Сиасат-намасы» еңбегі осы тарихи оқиғалардың сорабы туралы бағалы дереккөзі болғанымен, кейінірек жазылғандықтан шындықтың уақыт өте келе көмескіленіп, бейнелі сипатқа ауыса бастағаны байқалады. Алыптегіннің қантөгісті қақтығыспен аяқталған бұл қимылы тарихшылар тарапынан «көтеріліс» деп айқындалады. Юрген Пауль «Сиасатнама» негізіндегі мәліметтерді таразылап, Алыптегін әміршіге

берілген қызметші ретінде сенімділігінен айнымаған, алайда қожасранны оған құрметпен қарамаған жағдайдағы оның көтерілісі қалыпты жауап қату еді деп бағамдайды (Jürgen Paul, 2018:122-140).

Осы қырғын ұрыстан кейін Алыптегін өз қосынымен шегініп бағытты өзгертіп, Бамианға келіп кіреді. Әрі қарай Кабулға қарай бет бұрып әмірімен шайқасып, ұлын қолға түсіреді.

Бұдан кейін Ғазнин шаһарына табан тіреді, осында тұрақтап, ту тігеді. Ғазнин – Ауғанстан астанасы Кабулдың оңтүстік-батыс жағында 154 шақырымда қашықтағы кент. Сөйтіп, жергілікті билеуші әулетті ығыстырады. Саманилерден іргесін бөлектеген түркілік исламдық жаңа мемлекеттің негізін қалады. Сұлтан-дық Ғазна (Ғазнин) қаласында құрылғандықтан құрылым осылайша аталды. Осы қаладан Үндістанға 12 күндік жолмен жорығын бастайды. Хорасан мен Мәуереннаһр, Нимрузда оның Үндістанға апаратын таулы жолды қолына алып, көптеген өңірлеріне шабуылдап, алтын, күміс, жануарлар мен құлдарға, көп олжаға батқандығы турасында хабар тараған. Алыптегін Үндістанның көп аймағын жаулап, Биканурға дейін жетіп бағындырады (122) Үндістанда алғаш рет 712 жылы Үмийе халифатының қолбасшысы Мұхаммед Қасымұлы Сәкәфи жорыққа шығып, Синд өзенінің аумағындағы ең ірі қала Дейбілді жаулады. Дейбіл бағынған соң өзге қалалар да қарсылық көрсетпей берілді. Мұхаммед бұдан кейін Үндістанның солтүстік шығысына бет алды. Осы жорығында Нейрун қаласына жеткенде халифаттың жоғарғы басқармасынан: «жаулап алған аймақтардың әмірі болғаны» туралы тағайындалғаны хақында хат алды. Мұхаммед Қасымұлы Сәкәфи Синд өлкесінің төңірегінде өз соғысын жалғастырып, Ганг өзенінің аймағына дейін жеткізді. Бірақ 713 жылы Сәссе ибн

Даһермен шайқаста көз жұмды.

Алыптегін 963 жылы дүниеден өткен соң оның ұлы Әбу Исхак Ибраһим сайланғанымен бұрынғы Лавик хандығының адамдары бас көтеріп, қарсылық жасайды. Осындай аумалы кезде Саманилер әулетіне арқа сүйеуге тура келеді. Әбу Исхак Ибраһим мен Сәбүктегін Саманилерге барып, Ғазнаның билеушісі етіп Әбу Исхак Ибраһимді тағайындауға құптауын алады. Әбу Исхак Ибраһим 966 жылы бақилық болғанда Білгетегін билікке келеді. Ол Үндістанға жорығы кезінде 975 жылы шәйіт болып, оның орнын Бөрітегін (Пари Тегин) басқан, 977 жылдың 20 сәуірінде халықпен тіл табыса алмаған Бөрітегін тақтан тайдырылып, билік Сәбүктегінге өтеді. Ол 977-997 жылдар аралығында хукім жүргізген. Міне, осылайша, бетбұрыс болып, Барысхан әулетіне басқару тізгіні тиеді. Сәбүктегін осы Алыптегіннің күйеу баласы еді. Сәбүктегін оғыздың Қайи тайпасынан, 12 жасында көрші тайпалардың шабуылы кезінде қолға түскен, оны Наср-Хареджи деген саудагер сатып алып, Бұхараға әкеледі, кейін Алыптегінге қайта сатады. Ғұлам ретінде келген Сәбүктегінді Алыптегіннің қалай өсіргенін Низам әл-Мүлік «Сиасат-намасында» былайша көрсеткен: «Ол (Алыптегін – Ш. Керім) ұзақ жылдар Хорасанда билеуші-әкім болады, екі мың жеті жүз ғұлам, құлдар мен түркілері болды. Бір күні отыз түркі ғұламын сатып алады, арасында Махмұдтың әкесі Сәбүктегін болған. Оны сатып алғаннан үш күннен соң Алыптегіннің алдында ғұламдар арасында тұрды. Хажиб келіп Алыптегінге айтады: «Сондай деген ғұлам, бұрынғы висак-баши қазаға ұшырады. Шатыры, мүлкі, отряды және мирасы бар қай ғұламды ұсынасыз?». Алыптегіннің көзі Сәбүктегінге түседі және былай дейді: «Менің көңілім мына ғұламға ауды». Хаджиб: «О, қожам, бұл

кіші ғұламды сатып алғанына әлі үш күнде болған жоқ қой. Ол тіпті бір жылдық қызметін де өтеген емес, бұндай шенге жетуі үшін жеті жылдық қызмет жасауы тиіс. Оған бұны қалай беруге болады?» – дегенде, Алыптегін: «Мен айттым ғой», – деп жауап қатты, ал жас ғұлам естіп, төмен иілді.

– «Мен берген сыйлығымды кері қайтарып алмаймын».

Осылайша, сол висак-башидың мүлкін оған берді. Содан кейін Алыптегін: «Жеті жылдық қызметімен жететін шен жаңа ғана сатып алынған жас ғұламға қалайша берілді? Мүмкін, оның Түркістандағы ата-бабалары текті болар немесе жолы болды ма, оны көтеретін – ісі», – деп өзі-өзімен ойға қалады. Сөйтіп, оны сынауды бастайды. Оған әртүрлі тапсырмалар жүктеп: «Мен не айттым, қайтала», – дейтін. Ол осының бәрін жаңылыспай қайталайтын. Сонан соң Алыптегін: «Бар да жауабын әкел», – деп бұйыратын. Ол жауапты уақытында әрі өзіне тапсырылғанға сай жеткізетін. Осылайша, Алыптегін әрбір күндегі сынақтардан соң көңілі жайланады, одан әрі оны суға жауапты лауазымға тағайындап, өз жанында қызмет жасауды бұйырады, өз отрядындағы он ғұлам құрамына енгізеді, күн сайын өсіреді. Сәбүктегін он сегізге толғанда оның отрядында екі жүз ержүрек ғұлам болды. Ол Алыптегіннің барлық қасиетін бойына дарытты» (Сиасет-наме, 1949: 111-112).

Оның билік құрған уақытында Ғазнауи мемлекетінің іргетасы беки түсті. Алайда бұл мезгілде ресми түрде Саманилермен санасып, кіріптар бағыныштылығын мойындауға мәжбүр болған, сөйтіп, Самани әулеті бұрынғы үстемдігін қайта қалпына келтіре алған. 994 жылы Самани әмірі II Нұхқа қарсы түркілік әскербасылар Әбу Әли Симджури мен Фаик Хаши бірлесе бас көтергенде ұлы Махмұд еке-

уі көмекке келіп, көтерілісті талқандады. Сол үшін Самани билеушісі оған «*Насыр уд-дин уа уд-дүния*» (Дін мен әлемнің қорғаушысы), оның ұлы Махмұд Ғазнауиге «*Сейф уд-дәулә*» (Мемлекет қылышы) деген лақап ат берген. 996 жылы Наср бастаған түркілер Мәуереннаһрға басып кіргенде Самани билеушісі Нұх Сәбүктегіннен көмек сұрайды. Сәбүктегін 20 мың әскер жәрдемге жіберіп, Бұхараны қорғауды өз мойнына алады. Кейін екі тарап қараханид Наср Сырдария алқабын өз қарауында, ал Сәбүктегін Әмудариядан Хорасанға дейінгі өңірді өз бақылауына ұстауға келісімге келеді (Узбекистон халқлари..., 1992: 115-116). Ол 978 және 991 жылдары Үндістанға жорықтарында жеңіске жетті. Сәбүктегін біраз жерді қол астына қаратып, мемлекет шекарасын одан әрі ұлғайтты. Әбу Рейхан әл-Бируни (973-1050) «*Китаб ул-Хинд*» кітабында «түркі күндерінің» (*айям ат-турк*) басталуын Сәбүктегін билікті қолына алған уақытпен есептейді (Mustafa Sareer, 2012:1-14). Атақты оқымысты Сәбүктегіннің ұлы Махмұд Ғазнауи тақта отырған кезде 1017 жылдан Ғазнадағы сарайда жұмыс істегенін, осы қалада тұрып, дүниеден өткендіктен ғалымның мәліметтері күмән тудырмайтындығын ескерген жөн.

367 (977/978) жылдары Сәбүктегін Үндістанға алғашқы жорығында маңызы жағынан екінші орындағы қала Сижистандағы Кусдарды, пұтты жаулап алады, одан әрі Тұрандағы (Синд) Саманилердің генералы, тегі түркілік ғұлам Қаратегін Исфиджаби іргесін қалаған мұсылман бекініс-қорғанын басып алу арқылы үлкен өңірді өзіне қаратты. Сәбүктегін, сонан соң Кандхар аймағын бағындырды. 991 жылғы үшінші жорығында үнді патшалары бірлестігінің ыдырап кетуімен шығыс Үндістан аудандарын түгел мойынсұндырды (Mustafa

Sareer, 2012:01-14).

997 жылы Сәбүктегін бақилық болғанда әкесінің өсиетіне сай кіші ұлы Исмаил таққа отырады. Жаңа сұлтан Балхқа қоныс аударады, бауыры Махмұдты әскерді басқарудан ажыратпаққа әрекеттенгенде Махмұд қарсы қимылға көшіп, Ғазниді қоршауға алады.

Махмұд 998 жылдың наурызында таққа тайталаспен жетті. Ол кішкентайынан діни білім алған, Құран Кәрімді жатқа білген. Билікті қолына алған ол өз иелігіндегі жерді одан әрі кеңейтуге кірісті. Жаңа ұлыс, әсіресе Махмұд 998-1030 жылдары тақта отырған тұста мерейі көтеріліп, айбыны асқақтаған. 999 жылы Қарахан мемлекетінің билеушісі Наср ибн Әли Саманилердің соңғы тақ иесі Мунтасирмен ұзақ шайқасы нәтижесінде билігін толығымен жоюына байланысты, Ғазнауи өз мемлекетіне васалдық тәуелділіктен құтылуға жол ашты. Махмұдтың елшілері 1000 жылы Бағдат Аббаси халифі Ахмет әл-Қадири Биллаһтың (991-1031) атынан билігі мойындалып, шапанын алды.

Махмұт Ислам тарихында тұңғыш рет «сұлтан» атағын алған билеуші болды (Сиасет-наме, 1949:50). Осыдан бастап «сұлтан» іс жүзінде дара, бірақ идеологиялық тұрғыдан халиф дәргейінде қарасты деген мағынада қолданыла бастады. Ғазнауи мемлекетінен бастау алып, мұсылман түркі билеушілері Ислам халифатынан келісімін алатын болды.

Үндістанда жаужүрек Махмұд Ғазнауи сұлтан екпінді соғыстарымен толықтай саяси-әскери үстемдігін орнықтырғанға дейін мұсылмандар табан тірей алған жоқ. Сұлтан Үндістанға алғашқы жорығын 1000 жылы Кабулдың шығысындағы Ламган өлкесіндегі үнділерге тиесілі қорғандарды басып алумен бастады. Үндістанға 1001 жылдың қыркүйегінде екінші жорыққа аттанып, Пенжапқа

басып кіріп, Вайһанд раджасы Джайпалдың әскерімен кездесіп, тасталқан етті. Жеңіліс тапқан Джайпал ақша беріп, жанын сақтап қалғанымен, қауымы алдында абыройын жоғалтқандықтан кейін өзін-өзі отқа лақтырып опат болды. Махмұд Ғазнауи қол бастаған ұрыс пұтқа табынушылыққа күрес, кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс жиһад ұранымен жүргізілді. Мұндай ғазуат майданына еріктілер қосылған. Осындай қаһармандық табыстары үшін Аббас халифасы 1002 жылдың сәуірінде «*Йәмин уд даула уа әмин-ул-милла*» (Мемлекеттің оң жағы және діни қауымның сенімдісі) атағын берді, сондай-ақ «*ғазиз*» (дін үшін күресуші) лақабын иеленді. Бұл қуаныш Ғазна қаласында өте салтанатты түрде аталып өтті. Кейін «*Низам уд-динуа Насир ул-хаққ*» (Дінді тәртіпке келтіруші және хақты қорғаушы) деген атақты иеленді. Махмұд Ғазнауи 1004 жылы Үндістанға үшінші шапқынында Ватияға қарай еніп, ража Бейжи Рәйді жеңіп, үлкен олжаны қолға түсіреді. Осы өлкеде мешіт салады, ислам ілімін тарату мақсатында ғалымдарды жібереді. 1010 жылы Үндістанға сегізінші шапқынында алдында бағындарғанымен, кейін уысынан шығып кеткен Мултанға қайта кіріп, карматтарға соққы беріп, өлкені солардан тазартты. 1014 жылы сегізінші жорығында Кашмирге кіргеннен кейін үндістердің бір бөлігі исламды қабылдаған, өлкеде мешіттер салып, ұстаздар әкелген. Бұл табыстары үшін Аббас халифасы сұлтанға «*Низам уд-дин*» (Дінді жүйеге келтіруші) атағын берген. Ол Үндістанның солтүстігіне дін тарату жолында батылдықпен 17 мәрте ішкерілей өрлікпен кіру арқылы түгелдей бас идіріп, олжаға батып, жергілікті билікті алымсалық төлеп тұруға көндірді. Махмұдтың Үндістанға жорықтарының ішінде атақтысы – он алтыншы жорығы. Осы жорығында Үндістанның батысындағы

Сомнат қаласында Мабуд Шива деген жердегі пұт Үндістандағы барлық пұттың ішіндегі үлкені есептелетін. Махмұд Ғазнауидің сол күнге дейін бұл қаланы ала алмауын да пұттардың жебеуінен деп иланатын. Сондықтан аталмыш пұтты жоқ ету ислам дінін таратуды жеңілдетін еді. 1025 жылы Мултанға барып, одан әрі үлкен шөлді бір ай жүріп ауырлығына шыдап кесіп өтті. 1026 жылы 6 қаңтарда Сомнат қаласына келеді. Қамалға екінші шабуылда ғана басып кіреді. Шивадағы үлкен пұтты төртке бөлген; бір бөлігі Ғазна үлкен мешіті мен сұлтан сарайы қақпасының алдына қойылса, бір бөлігі Мекке мен Мәдинаға жіберілген. Осы жетістігі үшін халифа оған «*Kāhf ul-id-dawla ya id-din*» (Мемлекет пен дін қорғаушы) деген лақап ат берді.

Махмұт Ғазнауи сүнниттік исламның қорғаушысы бола білді. Шиилік бағыттағы мемлекеттеріне ұрыс ашты. Бұл тұрғыдан қарағанда, оның ислам әлемін діни ағымдарға бөлшектеніп, тұтастығы бұзылмауының қамын жегені анық.

Ғазнауи сұлтандары өзі қоныстанған аймақтарға икта жүйесінде жер үлесін бөліп, олардың иелену мерзімін қатаң бақылауда ұстаған, кейін бұл жүйе ғурилер мен Солтүстік Үндістандағы Дели сұлтанатында жалғасын тапқан (Bosworth: 2021: 41-42, 124-425; Bosworth., 1969 a: 116-117, 133-134).

Дін мүддесін алға қойып, бойындағы көшбасшылық, баһадүрлік артықша қасиет-қабілеттері ашыла көрінді. Сұлтан ғұмырының 45 жылын ат үстінде қару-жарағын асынып, дін мұрат-жолындағы тынымсыз әрі қайтпас жанқиярлық күреске арнады, ислам тарихында сайыпқыран қаһармандығымен даңқты қолбасшы, көреген саясаткер, парасатты мемлекет қайраткері ретінде өшпестей із

қалдырды. Исламның шалғай аймақтарда тынысын кеңейтіп, серпін беріп, үстемдігін орнықтырды. Махмұд Ғазнауидің ислам өркениетіне қосқан ерен үлесі орасан. Әскерлерді назардан тыс қалдырмай оларға үнемі көмек жасаған. Ол тек саяси соғыс саласымен шектеліп қалмай, ғылым мен әдебиеттің өкілдеріне демеушілік жасауымен әйгіленген. Сұлтан сарайында төрт жүзден астам ғалым және қолөнершілер болған деген де дерек бар. Махмұд ғұламалармен кездесіп, сұхбаттасып, пікірлесуге уақыт тапқан. Ол сәулет өнерін, құрылысты дамытты, мешіт-медреселер, кітапханалар мен ауруханалар салдырды. Түрік-ислам өркениеті тұрғысынан Махмұд Ғазнауи өте маңызды мемлекеттік үрдістерді дүниеге әкелді. Ислам әлемі тұтастығының қорғаушысы ретінде жарқырай танылды.

Қорытынды

Саманилер сарайында ғұламдардың маңызы үлкен болды. Алайда ғұламдар институтына қатысты деректер аз, бары әлі айналымға түспеген. Біз зерттеуімізде тақырыпқа қатысты мәліметтерді жүйелеп, саралауды көздедік. Бұл тақырып әлі тереңдете, жаңа деректерді игеру арқылы талдауды керек етеді. Осы тақырып орта ғасырлардағы мәмлүктанушылық құбылысты, соның ішінде мәмлүктік мемлекеттердің тарих сахнасына шығуының алғышарттарын, бастау негіздерін анықтауға көмектеспек. Бұл жұмыс түркілік ислам мемлекеттерінің құрылуына қатысты ғылыми ізденістердің аясын кеңейтіп, осыған байланысты деректерді жинап, талдаумен, ой түйіндеулерімен бағалы. Мақала шығыстану, орта ғасырлардағы Орта Азия шығыс елдері тарихы, ислам тарихын оқып-үйретуге пайдасы тиеді деп сенеміз.

Әдебиеттер

Ахмад Мухтар. أحمد مختار العبادي. قيام دولة المماليك الأولى في مصر والشام 6891هـ. [Ахмад Мұхтар әл-Ибади. Мысыр мен Шамда мәмлүктер мемлекетінің қалыптасуы]. – Бейрут, 1986. – 325 б.

Bosworth C.E. Abu ‘Abdallāh al-Khwārazmī on the technical terms of the secretary’s art: a contribution to the administrative history of mediaeval Islam // JESHO. – Vol. 12. – 1969. – P. 116-117, 133-134.

Bosworth C.E. An alleged embassy from the Emperor of China to the Amīr Naṣr b. Ahmad: a contribution to Sāmānid military history // Yādnāma-yi Minorsky. – Tehran, 1969. – P. 25-27.

Bosworth C.E. Early Sources for the History of the First Four Ghaznavid Sultans (977-1040) // Islamic Quarterly 7. – 1963. – P. 3-22.

Bosworth C.E. (1965/1966) Military organisation under the Būyids of Persia and Iraq // Oriens. – Vol. 18/19. – 1965/1966. – P. 143-167.

Bosworth C.E. The Ghaznavids: Their Empire in Afghanistan and Eastern Iran. – September 10. – 2021.

Paul J. Alptegin in the Siyāsāt-nāma // Afghanistan. – april. – 2018. – 1(1). – P.122-140.

Uzunçarşılı İ.H. Osmanlı devleti teşkilâtına medhal. – İstanbul, 1941. – P. 22.

Mustafa Sareer. Initial Conquest of India by Turks and Their Slaves // IOSR Journal of Humanities and Social Science (JHSS). – Vol. 5. – Issue 4 (Nov.-Dec. 2012). – P. 1-14.

Сиасет-наме. Книга о правлении вазира XI столетия Низам ал-мулька / Перевод, введение в изучение памятника и примечания профессора Б.Н. Заходера. – М.-Л. – 1949. – 371 с.

Prasad Ishwari. A Short History of Muslim Rule in India: From the Conquest of Islam to the Death of Aurangzeb. 2nd ed. – Allahabad: The Indian Press. – 1931. – 852 p.

Nesini Yazici. İlk turk-islam devletleri tarihi. – Ankara, 2020. – 450 s.

The Cambridge history of India // Turks and Afghans. Cambridge at the university press. – Vol. III. – 1928. – 853 p.

Fisher W.B., Boyle J.A. The Cambridge History of Iran // Cambridge University Press. – Vol. 5. – 1968. – 778 p.

Шабани Р. Иран тарихы. – Алматы, 2002. – 288 б.

Ўзбекистон халқлари тарихи. 1 жилд. – Тошкент, 1992. – 188 с.

References

Ahmad Mukhtar Al-Abbadi. Kiimum daulatul al-mamalik yla fi Misr ua ash-Sham [The establishment of the Mamluk state in Egypt and Damascus. Ахмад Мухтар әл-Ибади. Мысыр мен Шамда мәмлүктер мемлекетінің қалыптасуы]. – Beirut, 1986. – 325 p. (in Arabic).

Bosworth C.E. Abu ‘Abdallāh al-Khwārazmī on the technical terms of the secretary’s art: a contribution to the administrative history of mediaeval Islam // JESHO. – Vol. 12. – 1969. – P. 116-117, 133-134.

Bosworth C.E. An alleged embassy from the Emperor of China to the Amīr Naṣr b. Ahmad: a contribution to Sāmānid military history // Yādnāma-yi Minorsky. – Tehran, 1969. – P. 25-27.

Bosworth C.E. Early Sources for the History of the First Four Ghaznavid Sultans (977-1040) // Islamic Quarterly 7. – 1963. – P. 3-22.

Bosworth C.E. (1965/1966) Military organisation under the Būyids of Persia and Iraq // Oriens. – Vol. 18/19 (1965/1966). – P. 143-167.

Bosworth C.E. The Ghaznavids: Their Empire in Afghanistan and Eastern Iran. – September 10. – 2021.

Paul J. Alptegin in the Siyāsāt-nāma //Afghanistan, april 2018,. – 1(1). – P. 122-140.

Uzunçarşılı I.H. Osmanlı devleti teşkilâtına medhal. – İstanbul, 1941. – P. 22.

Mustafa Sareer. Initial Conquest of India by Turks and Their Slaves // IOSR Journal of Humanities and Social Science (JHSS). – Vol. 5. – Issue 4 (Nov.-Dec. 2012). – P. 1-14.

Siaset-name. Kniga o pravlenii vazira XI stoletia Nizam al-mulka. Pervod, vvedenie v izuchenie pamitnika i primechania professora B.N. Zahodera. – M.-L. [A book about the reign of the 11th century wazir Nizam al-mulk. Translation, introduction to the study of the monument and notes by Professor B.N. Zakhoder]. – M.-L. – 1949. – 371 s.

Prasad Ishwari. A Short History of Muslim Rule in India: From the Conquest of Islam to the Death of Aurangzeb. 2nd ed. – Allahabad: The Indian Press, 1931. – 852 p.

Один из наглядных примеров связи между исламскими принципами и положениями закона является механизм исламского банкинга, основой которого является запрет на ростовщичество. Вся деятельность таких банков имеет юридическое регулирование в мусульманских странах. Более того, следует отметить, что законодательная база для исламского банкинга уже разрабатывается и развито в Европе и других странах. Увеличение количества мусульман в Европе делает это расширение дискурсивным феноменом, например, в Англии уже отменены двойные гербовые сборы. Дело в том, что до недавнего времени эти обязанности воспрепятствовали приобретению недвижимости в соответствии с Исламскими принципами [Оришев А.Б., 2016]. Кроме того, британское юридическое общество выпустило с руководством по составлению завещаний по законам шариата из-за увеличения спроса на такие услуги. Эти примеры не единичны, а систематичны, и они показывают, насколько религиозный фактор может определять появление норм права даже в современном обществе. Взаимоотношения между разными мирами и национальными религиями и правом показывают возможность их сосуществования. С другой стороны, не все положения закона определяются религиозными факторами, особенно в условиях светскости права. Например, легализация

однополых браков в ряде стран, Европейские страны и некоторые штаты США не вписываются в религиозные постулаты вообще. В этой связи можно вспомнить Иммануила Канта в своей философии права, где он отрицал участие религии в формировании процессов права, подчеркивая, что только мораль является тем формированием [Кант И., 2007 г.]. В теории права существуют и другие мнения, которые оправдывают различные подходы. Но возможность влияния религиозного фактора на правовую сферу человеческой жизни не может быть полностью исключена.

Актуальность рассмотрения влияния религии на сферу, традиционно являющуюся областью частной жизни, обуславливает и специфика последней, где нравственные основы тесно переплетаются с религиозными убеждениями и в то же время с ощущением необходимости сохранения личной правовой безопасности, создания юридических гарантий, позволяющих осуществлять свою свободу в соответствии с собственными убеждениями, если они не противоречат основам общественной морали, нравственности, правопорядка, правилам человеческого общежития. Формирование частнопровового пространства немислимо без учета норм и правил поведения, складывающихся в иных сферах социального регулирования. И в этой связи мы порой видим воспроизводство социальных норм в области религии, морали, этики, эстетики в нормах права.

В современный период в различных государствах, где население исповедует ислам, влияние последнего на правовую систему различно. В связи с этим все мусульманские государства можно разделить на несколько групп [Рассказов Л.П., 2015].

1. Светские государства, в которых нормативный элемент правовой системы (право, правовые принципы, источники права и др.) по сути не опирается на мусульманские источники права. К этим государствам в настоящее время можно отнести Турцию. Однако отметим, что в последнее время официальная идеология данного государства все в большей степени становится промусульманской, что в конечном итоге может привести и к определенной исламизации права. К светским государствам можно отнести и бывшие советские республики Средней Азии. С обретением независимости в данных государствах еще не полностью завершен процесс замены старого советского законодательства новым. При формировании новой правовой системы власти оказывают всемерную поддержку исламу как традиционной религии своего народа. Светская направленность данных государств объясняется и длительным нахождением в составе атеистического советского государства и ориентацией современных правящих кругов на страны Запада. Но и в них в настоящее время влияние ислама на все сферы жизнедеятельности общества становится все более значимой.

2. Большое количество государств можно отнести к условно светским, например, Алжир, Марокко, Египет и др. В правовой системе данных государств в основном содержатся нормы позитивного права, основанного на светских принципах. Однако, в источники права включены и нормы мусульманского права. Поэтому нормативно-правовые акты, принимаемые посредством правотворческой деятельности государственных органов, с одной стороны, можно рассматривать как светские источники права, а с другой, - как часть мусульманского права. К условно светским государствам можно

отнести бывшие страны социалистической ориентации. Это преимущественно Африканские светские государства такие как Ангола, Уганда и др., правовые системы которых в настоящее время ориентируются на исламский мир. В последнее время влияние ислама в этой группе государств усиливается.

3. Следующую группу образуют страны с ортодоксальной официальной исламской идеологией, которые можно отнести к «чистой» мусульманской правовой семье. Эту группу представляют, прежде всего, Иран и Саудовская Аравия. Как мы отмечали выше, в них господствующей религией является ислам соответственно шиитского и суннитского направления, которые враждебно относятся друг к другу. Но оба этих направления объединяет официальная идеология, которая обосновывает необходимость полного соответствия правовой системы и государственной структуры принципам ислама, несмотря на существенные различия его трактовок шиитами и суннитами.

Таким образом, в настоящее время в целом мусульманское право не потеряло своих позиций. Современная исламская община мира насчитывает около полутора миллиардов последователей. Мусульманское право в отличие от христианских постулатов, не только сохраняет свои позиции, но и расширяет сферу своего влияния. В связи с этим отметим, что ислам – последняя по времени возникновения мировая религия. Во многом в силу этого данная религия наиболее экспансивная. Она проникает в государства, народы которых ранее исповедовали христианство, индуизм, буддизм и др. В то же время обратного процесса (принятия другой религии в мусульманских странах) практически не наблюдается. Последователи ислама, переезжая в другие страны,

практически не ассимилируются. Так, исламские общины в Европе практически не подвергаются европейскому воздействию. Напротив, многие исламисты провозглашают призывы «установить ислам в безбожной Европе», превратить все государства в единый мусульманский халифат. Некоторые правовые институты ряда немусульманских государств подвергаются в последнее время исламизации. Т.е. происходит «врастание» мусульманского права в страны романо-германской и англосаксонской правовых семей. В некоторых государствах мусульманское право непризнанное юридически действует фактически. Это происходит и в мусульманских анклавах Европы, это происходит и в России, особенно в республиках Северного Кавказа [Рассказов Л.П., 2015]. Для современного Казахстана с обретением независимости еще не полностью завершен процесс замены старого советского законодательства новым. При формировании новой правовой системы народ поддерживает ислам как традиционную религию своего народа, поэтому в будущем могут найти свое отражение нормы исламского права в законодательстве страны. Итак, можно сказать, что в Средние века сложились особые типы правовых культур: христианская – для западной традиции права [Берман Г., 1998] и мусульманская – для арабского Востока и других государств, подвергшихся воздействию исламской идеологии. Оба этих типа правовых культур в существенной степени строятся на частноправовых ценностях и в значительной мере повлияли на дальнейшее развитие человеческой цивилизации. Для Западной Европы этот процесс сопровождался испытанием на прочность частного права, раскрывшегося в новых проявлениях с переходом от феодального

общества к капиталистической формации. В мусульманской правовой культуре первичные воззрения на систему права и место в ней элементов права частного сохранились до наших дней и лишь отчасти подверглись модернизации.

Литература

1. Поляков А.В. Общая теория права: проблемы интерпретации в контексте коммуникативного подхода: учебник. – 2-е издание., исправ. и доп. – М.: Проспект, 2016. – с. 832.
2. Марк Туллий Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве. Под редакцией М.Л. Гаспарова. М. Издательство «Наука», 1972. с. 7-73.
3. Попов Л.А. Этика: курс лекций / Л. А. Попов. – М.: Центр, 1998. с. 10-32.
4. Кар Т.Л. О природе вещей. Москва, 2012.
5. Грицак Е. Н. Краткая история крестовых походов. Серия «Краткая история». – М., 2002.
6. Перевалов В. Д. «Теория государства и права. Курсовая книга. - М: Юрайт, 2008.
7. Берман Х.Г. Вера и порядок: примирение закона и религии. Издательство Б. Эрдманс, 1993.
8. Гараджа В.И. Социология религии. – М., 2005.
9. Сорокина Ю.В. Введение в философию права: курс лекций. – М.: Норма, 2008. – с.336.
10. Горшунов Д.Н. Частное право и ислам. Том 152, кн. 4. Ученые записки Казанского государственного университета. Гуманитарные науки 2010:9 стр.
11. Каутский К. Происхождение христианства / Пер. с нем. – М.: Политиздат, 1990. – 463 с., с. 310.
12. Юлиус С. фон Карольсфельд. Библийская энциклопедия: 240 отпечатков. Олма-Пресс. -.М., 2002.
13. Свентицкая И.С. Раннее христианство: страницы истории. – М., 2003.
14. Киреевский И.В. Мысль о природе европейского просвещения и его отношении к просвещению в России, Книга 1. -М., 1911.
15. Соловьев В.С. Сочинения в 2 томах. -.М,1988. С. 892-822.
16. Керимов Г.М. Шариат и его социальная сущность. – М.: Наука, 1978. – с. 223.
17. Садагар М.И. Основы мусульманского права. – М.: Изд-во Ун-та Дружбы народов, 1968. – с. 154.
18. Османова М. Н. О. Коран: Перевод смыслов. <https://quran.com.ua/meal/osmanov>
19. Гродекова Н.И. Хидая. Комментарии мусульманского права: в 4 т. / Пер. с англ.; под ред. – Ташкент, 1893 (репринтное издание 1993 г.).
20. Бехруз Х. Исламские традиции в праве. – Одесса: Юридична література, 2006. – 296 с., с. 74.

21. Цмай В.В. Право личного статуса (механизм формирования и реализации в мусульманских странах). Исторический и теоретико-правовой анализ: Дис. д-ра юрид. наук. – СПб., 2000. – с.441.
22. Кошева С.В. Мусульманское право о природе власти: Автореф. дис. канд. юрид. наук. – Ставрополь, 2001. – с. 23–24.
23. Гусейнов А.А. Великие моралисты. Изд. 2-е, дополненное. – М., 2008.
24. Горностаева Л. Г. Торгашев Г. А. Основы религиоведения: Курс лекций. – М.: Российский государственный университет правосудия, 2015. – с. 420.
25. Родионов М.А. Ислам классический. – СПб.: «Петербургское Востоковедение», 2001.- 256 с.
26. Оришев А.Б., Исламский банкинг в Европе, Бусс и дизайн 3. 2016.
27. Кант И. Критика практического разума. Редактор Перов Юрий Валерианович – М., Наука, 2007.
28. Рассказов Л.П. Основные источники права мусульманской правовой семьи. Философия, право, культура, религия. - 2014. №5. с. 51-54.
29. Берман Г. Дж. Западная традиция права: эпоха формирования / Пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Изд-во МГУ: Издательская группа. ИНФРА- М – НОРМА, 1998. – с.624.

ТӘҢІР СЕҢІМІ МЕН МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН КЕЙБІР КӘЛАМДЫҚ ФАКТОРЛАР

Ақмарал Сатыбалдиева
PhD докторант,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Мұхан Исахан
PhD, қауымдастырылған профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

بعض العوامل العقائدية (الكلامية) المؤثرة على تكامل الإيمان بالله والقيم
الإسلامية

Ақмарал Сатыбалдиева
طالبة دكتوراه،
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

Мухан Исахан
دكتور، أستاذ المساعد
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

SOME GLOBAL FACTORS AFFECTING THE INTEGRATION OF BELIEF IN GOD AND MUSLIM VALUES

Akmaral Satybaldieva
PhD student, Egyptian University of Islamic
Culture Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Mukhan Isakhan,
PhD, Egyptian University of Islamic
Culture Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

К ИНТЕГРАЦИИ ВЕРЫ В БОГА И МУСУЛЬМАНСКИХ ЦЕННОСТЕЙ НЕКОТОРЫЕ ТЕОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ

Ақмарал Сатыбалдиева
PhD докторант, Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Мухан Исахан,
PhD, доцент, Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ қоғамындағы Тәңір сенімі мен мұсылмандық құндылықтардың өзара ымыраласуына түрткі болған діни мәселелер ғылыми талқыланады. Түркілердің ежелгі діни наным – Тәңір сеніміндегі Ұлы Жаратушы сипаттары, «йалаваш», «саушы», «бес ене» культтері мен ислам дініндегі кәлам саласының илаһият, нубубат, самғият институттарының кейбір тақырыптары өзара синтез және антисинтездік әдіснама тұрғысынан талқыға түседі. Әсіресе эсхотологиялық тақырыптардың ұқсастығы сөз болады. Сонымен қатар Тәңір сеніміндегі илаһи сипаттар ислам дініндегі илаһият бабымен салыстырылып, ондағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер екшеленеді. Талқылауда көрсетілген кәламдық ұқсас факторлардың түркілердің ислам дінін қабылдауына әсер ету мүмкіндігі ғылыми болжам тұрғыда қорытындыланады. Тақырыптың мәнін ашуда нақты тарихи деректер мысалға келтіріліп, «Оғызнама» дастанындағы деректер, Өбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресі», Тәңір сенімін ұстанған Шыңғысханның ислам діні туралы көзқарасы, сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының деректері жан-жақты зерделенеді. Одан өзге, Оғыз қаған мен Ескендір Зұлқарнайын туралы түркі халықтары, оның ішінде қазақ фольклорында ұшырасатын деректер Құран Кәрім аяттары, Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистеріндегі мәліметтермен салыстырылып, ғылыми тың тұжырым жасалынады.

Түйін сөздер: Тәңір, көк, сипат, пайғамбар, йалаваш, саушы, бес ене, аят, хадис.

المخلص: في هذه المقالة تناقش العقيدة الدينية القديمة للأتراك - صفات الخالق العظيم في الإيمان بالخالق، طوائف «يلافاش»، «سسوشي»، «خمس أمهات» وبعض موضوعات الألوهية، النوبة، مؤسسات السمعيات تتم مناقشة الدين الإسلامي من وجهة نظر التوليف المتبادل ومنهجية التوليف المضاد. يتم تلخيص إمكانية تأثير عوامل الكلام المماثلة التي تظهر في المناقشة حول تبني الأتراك للإسلام من حيث التنبؤ العلمي (الفرضية). ومن وجهة نظر الكشف عن جوهر الموضوع، يتم تقديم البيانات التاريخية الحقيقية كمثال، ويتم تحليل آراء جنكيز خان، الذي آمن بالله، حول الدين الإسلامي. كما تمت مقارنة المعلومات حول الشعوب التركية، بما في ذلك الفولكلور الكازاخستاني، عن أوغيز خاقان وإسكندريك ذو القرنين، مع المعلومات الموجودة في آيات القرآن الكريم وأحاديث النبي صلى الله عليه وسلم، وتم التوصل إلى استنتاج علمي جديد.

الكلمات المفتاحية: الله، السماء، الشخصية، النبي، يلافاش، خمس أمهات، الآية، الحديث.

Abstract: The article examines the ancient religious views of the Turks - the features of the Great Creator in the belief in God, the cults of “yalawish”, “saushi”, “bes en” and some themes of the Islamic religion of deity, nububat. Samgiat institutions are discussed from the point of view of the methodology of mutual synthesis and antisyntesis. The possibility of the influence of such factors of kalam, shown in the discussion about the adoption of Islam by the Turks, is generalized in terms of scientific prediction (hypothesis). From the point of view of revealing the essence of the topic, real historical data is given as an example and the views of Genghis Khan, who believed in God, about the Islamic religion are analyzed. Also, information about the Turkic peoples, including Kazakh folklore, about Ogiz Kagan and Eskendik Zulkarnayin, is compared with information in the Koran-Karim verses and hadiths of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him) and a new scientific conclusion is drawn.

Key words: God, heaven, character, prophet, yalavash, sabzhi, five mothers, ayat, hadith.

Аннотация: В статье рассмотрены древние религиозные воззрения тюрков – особенности Великого Творца в вере в Бога, культы «ялавиш», «сауши», «бес ене» и

некоторые исламские вопросы, такие как илахият, нубубат и самгият. Институты самгиата обсуждаются с точки зрения методологии взаимного синтеза и антисинтеза. Возможность влияния подобных факторов калама, показанная в дискуссии о принятии тюрками ислама, обобщается в терминах научного предсказания (гипотезы). С точки зрения раскрытия сути темы в качестве примера приводятся реальные исторические данные и анализируются взгляды верившего в Бога Чингисхана об исламской религии. Также даются сведения о тюркских народах, в том числе казахский фольклор, об Огиз-кагане и Ескендире Зулхарнайине, которые сопоставляются со сведениями в Коране стихах и хадисах Пророка (мир ему и благословение Аллаха) и делается новый научный вывод.

Ключевые слова: Бог, небо, характер, пророк, ялаваш, савжы, пять матерей, аят, хадис.

КІРІСПЕ

Тарихымызда не түрлі нәубетті бастан кешірсек те, бүгінгі таңда еліміздегі орын алып отырған игі өзгерістерді есепке алсақ, ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі ислам дінінің жағдайы көңіл көншітерлік деп баға беруге болады. Десе де әттеген-ай деп опынатын кезіміз де жоқ емес. Қазақ елі тәуелсіздік алған жылдары әлемдік қауымдастықтың лайықты мүшесі боламыз деген даңғазамең жаһандану үдерістеріне кіріптар бола бастады. Алпауыт мемлекеттердің қолдауындағы діни бірлестіктердің елімізде емін-еркін діни қызмет атқаруына мүмкіндік берілді. Тіпті, алғашқыда дін қатынасын реттеудегі мемлекетіміздің құқықтық ұстанымында діни бірлестіктердің қызметін тежеу, шектеу, тыйым салу аспектілері өз деңгейінде көрініс берген жоқ. Керісінше діни ағымдарға рұқсат беру, мүмкіндік пен басымдық беру жағы көбірек қарастырылды. Осының әсерінен әуелде еліміздің діни-рухани ахуалы түрлі діни ағымдардан тұратын алажаңқа күйге бөленді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қандай діни жолды таңдаймыз деген мәселе күн тәртібіне қойылғанда, баз бір оқымыстылар ұлтымыздың сонау қадым замандағы Тәңір сеніміне оралу керектігін алға тартты. Әсілі, тарихта түркілер арасына Тәңір сенімі жөнінде жазылған

ғылыми-теориялық еңбектер таралмаған. Десе де Орхон-Енисей тас жазулары, «Оғызнама», «Қорқыт ата», «Алтын яруг», «Ырық-бітік», «Икки йылтыз ном», т.б. дереккөзді Тәңір сенімі хақын да мағлұматтар беретінін жоққа шығаруға болмайды. Негізінде, Орхон-Енисей тас жазбаларында Тәңір сенімі туралы деректер мол. Тәңірдің сипаттары туралы мәліметтер осы тас жазбаларда ұшырасады. Ал VIII-IX ғасырларға тән «Алтын яруг», «Ырық-бітік», «Икки йылтыз ном» кітаптарында буддизм және манихейліктің тәңіршілдікпен синкреті көрініс береді.

Тәңір сенімі туралы тағы бір мәлімет беретін қайнар көз – көне түркі фольклоры. Зерттеушілер ерте заманда дүниеге келген «Ойрат хан», «Маадай Қара», «Манас», «Урал батыр», т.б. түркі жыр-дастандарында Тәңір сенімі туралы деректер ұшырасатынын алға тартады. Сонымен бірге философ Ғ. Аюповтың пайымынша, түркі халықтары мұсылман бола бастаған кезеңде жарық көрген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» және Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасында ислам дінінің құндылықтарымен қатар Тәңір сенімінің сынықтары кезігеді. Аталған шығармаларда исламдық діни ұғымдар Тәңір сеніміндегі түркі атауларымен берілген. Осы себептен де «Құтадғу білік» пен «Диуани лұғат

ат-түрік» шығармалары Тәңір сенімі жөнінде хабар беретін қайнар көзге жатқызылып жүр. Ал тарихи тұрғыдан алғанда Әбілғазының «Түрік шежіресі», «Моңғолдың құпия шежіресі», «Оғызнама», т.б. шығармалар Тәңір сенімін ұста-нушылардың ғұмырынан хабар береді.

Тақырыптың негіздемесі

Негізінде, мыңдаған жылдарды құрайтын сыртқы ықпалдастықтың әсерінен түркілер Тәңір сенімінің әу бастағы түпнұсқасын сақтай алмаған. Сібірді мекендеген түркі және тұңғыс текті этностардың дүниетанымында тәңіршілдіктің белгілі бір үзіктері ғана бүгінгі күнге жеткен. Оларда буддизм, манихейизм, көп-құдайшылықтың (язычество) ықпалына ұшыраған синкретті діни тұжырымдар қалыптасқан. Кеңес үкіметі құлап, ТМД елдері діни еркіндікке қол жеткізген XX ғасырдың аяғындағы тәңіршілік пен тарихтағы әу бастағы Тәңір сенімі екеуі екі басқа ұғымға айналған еді.

Тарихи негізге сүйенер болсақ, Сібірден тыс аумақтарда мекендейтін түркі халықтарының басым бөлігі сонау орта ғасырларда ислам дініне таңдау жасады. Мәуереннаһр мен Түркістанды мекендеген түркілер VIII ғасырдың орта шенінен бері Хақ дін – исламмен таныса бастады. Олар тарихтың әртүрлі кезеңінде ислам дінін қабылдады. Тәңір сенімі мен ислам діні арасындағы ортақ ұқсастықтар және өзге де әлеуметтік шарттар түркілердің Хақ дінді жатсынбай қабылдауына игі ықпал етті.

Исламды қабылдағаннан кейін түркілер үшін Тәңір сенімі тарихи тұрғыдан ғана мәнге ие болып қалды. Ата-бабаларымыздың байырғы Тәңір сенімі исламға дейінгі кезең үшін ғана маңызды еді. Ал ислам дінін қабылдағаннан кейін оның мәні жоғала бастады. Тек баз бір ескі

құндылықтары исламмен синкреттеліп, бүгінгі күнге кейбір сарқыншақтары жетті. Осы себептен де Тәңір сенімінің исламға дейінгі белгілі бір тарихи кезең үшін ғана маңызы бар еді. Көптеген зерттеушілердің де тәңіршілік туралы сараптамалық ой-тұжырымдары осыған саяды.

Мақсаты мен міндеті

Тақырыпқа қатысты тарихи деректерді негізге ала отырып, сондай-ақ Тәңір сенімі мен мұсылмандық құндылықтардың өзара ұқсастықтарын ескере келіп, ғылыми мақалада көздегенімізге қол жеткізу үшін мынадай мақсат-міндеттерді негізге алдық:

– Тәңір сенімінің тарихи негіздеріне шолу жасап, ол жөніндегі ғылыми пайымдауларды талдау;

– Тәңір сенімінен хабар беретін Орхон-Енисей тас жазулары, «Оғызнама», «Қорқыт ата», «Алтын яруг», «Ырықбітік», «Икки йылтыз ном», т.б. дереккөзді саралау;

– Түркілердің ерте дәуірде дүниеге келген «Ойрат хан», «Маадай Қара», «Манас», «Урал батыр», т.б. түркі жыр-дастандарындағы Тәңір сенімі туралы деректерді бағамдау;

– Ортағасырлық шығарма «Шаар-ислам», Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік», М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбектеріндегі Тәңір сенімі мен мұсылмандық діни ұғымдардың синтезін зерделеу;

– Тәңір сеніміндегі илаһи сипаттарды теологиялық тұрғыдан анықтап, оны ислам ақидасымен салыстыра зерттеу;

– Тәңір сеніміндегі «бес ене» және зұлым күштер туралы ұғымдарды ислам ақидасындағы «періште» және «жын» туралы түсініктермен салыстыру;

– Тәңір сеніміндегі «калғаншы чак», «орын-судын», «асра» түсініктерін ислам

ақидасындағы самғият бабымен ұқсастықтарын саралау;

– Екі сенім арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді екшеп, жаңа байлам жасау.

Ғылыми зерттеудің әдіснамасы

Тәңіршілікті зерттеу барысында қисынды әдістер мен танымдық әдістер, объективті, жүйелі принциптерге негізделген анализ, синтез, мазмұндық талдау, жүйелеу әдісі, сонымен қатар жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері, тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, каузальды талдау әдісі, ивент талдау әдісі, тәжірибелік талдау, кросс-мәдени талдау әдісі, диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдістеріне жүгініп, объективті шындыққа қол жеткізу, мемлекет пен қоғам және адам құқықтарын құрметтеу көзқарасы негізге алынды.

Негізгі бөлім

Түркілер иланған Тәңір сенімі теологиялық өлшемдерге салып қарағанда қандай нанымға жататынын кесіп-пішіп айту қиын. Бүгінгі күнге келіп жеткен мәліметтердің әртүрлі болуына байланысты Тәңір сенімі хақында бірізді (консенсус) ғылыми тұжырым қалыптаспаған. Оның көптеген себептері бар. Тәңір сенімін ұстанушылар тарихтың әр кезеңінде әртүрлі ықпалдасудың нәтижесінде бұл нанымның түпнұсқасын сақтай алмаған. Сондықтан бүгінгі күнгі ғылыми айналымдағы тарихи деректерде Тәңір сенімі ала-құла күйде көрініс береді.

Орта ғасырлардағы көшпелі түркілердің Еуразия даласындағы тарихи үдерістерге белсене араласуы, олардың мәдени бет бейнесін ғана өзгертіп қойған жоқ, діни дүниетанымының алажаңқа

күйге түсуіне әсер етті. Тіпті, кейбір түркі тайпаларының тым оқшау өмір сүруі де діни нанымды дамымай, керісінше дағдарысқа түсуіне негіз болды. Ғаламдық ықпалдастықтың немесе тым қатты оқшауландудың әсерінен Тәңір сенімінің түпнұсқасы сақталынбағаны аңғарылады.

Б.з.д. V ғасырда өмір сүрген Конфуций өз шығармаларында «Тәңір» сөзінің баламасы ретінде «Тянь» сөзін негізге алған. И. Кафесоғлының пікірінше, сол дәуірде қытайларға «Тәңірі» түсінігі әскери қуаты мол түркілер арқылы енген [1, 81]. Түркілер саяси қуаттылығының арқасында отырықшы халықтарға әсер етіп, өз діни сенімдерін де халықаралық деңгейге көтерген. Ал түркілердегі Ұлы Жаратушы деп саналған «Тәңірі» сөзі ескі шумер тілінде «Dingir» (Дингир) деп аталған. Тәңір тақырыбына қалам тартқан зерттеушілердің көпшілігі түркілердегі «Тәңір» сөзі мен шумер тіліндегі «Dingir» (Дингир) сөзінің тілдік ұқсастығына тоқталып өтеді. Дегенмен зерттеушілер Қосөзен (Месопатамия) өңірін мекендеген шумерлерге де «Dingir» (Дингир) сенімі Орталық Азиядан келгендігі айтылады.

Тілші-лингвист Стефан Георгтің пайымынша, «Тәңірі» ұғымы прото-Енисей тілінде «жоғары құдірет» сөзінен келіп шыққан [3, 6]. Жалпы, Тәңір сенімі көне дәуірде көптеген халықтардың діни сенімі болғанымен, зерттеушілердің көпшілігі оның шығу тегі Сібір мен Алтайды мекендеген түркі қауымына тән екендігін алға тартады. Яғни Стефан Георгтің пайымы өзге зерттеушілердің тұжырымына қарағанда, Тәңір ұғымын Сібір халықтарына телуімен ерекшеленеді. Бұл шындыққа жақын байлам болуы мүмкін.

Отандық философ Н. Әмреқұлов тәңіршілдік сенімін ғарыштағы Тәңірді жалғыз жаратушы деп танып, табиғат, жан-жануар, адам әлемі арасындағы қа-

рым-қатынасты реттейтін ілім ретінде бағалап, «Тәңір» сөзі «тең» және «ер» деген сөздерден құралған деп есептейді [4, с. 38]. Ал М.С. Орынбеков болса, «Тәңір» сөзін бүкіл әлемнің тең қарым-қатынасын білдіретін «тең» және күн құдайының мағынасын білдіретін «Ра» сөзінің қосындысынан тұрады деп пайымдайды [5, с. 30]. Ш.Б. Амантурлин «Тәңір» термині қазақ тіліндегі бозала таңды білдіретін «таң» және кешкі ымыртты білдіретін «іңір» сөздерінен құралғанын айтады [6, 316]. Бұдан бөлек чуваш, татар, бурят, саха, ойрат, т.б. түркі халықтарының сөздік қорында «Тәңір» сөзі кездеседі. Аталған түркі тектес ұлттардың тілін зерттеген лингвист-мамандар «Тәңір» сөзіне қатысты Н. Әмреқұлов, М.С. Орынбеков, Ш.Б. Амантурлин айтқан пікірге жақын мағынадағы пайымдаулар жасаған.

Тәңір сеніміне қатысты кейбір мәліметтерге кәлам ілімі тұрғысынан жауап беретін болсақ, аталған діни сенімді монотеизмге жақындатуға ғылыми негіз жоқ емес. Маңызды деген деректер мен қисынды талдаулар арқылы Тәңір сеніміне позитивті көзқарас білдіруге болады. Мысалы, қасиетті жазбаларда Ұлы Жаратушының барлық ұлттар мен ұлыстарға илаһи сенімді хабарлаушы елшілер мен нәбилерін жібергендігі айтылады. Негізінде, діннің қажетті нормалары (теологиялық, ритуалдық, доктриналды, канондық, т.б. атрибуттары) түгел болмаса, сондай-ақ Алла тағаладан түскен кітабы немесе елшісі мен нәбиінің болғандығы дәлелденбесе, ол сенімді илаһи (монотеистік) деп айту қиын.

Алла Тағала Құран Кәрімде аты аталған 25 пайғамбардан өзге де Хақ елшілерінің болғандығы жөнінде: «Сондай-ақ саған бұрынғы елшілерді баян қылдық, сондай-ақ елшілерден саған

баян етпегеніміз де бар» (Ниса сүресі, 164 аят), «Ескертуші пайғамбар келмеген ешбір үмбет жоқ» (Фатр сүресі, 24 аят), «Әр үмбеттің бір пайғамбары бар» (Жүніс сүресі, 47 аят) деп, бірнеше рет ескертеді. Алла елшісінің (с.ғ.с.) хадистерінде адамзат баласына «Жүз жиырма төрт мың нәби, үш жүз он бес елші жіберілгендігі» келесі бір хадисте «Екі жүз жиырма төрт мың нәби, үш жүз он бес елші жіберілгендігі» [8, 5/266.] айтылады. Яғни Ұлы Жаратушыдан қасиетті кітаптар түсірілмесе де, қаншама пайғамбарлар монотеистік сенімді адамзатқа паш еткен.

Аталған қасиетті жазбаларға қарап, әу баста әрбір қауымға монотеистік сенімді үйретуші расул немесе нәбилердің келгендігі аңғарылады. Бұл илаһи мағұлматты қисынды және мәнді деп есептеуге болады. Өйткені Ұлы Жаратушы жаратқан қауымдарына ескертуші жібермесе, шынында оларды ақыретте қалай есепке тартады? Илаһи хабарлар берілмесе, сынаққа тартылудың не мәні бар? Яғни жоғарыда көрсетілген Құран Кәрім аяттары мен Алла елшісінің (с.ғ.с.) хадистері арқылы ықылым заманда түркі қауымына да ханиф сенімін үйретуші елші немесе нәби келген деп болжауға негіз бар.

Тәңір сеніміндегі монотеистік нанымның бүгінге жеткен белгілері нақты әрі толымды болмауына байланысты бұл жөніндегі зерттеушілер әрқилы пікір айтқан. Кейбір зерттеушілер натуразм, паганизм, фетишизм, зороастризм, т.б. діни сенімдердің атрибуттары ұшырасатынын айтса (9, 103-113 б.), келесі бір зерттеушілер Тәңір сенімін монотеизмге жақын діни сенім деп біледі [10, с. 11]. Бір сөзбен айтқанда, теологияда Тәңір сенімі туралы ортақ тұжырым қалыптаспаған. Дегенмен Орхон-Енисей

тас жазуларындағы: «*Көк Тәңірі аспан мен жерді жаратқанда, арасына адам баласын жаратты*» [11, 171 б.] немесе «Онгин» жазбасында: «*Тәңірге қызмет еттім, (Тәңір) жарылқады*» [12, 60-62 с.] деген жолдар көне түркілердің бір Тәңірге сенгендігін білдіретін тәрізді.

X ғасырдың алғашқы жартысында (922 ж.) Сыр бойына келген Ибн Фадлан оғыз түркілерінің қиналған сәтте «Басын көкке созып, «бір Тәңірі» деп мінәжат қылатынын» [13, 31] хабарлайды. Белгілі түрік зерттеушісі Хикмет Танью «Түркілердің дін тарихы» атты монографиясында түркілердің бір Тәңірге ғана табынатынын, Тәңірге құрбандық шалатынын айта келіп: «Олардың пайымынша, Көк (Тәңірі) ұлы һәм құдіретті еді» [14, 21 с.], – дейді. Хикмет Танью осы еңбегінде Тәңір сеніміндегі Ғұндардың қағаны Мөде тәңірқұтының көп құдайшылдыққа қарсы шығып, бір құдай сенімін дәріптеп, пұтқа табынушылармен он жыл бойы соғысқанын алға тартады [14, 18 с.]. Ал Жан-Поль Ру түркілердің империялық қуаты артқан тұста, бір Тәңірге табынғанын жеткізеді [15, 102 с.]. Бірақ Тәңір сенімін бұлайша саяси-діни тұрғыдан бағалау, сыни пікірді тудырады. Десе де Тәңір сенімінің дамуы мен құлдырауындағы тарихи себептерді есте жоққа шығаруға да болмайды.

Б. Огел «Исламнан бұрынғы түрік мәдениеті тарихы» атты монографиясында түркілер сенген Тәңірдің ирадасы (қалауы) шексіз екенін алға тартып, Тәңірдің абсолютті мәнге ие екенін тұжырымдайды [16, 264 с.]. Оған Орхон-Енисей тас жазуындағы қағандардың «Тәңірдің қалауымен билікке келдім» деген сөзін дәлел ретінде көрсетеді. Шыңғысхан дәуірінде өмір сүрген Плано Карпини де: «Татар елі тек бір Тәңірге сенеді» [17, 23 б.], – дейді. Басқа да деректер Шыңғыс-

хан шеріктерінің Көк Тәңіріне табынғанын, олар шабуылға шыққанда да «Мәңгі Көк Тәңірінің күшіне» (Mongke kuke tengri-iin kucun dur) сенгенін» [18, 402 б.] хабарлайды. Сонымен қатар араб саяхатшысы Әбу Дуләф өзінің шығармасында оғыздардың қалалары бар екенін, оны тастан, ағаштан, қамыс пен храмнан тұрғызғанын, оларда пұттардың жоқ екенін жазып қалдырған [19].

Түркілер Тәңірге «Көк» атауын қосып айтқаны белгілі. Кейбір зерттеушілер «көк» ұғымын тікелей космогония, яғни ғарыштық құдірет мағынасында айтылған деп түсінеді. Ежелгі гректер де Құдайдың аттарын Сатурн, Юпитер, Плутон деп ғарышпен байланыстырған. Қазіргі уақытта да баз бір ислам тобы (салафилер) Алла тағаланың мекені көкте деп біледі [20, 122-123 б.]. Жалпы, «Көк Тәңірге» қатысты зерттеушілер әртүрлі пікір айтады. Қ. Сартқожаұлы: «Көк» терминін талдай келіп, Тәңірге айтылатын «Көк» қарапайым аспан емес, киелілік пен қасиеттілікті білдіреді» [21, 66 б.], – деп түйіндейді. Ғ. Есім Тәңір сенімін дін емес дей келіп, «Көк Тәңірі» терминін талдағанда: ««Көк» дегеніміз өну деген ұғымға саяды» [22, 78-79 б.], – дейді. Түрік зерттеушісі Х. Танью түркі аңыздарындағы көк бөрі ұғымын талдай келіп, Тәңірдің періштесі (түркіні құтқаратын) бөрінің түсі көк емес, сұр болатынын алға тартып, «көк бөріні» – көктен келген, яғни Тәңірден келген деп түсінетінін айтады [14, 15 с.]. Г. Клоусонның айтуынша, «Аспанды» білдіретін «Тәңірі» сөзі ескі түркі жазбаларында діни мағынадағы «Құдай», яғни Алла ұғымын білдірген [23, 524 с.]. С. Мамедованың пікірінше, «Көк» сөзі түркі жазбаларында «асқақ», «күшті», «қуатты» мағыналарында қолданылған [19]. Қ. Сартқожаұлының пікірінше, «Тәңірді «Аспан» деп аудару

түркология ғылымындағы қателік екенін, ол» Құдай» деген мағына беретінін айтады [24]. Біздің пайымдауымызша да түркілер «көк» деп шексіздікті түсінген. «Көк Тәңірі» деп құдіреті түгесілмейтін Ұлы Жаратушыны атаған тәрізді.

Түркілердегі Тәңір ұғымы ислам дініндегі Алла түсінігіне қайшы келсе, Хақ дінді қабылдаған мұсылман түркілер бұл сөзді қолданбаған болар еді. Түркі деректемелеріне жататын «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік», Қ.А. Йасауидің «Диуани хикмет», «Құпия шежіре», Әбілғазының «Түрік шежіресі», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашидиінде», Өтеміш қажының «Шынғыснамасында», т.б. шығармаларда Алланың орнына «Тәңір» сөзі қолданылған. Қазақ халқының исламдануының шырқау шегі саналатын XIX ғасыр өкілі Хакім Абай да: «*Күнi-түнi ойымда бір-ақ Тәңірі, Өзіне құмар қылған Оның әмірі*» [25, 153 б.], – деп жырлап, Тәңір сөзін Алланың орнына қолданады. Яғни парсылар өз тілдеріндегі *Жаратушы* мағынасын білдіретін «Худайды» Алланың баламасы ретінде атайтыны секілді «Тәңір» ұғымы бір Жаратушы мағынасын бергендіктен де, мұсылман үмбетінің ішінде түркі халықтары «Алла» сөзінің баламасы ретінде «Тәңір» сөзін жиі айтқан деп тұжырымдауға болады.

Жалпы, түркі халықтарының фольклорында Тәңірдің басқа атаулары да кезігеді. Атап айтар болсақ, Тек, Үзе, Иду, Үлген, Ачу, Баят, Уған, Кучлу, Бәнгү, Бірхан, т.б. атауларды түркілер Тәңірі ұғымында қолданған. Тәңір сенімі туралы оң пікір айтып жүрген зерттеушілердің пайымдауынша, оларды Тәңірдің әсем атаулары мен сипаттары деп қабылдауға

болады. Айталық, «Тек» – бір (әл-уаһид), «Үзе» – жоғары (Әли), «Иду» – ие (Мәликул мулк), «Өлген» – үлкен, ұлы (әл-Ғазим), «Ачу» – қаһарлы (әл-Қаһар, әл-Қудра) «Баят» – әуелгі (әл-Әууал), «Чалаб» – үстем (әл-Жаббар), «Уған» – жаратушы (Халик), «Кучлу» – құдіретті (әл-Қудра), «Бәнгү» – мәңгілік (әл-Ахир) деген мағыналарға саяды [19].

Мысалы, Орхон-Енисей жазбаларында «Teñir teg» – жалғыз Тәңір [24], «Үзе» сөзі «Üzə tenri kan lüi yılka yetinc ay küçlig alp kağanımda adıralu bardınız» – «Айдаһар жылының жетінші айында жоғарыдағы Тәңірі күшті ер қағанды тастап кетті», «Üzə tenri erklik m... kmıs» – «Құдіретті Тәңірі жоғарыда» деп өтеді. Махмұт Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде «Иду» сөзі «идхимизярлығы» – «Идудің бұйрығы» деп қолданылған [26, S.153.]. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасында «Баят» және «Уған» деп атаулары: «Ugan bir bayat ol kamuğda üzə» – «Әуелі ол жоғарыдағы Уған қамын ойлады», «Ugan zülcelal» – «Ұлы Жаратушы Уған», – деп жырланады [27, S. 36]. И.В. Стеблеваның көзқарасынша, көне түркілердегі Тәңір рухының «Жаратушы», «Қамқоршы», «Түзетуші», «Жазалаушы» функциялары болған [28, 213 с.]. Яғни Тәңір ұғымының да жоғарыда аталғандай әсем атаулары мен сипаттары болған сияқты.

Тәңір сеніміне қатысты деректерді талдағанымызда бұл діни сенімді монотеистік әрі трансцендентті діни нанымға жатқызуға кедергі келтіретін элементтердің де ұшырасатынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ тарих үдерістеріндегі әртүрлі ықпалдастықтың нәтижесінде Тәңір сенімінің бастапқы түпнұсқасы сақталынбаған. Бұл сеніміндегі кәлам ілімі, құлшылық негіздері, құқықтық үкімдер трансформацияға ұшырап отырған. Сонымен қатар Тәңір сенімі өзіне тән діни элементтері бойынша сәмауи

діндерден біршама ерекшеліктерге ие. Атап айтар болсақ, Тәңір сеніміндегі діни мансаптылардың (тойын, қам, бақсы, құшынаш, елті, т.б.) функциялары, эсхатология, демонология түсініктері және құлшылық негіздері мен құқықтық үкімдерінде айтарлықтай өзгешеліктер бар. Алайда бұл өзгешеліктер Тәңір сенімінің монотеистік әрі трансценденттілігіне көлеңке түсіре алмайды. Теология ғылымында сәмауи діндердің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қатысты мынадай концепция қалыптасқан:

Біріншіден, Алладан келген дінуің барлығының сенім негіздері бір. Алла тағала адамзатқа жіберген елшілері мен нәбилерінің бәріне бір дінді үйреткен. Яғни күллі илаһи дін – Ұлы Жаратушының іһәм елшілер мен нәбилер әкелген діндердің ақидасында (Құдайдың заты мен сипаты, пайғамбар, тағдыр, о дүние, ақырет, періште, ібіліс, жын, т.б. түсініктері) айырмашылық болған емес.

Екіншіден, Алла тағаланың елшілері мен нәбилері әкелген діндердің сенім негіздері бір болғанмен, Жаббар Хақ олардың құлшылық рәсімін әртүрлі етіп бекіткен. Мәселен, яһудилер мен мұсылмандардың намазы бір-біріне ұқсамайды. Христиан дініндегі ораза мен исламдағы оразаның да ережесі әртүрлі. Тәңір сенімін ұстанушылар бақсы-құшынашпен бірге құлшылық жасаса, ал ислам дінінде жындармен байланыс жасауға тыйым салынды, т.б.

Үшіншіден, илаһи діндердің ақидасы бір болса да, олардың фикһтық үкімі, яғни қоғамдық қатынасты реттеу ережесі әрқилы болып келеді. Оған Ұлы Жаратушы тарапынан рұқсат етілген. Фикһ – дінге негізделгенмен, фуқаһалар уақыт пен кеңістіктің алғышарттары мен сұранысына қарай ережелерді өздері жасайды. Ислам мәзһабтарындағы ижтиһад-

тардың әртүрлі болуының себебі осында жатыр [29, 17-18 с.].

Егер Тәңір сенімі илаһи дін болса, онда оның сенім негіздерінде сәмауи діндердің ақидасымен алабөтен өзгешелік болмаған деп болжауға негіз бар. Алайда Тәңір сенімінде өзге діни ережелерге ұқсамайтын өзіне тән – саяси басшы қағанның алтын ұрықтан жаратылуы, қамдар мен бақсылардың жындармен байланысуы, әлемнің жаратылысы, эсхатология және демонология туралы түсініктері, қоғамдық қатынасты реттеуші құқықтық жүйесі, т.б. элементтер ұшырасады. Бұл – Тәңір сенімінің белгілі бір діни ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

Әуелі Тәңір сенімі монотеистік дін болса, бұл діннің пайғамбары кім деген сұрақ туындайды. Бұл жөнінде нақты жазба дерек кездеспейді. Қасиетті жазбаларда да түркілерге келген елші немесе нәби турасында нақты мәлімет жоқ. Десе де жоғарыда айтып өттік Құран Кәрімде аты аталған 25 пайғамбардан өзге де Хақ елшілерінің болғандығы жөнінде: «*Сондай-ақ саған бұрынғы елшілерді баян қылдық, сондай-ақ елшілерден саған баян етпегеніміз де бар*» (Ниса сүресі, 164 аят), «*Ескертуші пайғамбар келмеген ешбір үмбет жоқ*» (Фатр сүресі, 24 аят), «*Әр үмбеттің бір пайғамбары бар*» (Жүніс сүресі, 47 аят) деген аяттар кездеседі. Бұл илаһи дерек бізге белгісіз, бірақ әу баста әрбір қауымға монотеистік сенімді үйретуші расул немесе нәбилердің келгенін аңғаруға болады. Сонымен қатар Алла елшісінің (с.ғ.с.) хадистерінде адамзат баласына «*Жүз жиырма төрт мың нәби, үш жүз он бес елші жіберілгендігі*» келесі бір хадисте «*Екі жүз жиырма төрт мың нәби, үш жүз он бес елші жіберілгендігі*» [8, 5 с.] айтылады. Негізінде, бұл илаһи мағұлмат қисынды және мәнді. Неге десеңіз, Ұлы Жаратушы мына әлемді адам-

зат баласы үшін сынақ алаңы ретінде жаратқан болса, Оның ескертусіз сынаққа тартуы әсте мүмкін емес. Сол себепті Құдай тағала түркілерге де таухидті паш еткен пайғамбар жіберген болуы мүмкін деп топшылауға негіз жоқ емес.

М.Ж. Көпейұлының келтірген дерегіне қарағанда, түркілерге Озған (Оғыз қаған) атты пайғамбар келген көрінеді. Оның айтуына қарағанда, түркілерге жаңа пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) діні туралы хабар жеткенде, бабаларымыздың бір тобы араб түбегіне сапар шегіп, Мұхаммедпен (с.ғ.с.) жүздесіп, өздерін: «Озған (Оғыз қаған) пайғамбардың үмбетіміз деп таныстырғанда [30, 59-6.] Алла елшісі түркілердің бұрынғы пайғамбарын терістемеген көрінеді. Сондай-ақ белгілі фольклортанушы Шәкір Ыбыраевтың жинаған аңыз-әңгімелерінде де түркілерге келген Озған атты пайғамбардың есімі ұшырасады [31, 250 б.].

Көне дәуірден түркі халықтарында Озған пайғамбар немесе Оғыз қаған туралы «Оғызнама» атты дастан жеткен. Бұл дастанның бүгінгі күнге аздаған ерекшеліктері бар исламға дейінгі және исламнан кейінгі екі нұсқасы ғылыми айналымға енген. Екі нұсқаның мәтінінде кейбір атаулар мен терминдердің өзгешелігі болғанымен, жалпы екі нұсқаның желісі бір. Көптеген зерттеушілер осы шаққа дейін «Оғызнаманың» бұл екі нұсқасын зерттеп, бұл туындыға қатысты өз пікірлерін берген. Әйтсе де зерттеушілердің басым көпшілігі «Оғызнаманың» әдеби хәм тілдік қырын зерттеумен шектелген. Тек кейбір зерттеушілер ғана Оғыз қаған қиялдан туған образ емес, оның тарихи тұлға екенін болжайды. Мәселен, Н.Я. Бичурин Оғыз қағанды ғұндардың тәңірқұты Мөде екенін айтады [32, 46-47 с.]. Иакинф әкейдің бұл болжамын түрік зерттеушісі Ахмет Кабаклы

да жақтап, ол да Мөде мен Оғыз қағанды бір кейіпкер деп біледі [33, 12 б.].

Жалпы, Оғыз қағанның образын Құрандағы Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғыс хан, Бұқа ханмен, Жәнібек ханмен теңестірген басқа да зерттеушілер болған. Дегенмен біздің Бичуриннің болжамына тоқталуымыздың өзіндік себебі бар. Иакинф әкей Оғыздың өз әкесі Қараханды жеңіп таққа отыруын, Мөденің әкесі Туманды өлтіріп, билікке келуіндегі ұқсастықты алға тартып, екеуін тарихи бір тұлға деп болжайды [32, 46-47 с.]. Сонымен бірге екі тұлға да жарты әлемді жаулап алған ұлы жиһангер болатын. Мысалы, тарихи еңбектерде Мөденің Шығыстағы Тынық мұхиттан Каспий теңізіне дейінгі аралықтағы 36 мемлекетті жаулап алғандығы айтылады [34, 245-246 б.]. Әбілғазы да өзінің «Түрік шежіресінде» Оғыз қағанның бір Тәңірге сенуді дәріптеп, Моңғол, Татар, Шүршіт, Қытай, Тұран, Үндістан, Иран, Шам, Мысырға жорық жасап, жаулап алғандығын жеткізеді (35, 18-22 б.).

Шынында да «Оғызнама» дастанындағы кейіпкер кім? Ол пайғамбар ма, әлде әлемді жаулаушы жиһангер ме? Оғыздың туа салып, анасына Тәңір тағалаға иман келтірмейінше, омырауын ембейтінін айтуы [36, 36 б.] пайғамбарлық сипат екені талассыз шындық. Себебі бүкіл пайғамбарлар «исмат» (күнәсіз, пәк) сипатымен ғұмыр кешеді [37, 150 б.]. Тіпті, Оғыз қағанның тілі шығысымен «Алла, Алла» деуі, Көр хан мен Көз ханның қыздары көпір болғандықтан олармен төсектес болмауы, дінсіз әкесін жеңіп таққа отырғаннан кейін көпірлерге қарсы ғазауат жасауы [35, 16-22 б.], оның шынында да пайғамбар болуы мүмкін екенін аңғартады.

Одан бөлек Оғыз қағанның образын Құран Кәрімдегі Ескендір Зұлқарнайынмен ұқсатушы ғылыми тұжырымдар

да кезігеді. Мәселен, XVI ғасырда өмір сүрген Рүстем Паша жазған «Тауарих Әли-Осман» атты шығармада Құран Кәрімдегі Зұлқарнайынның Оғыз қаған екендігі айтылады. XVII ғасырдың атақты тәпсірші ғалымы Вани Мехмет Ефенди «Арайсул-Құран» атты шығармасындағы Кәһф сүресіне жасаған түсіндірмесінде Батыс пен Шығысты бағындырған Зұлқарнайынның «Оғызнама» дастанындағы күллі әлемді жаулап алушы Оғыз қаған екеніне тоқталады. Сондай-ақ Нәшридің «Китаб-и Жиһаннамасында» Шығыс пен Батысты жаулап алушы Оғыз қаған Құран Кәрімде өтетін Ескендір Зұлқарнайын болуы мүмкін дейді [38]. И.Х. Данышменд «Түркілік мәселелері» атты зерттеуінде Құран Кәрімдегі Зұлқарнайынның түркі билеушісі Оғыз қаған екеніне еш күмәнданбайтынын жеткізеді [39, s.113.].

Ескендір Зұлқарнайынның түркілерге қатысы бар екендігі Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде де айтылады. Шығарма иесі «ұйғыр» атауының шығу тегін тарқатқанда Ескендір Зұлқарнайынның түркі жауынгерлерінің аттың үстінде тұрып садақ тартуда алдындағы нысананы қалай көздеп атса, артындағыларды да солай көздеп ататын мергендігін көріп: «Инан Хузхуранд» («бұлар ешкімге мұқтаж емес», яғни аң атып күнін көре алады мағынасында), – деген көрінеді. Махмұт Қашқари кейін «Хузхур» сөзі өзгеріске ұшырап, «Ұйғыр» болып аталғанын баяндайды [40, 19-20 б.].

Кейбір тарихшылар Құран Кәрімде аты өтетін Ескендір Зұлқарнайынды әл-Мунзир ибн ас-Сама немесе Әбу Қариб әл-Химияри десе, келесі бір зерттеушілер оны атақты жаһангер Александр Македонскийге ұқсатады. Ал тәпсірші ғалымдар Ескендір Зұлқарнайынды

Ибраһим пайғамбар дәуірінде өмір сүрген Йемен елінің күдіретті патшасы деп біледі. Десе де Ескендір Зұлқарнайынның кім болғандығы, қай дәуірде өмір сүргендігі ғылымда әлі нақтыланбаған. Тек оның Батыс пен Шығысты жаулап, қиямет-қайымда шығатын Яжуж бен Мажуж қауымынан сескеніп, өзінен көмек сұраған тайпа өкілдерін қорғау үшін екі таудың ортасына темірді балқытып, шойыннан қорған тұрғызғандығы туралы илаһи хабарлар (Кәһф сүресі, 83-98) жеткен. Сол себепті біз Ескендір Зұлқарнайын мен Оғыз қағанды бір тұлға деп санайтын түрікшілдікке негізделген теорияны ғылыми жорамалдардың бірі деп қана қабылдаймыз.

М. Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде пайғамбарды түркілерде «иалабаш», «Тәңирнің әлчиси – иалаваш, ханның әлчиси – иалафар» – «Тәңірінің елшісі – йалабаш, ханның елшісі йалафар» деп атайтынын жеткізеді (Мәтінде: «Мұхаммед Тәңірі Елаужы турур» (Фатих, 29) деп келген [40, 63 б.]. Қарақан дәуірінде тұңғыш рет тәржімаланған Құран Кәрімде де «пайғамбарды» «йалабаш» деп берген [41, 757 б.]. Осыған қарағанда түркілерде эзелден пайғамбар туралы түсінік болған тәрізді. Бірақ түркілерге келген пайғамбар кім дегенге келгенде, нақты жауап беру қиын. Озған пайғамбар туралы деректі растайтын қосымша дереккөз табылмағандықтан, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбасындағы аңызды абсолютті шындық ретінде қабылдауға болмайды. «Оғызнама» дастанындағы діни оқиғалар желісі қосымша тарихи фактілермен дәлелдеуді қажет етеді. Сол себепті түркілердің Тәңір сенімі монотеистік дін бе, түркілерге пайғамбар келген бе деген заңды әрі тарихи сұрақтың әзірге нақты ғылыми концептуалды жауабы жоқ.

Тәңіршілдік тақырыбында ұзақ жылдар бойы зерттеу жасаған Г. Аюпов «Шар-и Ассам» атты ислами дереккөзінде Тәңір сенімінің жиырма бес пайғамбары болғанын атап өтеді. Олардың аты-жөні: 1. Аман; 2. Амият; 3. Үміт; 4. Бурах; 5. Тахин; 6. Ғоссан; 7. Еркіл; 8. Сайус; 9. Со-кун; 10. Доюл; 11. Салак; 12. Тәпकिр; 13. Анук; 14. Геддат; 15. Китин; 16. Гадук; 17. Лайчур; 18. Нарун; 19. Камун; 20. Қишак; 21. Қыпшыл; 22. Кимдун; 23. Ясан; 24. Явек; 25. Құр [42, с. 194.]. Сонымен қатар монография авторы «Шар-и Ассам» кітабында аталған пайғамбарлардың сипаттары мен қай дәуірде өмір сүргендігі туралы аз-кем мәлімет берілгенін көрсетеді.

Г. Аюпов тапқан бұл дерек тәңіршілдік тақырыбындағы тың жаңалық екені сөзсіз. Алайда ғылыми айналымда «Шар-и Ассам» атты еңбектің маңыздылығы жөнінде зерттеушілер тарапынан салмақты пікірлер айтылмаған. Бұл еңбектің түпнұсқасын қарап шығып, ондағы деректерді ғылыми тұрғыда сараламайынша Тәңір сенімінің жиырма бес пайғамбары туралы кесімді ой-тұжырым айту қиын. Сол себепті бұл дереккөз және ондағы келтірілген мәліметтердің ғылымылығын анықтауды алдағы күндердің еншісіне қалдырамыз.

Жоғарыда Тәңір және оның сипаттары жөнінде айтып өттік. Кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, көне түркілердің әуелгі Көк Тәңірі туралы түсінігін монотеизмге негізделген деп тұжырымдауға болады. Алайда көне түркілер әуелде бір Тәңірге нанғанымен, келе-келе Құдай туралы абсолютті түсініктері өзгеріске ұшыраған тәрізді. Сәмауи діндерде Ұлы Жаратушы абсолютті құдіретке ие болса, политеистік сенімдерде біртұтас құдірет тарамдалып, ішкі мәнін жоғалтып, антропоморфистік сипаттар мен көпқұдайшылдыққа жол береді. Тәңір сенімін

ұстанушылар да әртүрлі ықпалдастықтың нәтижесінде кейінірек таухидтік нанымның түпкі мәні мен діни мазмұнын жоғалтып алған.

Тәңіршілдік тақырыбына қалам тартқан зерттеушілердің мәлімдеуінше, Тәңірдің Ұмай, Мандашир, Майтүре, Япқара, Шалима [43, с. 217], Жажиық, Суйла, Карлық, Утукшы секілді көмекші (періште) рухтары болады [44, s.124]. Олардың әрқайсысының белгілі бір функциясы болғандығы көрсетіледі. Айталық ауа райының әміршісі Үркер, найзағайдың әміршісі Насиғай, т.б. [43, с. 217]. Бұл жерде Тәңірдің көмекшілері періште мағынасында айтылып тұр ма, әлде олар пантеизм сипатындағы құдіретке ие культтер ме? Тәңіршілдік жөніндегі зерттеулерде осы жағы нақты емес. Дегенмен көмекші рухтардың қызметтерін саралау арқылы олардың періштелер тұрпаттас кейіпкерлер екеніне көз жеткізе аламыз.

Абсолютті құдіретті паш ететін сәмауи діндерде періште әлемі бар. Ол кәлам ілімінің бір парасы ғана емес, діндегі нәнуға тиісті парыздардың қатарына кіреді [45, 537-546 с.]. Егер жоғарыда аталған Тәңір көмекшілері періштеге саятын ұғымдар болса, бұл таухидтік сенімге қайшы келмейді. Ал Тәңірмен бірге олар да құдіретке ие күш болса, онда бұл пантеизм ақидасына әкеліп соғады. Жалпы, әу баста ғаламды Тәңір жаратып, одан кейінгі ғалам тағдырына араласпайтын «Тынығушы құдай» [46, 80 с.], яғни «Демуриг» культінің Тәңір сенімінде болғандығы дүдәмалдау. Бұл мәселені бағамдау үшін қосымша деректер табылмаса, Тәңір сенімінде пантеистік түсініктердің болғаны немесе болмағаны туралы нақты бір ой-пікір айту қиын.

Кейбір деректерде аталған Тәңір көмекшілері періште ретінде суреттеледі. А. Инан келтірген деректерде Тәңірі Ман-

даширді жұмсап, ол Еркілікті жеңіп, оның көктегі әлемін қиратып, жермен-жексен қылады [47, s. 19.]. Сондай-ақ көне түркі дүниетанымында періште мағынасында қолданылған «бес ене» түсінігі болған. Қазақтың «бесенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымынан шыққан. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені – «бес ене» деп қабылдаған. Ориенталист-зерттеушілердің еңбегінде қырғыз-қайсақтардың Шыңғысхан дәуірінде От ана мен Май анаға сыйынғандығы айтылады [48, с. 6.]. Арғы түркілер «бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, жолын ашып, алдынан жарылқайды деп түсінген. Осы себептен де көне түркілер «Ұмай анамен» қатар аталатын «бес енені» пір тұтқан. Одан басқа Тәңірдің қаһарын көрсететін және адамның жанын алатын «Аза» (Ажа), «Ажал» атты Әзірейіл сипатындағы культтің болғандығы мәлімделеді. Қазақ дүниетанымындағы «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» деген тіркес сөздегі «әже» – осы «Аза» культінен бұр жарған болуы ықтимал [49, 383 б.]. Сонымен қатар қазақ мифологиясында «Азаға» ұқсас «Алдашы» атты жаналғыш бейне кезігеді. Оның қызметі дәм-тұзы таусылған пендені атына мінгестіріп о дүниеге жеткізіп салу болған. Фольклортанушы А. Тойшан «Алдашы» персонажын ислам дініндегі Әзірейіл періштемен салыстырып, өзара ұқсастықтары бар екенін алға тартады [50].

Жалпы, Тәңір сенімі қай уақыттан бастап антропоморфистік түсініктерге жол бергені белгісіз. Мысалы, антропоморфтық діни түсініктің бірі кейбір деректерде Ұмай ене періште сипатында көрініс берсе, Е.М. Мелетинский келтірген деректерде Тәңірдің некедегі әйел Құдай ретінде сомдалады [51, 90 с.]. Бұл

жөнінде С. Қасқабасов тәңірі құдайының ер бейнесінде айтылатынын: «Шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай жер-ана болып қабылданады. Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан-әке, жер-ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады», – деп Тәңір сенімінде иерогамияның (қасиетті неке) болғандығын алға тартады. С.Г. Кляшторный да көне түркілерде көк құдайы Тәңір мен жер-анасы Ұмайдың қасиетті некесі туралы айтып өтеді [52, с. 133].

Көне түркі фольклорындағы әйел затын желеп-жебеуші Ұмай енені Тәңірдің жары деп алатын болсақ, бұл түсінік монотеизмге қайшы келеді. Тәңір сенімі туралы позитивті тұжырым айтып жүрген Д. Қыдырәлі: «Бұл арада бір айта кетерлік жайт, ориенталист ғалымдар «Ұмай» сөзін «тәңір ана» деп қате аударып жүр. Біздің ойымызша, Ұмай – аналарды қолдайтын періштенің аты» [53, 14-20 б.], – деп жоғарыдағы пікірлерді жоққа шығарады. Н.Г. Аюпов осы пікірді жақтап, түркілерде «Ұмай» сөзі әйелдердің «жатыры» деген мағына беретінін, оның ана құрсағындағы сәбилердің жебеушісі екенін айтады [42, с. 194].

М. Элиаденің пікірінше, ер Құдай мен әйел Құдай арасындағы қасиетті неке туралы діни түсініктер Азиядағы Индонезия, Солтүстік Африка және оңтүстік Америка елдерінің фольклорында ғана кездеседі [46, с. 92-93]. Демек, Тәңір сеніміндегі иерогамия туралы түсінік әуелден түркілерде болған ба, әлде зерттеушілердің қате пайымдауы ма, бұл жағы белгісіздеу. Бірақ ислам дінін қабылдағаннан кейін де түркі халықтарында Ұмай ана культінің жалғасын тапқанына қарағанда, Тәңір сенімінде «қасиетті

неке» ұғымы болмаған деуге негіз бар. Бұл жөнінде Д. Қыдырәлі: «Біздің ойымызша, Ұмай – аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан. Түріктер Ұмай анаға табынбаған. Ұмай анаға деген құрмет ислам діні орныққаннан кейін де жалғасып, кейіннен оған Биби-Фатима анаға деген құрмет қосылып, бұл үрдіс уақыт өте келе исламдық сипат алған» [53, 14-20 б.], – дейді. Осыған ұқсас пікірді шығыстанушы Ж. Жомарт та өз зерттеуінде қайталап айтады [54, 74 б.]. Демек, ислам дінімен синтезделгеніне қарағанда, әуелде түркілер Ұмай ананы жердің Құдайы әрі Тәңірдің жары деп түсінбеген. Зерттеушілердің жаңсақ пайымдауынан немесе кейін әртүрлі ықпалдастықтың нәтижесінде Ұмай ананы жер Құдайы һәм Тәңірдің некелі жары деген ұғым ортаға шыққан тәрізді.

Тәңірге жаратылысқа тән сипаттар (антропоморфизм) беру түркі халықтарының бәрінде кездеспегенмен, Сібірді мекендеген саха, хакас, бурят, алтай секілді ұлттардың фольклорында жиі ұшырасады. Сахалар Тәңірді (Үрунг Айыы Тойон) көк жүзінің жетінші және тоғызыншы қабатында отырады [44, s.120.] және Көк Тәңірі күміспен күптелген үш баспалдақты ақ тастан жасалған тақта отырады деп біледі [44, s. 44]. Абакан түркілері Көк Тәңірінің көкте шатыры, ал буряттар Тәңірдің көк жүзінде алтынмен апталған, күміспен күптелген үйі бар деп біледі [44, s.123]. Алтай түркілері құдайларды Сумер (Сумбер, Сумур) атты тауды мекендейді деп біледі [44, s. 45]. Моңғолдар Құдайды (Курмуста) ғаламның орталық тауының ұшар басында отырғанына иланады [44, s.124].

Негізінде, Құдайға мекен беру сәмауи діндердегі абсолютті құдіреттің трансцендентті екеніне нұқсан келтіреді.

Бірақ сахалардың Құдайға мекен беруі Тәңір сенімінің түпнұсқасынан алынбаған болуы мүмкін. Неге десеңіз, олардың «Үрунг Айыы Тойон» сенімі сыртқы ықпалдың әсерінен пайда болған. Көптеген зерттеушілер тойонизмнің Тәңір сенімі емес екенін алға тартады [9, 103 б.]. У. Харбаның пікірінше, Алтай түркілерінің сеніміндегі «Сумер тауы» түсінігі Үнді мәдениетінің ықпалынан пайда болған (44, s. 45). Яғни Тәңірге мекен беру түсінігі өзге діни сенімдердің ықпалымен сіңіскен.

Алтай түркілеріндегі діни аңыздар бойынша Үлген Тәңірінің жеті ұлы, тоғыз қызы болған. Олардың аттары: «Жажиган», «Қаршит», «Бақтаған», «Қара құсхан», «Қанум» және «Жажыық». Келесі бір деректерде «Қаршыт», «Пурхан», «Жазыл-хан», «Бурчакан», «Қара құс», «Пактукан», «Әр канум» [44, s.125] және Май-ана, Май-төре [44, s. 136] деп аталады. Олардың басым көбі көк жүзінің қабаттарында отырады. Олардың ішінде Жажик қана жер жүзіндегі қайырлы іске мұрындық болып, адамдар арасында өмір сүреді (44, s.124).

В.В. Радлов Қарғизан өзені маңын мекендейтін Лебед түркілерінің бас Тәңірдің Пуршак қан, Төскан, Қара қан, Суилап атты ұлдары, Суилаптың Сары қан, Пуршак қанның Кыргыз қан атты баласы бар, бұлардың ішінде Қара каннан басқасының бәрі адамдарға жақсылық жасайды, бас Тәңірі жеті қат көк жүзінің үстінде жұбайы Кануммен бірге тұрады. Тәңірдің ұлдары дәрежелеріне қарай жоғарыдан төменге қарай орналасады. Оларды Тәңірдің адам баласына жіберген хабаршылары деп білетінін жеткізеді [44, s.127].

Жалпы, Тәңірге отбасы (жар, ұл, қыз) ұғымын телу көптеген діни сенімдерде кездеседі. Тіпті, мұндай діни түсініктер

сәмауи діндерді (яһуди, христиан) ұстанушылардың тәжірибесінде де ұшырасып жатады. Жоғарыда аты аталған Сібірдегі түркі-моңғол халықтарының дүниетанымындағы Тәңірдің көмекші рухтары мен Тәңірдің ұл-қыздары атауларының арасында ұқсастық бар екені байқалады. Мысалы, Н. Жураказиевтің мәлі-метінде Тәңірдің көмекші рухы ретінде көр-сетілген Майтүре [43, с. 217] және Б. Әбжет зерттеуіндегі Май ана У. Харбаның еңбегінде Тәңірдің ұлы-қыздары ретінде көрсетіледі. У. Харбаның еңбегінде Суила мен Жажиық бірде көмекші рухтар бейнесінде, бірде Тәңірдің ұлдары ретінде көрініс береді. Соған қарағанда әуелгі Тәңір сеніміндегі көмекші рухтар (періште) түсінігі кейін сыртқы ықпалдастықтың нәтижесінде трансформацияланып, Тәңірдің ұл-қыздары ұғымына айналған секілді. Неге дегенде, Тәңірге отбасын телу түсінігі көне түркілердің дүниетанымынан хабар беретін Орхон-Енисей жазбалары, «Оғызнама» және «Қорқыт ата» дастандарында мүлде ұшыраспайды. Сол себепті Тәңірге отбасын теліп, оның ұл-қызы бар деген түсініктер кейін енген деп ойлаймыз.

Көне түркілердің антропоморфистік түсі-ніктерінің бірі – Тәңірді аспанда немесе көк аспанның өзін Тәңір деп білуі еді. Бұл метафизикалық (рухани) ұғым ба, әлде материалдық мағынада Құдайға мекен беру ме? Аталған мәселе жөнінде зерттеушілердің тұжырымына көз жүгіртсек, олардың көпшілігі түркілер аспанды Тәңір деп санағанын алға тартады [60, 77 с.]. Ш. Уәлиханов та осы пікірді жақтап: «Көк аспанды – Көк Тәңірі» [61, 170 б.], – деп атайды.

Негізінде, Құдайды аспанда деп ұғыну, сондай-ақ Ұлы Жаратушының ризық-несібесін көктен тілеу – көптеген діндерде кездесетін факт. Ислам дінін-

де де Алла тағалаға мінәжат еткенде, екі қолды көкке қарап жайып, дұға жасалады. Бұл діни рәсім Алла елшісінің (с.ғ.с.) хадистерімен бекітілген (62, 487 б.). Алайда ислам теологиясында Құдай аспанда емес, дұға-тілектің құбыласы сонда деп есептелінеді. Ежелгі гректер де Құдайдың аттарын Сатурн, Юпитер, Плутон деп ғарышпен байланыстырған. Қазіргі уақытта да баз бір ислам тобы (салафилер) Алла тағаланың мекені көкте деп біледі [20, 122-123 б.]. Десе де түркі дүниетанымын індете зерттеп жүрген Қ. Сартқожаұлы: «Тәңірді «Аспан» деп аудару түркология ғылымындағы қателік екенін, ол Құдай», – деген мағына беретінін айтады [24]. Демек, қазақ халқының сөздік қорында кездесетін «көк соққыр», «көкке төбем екі елі жетпей қалды» деген тіркестер Құдай мағынасында қолданылған.

Біздің пайымдауымызша, түркілер «көк» деп шексіздікті түсінген. Көне түркілер «Көк» деп Ұлы Жаратушының эпителин, «Көк Тәңірі» деп құдіреті түгесілмейтін Ұлы Жаратушының өзін атаған [20, 122-123 б.]. Яғни түркілер Ұлы Жаратушыға мінәжат етудің құбыласы көк деп түсінген болуы ықтимал. Тәңір сеніміне қатысты деректерде бұл мәселе хақында жеткілікті мәліметтер болмағандықтан, осылай жорамал жасаумен шектелеміз.

Тәңір сеніміндегі түркі-моңғолдардың құрған соңғы қағанаты Шыңғысхан империясы еді. Тарихтағы Тәңір сенімінің белді өкілі Шыңғысханды зерттеген тарихшылар оның бақсының қасиетіне жүгінгенін, Бұрхан-Халдун тауын киелі санағанын, Қарақорымды (Өтүкен) құтты қоныс санағанын айтады. Жуейнидің жеткізуіне қарағанда Шыңғысхан бір Тәңірге иланған. Қысылтаяң шақтарда қатарынан бірнеше күн Тәңірге жалбарынғанын жеткізеді. Әбілғазының «Түрік шежіресінде» көрсетілген деректерге қа-

рағанда, ол ислам дінінің бес парызының төртеуін (иман, намаз, ораза, зекет) хақ деп қабылдаған. Тек, «Қағбаға қажылық жасауға қатысты: «Тәңір неге бір жерді ғана қасиетті етіп жаратқан?» – деп күмәнданған» [35, 90 б.].

Ш.Л. Монтескье Шыңғысханның ислам-дағы бесінші парызға – «Неге тек Қағба ғана қасиетті?» деген мәселеге терең ойға шомғанына қарап: «Татарлар үйде тұрып көрмегендіктен, ғибадатхана дегенді де білмеген», – деп, діни догманы отырықшы һәм көшпелі мәдениет тұрғысынан бағалайды [65, 517 б.]. Ал құндылықтарды отырықшылық немесе көшпелілік деп жіктеу – еуроцентристік өлшем. Теологияда діни догманы отырықшылық немесе көшпелілік деп жіктеу мүлде сын көтермейді. Бұл жерде «Зандар рухы туралы» автордың тұжырымы біржақты айтылған деп түсінуіміз керек. Дегенмен Тәңір сеніміндегі Шыңғысханның исламның таухид сенімін және өзге де діни ритуалдарын шүбәланбастан қабылдауы, екі сенім арасында белгілі бір ұқсастық бар екенін көрсетеді.

Қорытынды

Жалпы, түркілердің ислам дінін қабылдауының саяси, әлеуметтік, ділдік, рухани және т.б. көптеген себептері болды. Түркілердің исламды жатсынбай қабылдауына ескі наным-сенімдегі ортақ ұқсастықтардың болуы ықпал етті. Олардың дүниетанымында қадым заманнан қалыптасқан діни ұғымдар бар еді. Оған түркілердің бір Тәңірге сенуі, періштелерге (бес ене) нанымы, бұл дүниеде әділетті өмір сүріп, өлгеннен кейін ақыретте сый (ұшпақ) мен жазаның (тамұқ) берілетініне илануы және т.б. діни түсініктерді мысалға келтіруге бола-

ды. Түркілердің шежірелері мен ата-қоныстарына қатысты аңыз-әңгімелерінде монотеистік сенімнің негіздері болған. Осындай ортақ діни түсініктер түркілердің исламды жеңіл қабылдауына өз әсерін тигізді.

Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарының ислам дінін қабылдауы бірнеше ғасырға созылды. Олардың ислам дінін қабылдауына көптеген фактор әсер етті. Соның ең бастысы түркілер монотеистік наным – бір Тәңірге иланғанымен, кейін келе сыртқы ықпалдардың әсерінен натурализм, фетишизм, магия, анимизм, зороастризм, дуализм, политеизм белгілері бар діни сенімдерді өз дүниетанымына кіріктіріп алды. Діни нанымның өзгеріске ұшырауы белгілі бір деңгейде түркілердің өмір сүру салтына да кері әсер етті. Аталған жаңсақ діни сенімдер қоғам сұранысына жауап бере алған жоқ. Сол себепті түркілер қоғамдық сұранысты толық қанағаттындаратын ислам дініне таңдау жасады. Әрине, бұл таңдауға діни артықшылықпен қатар саяси-әлеуметтік факторлар да әсер етті.

Әуелі X-XII ғасырларда Қарахан кезеңінде отырықшы түркілер, кейін XIII-XV ғасырларда Алтын орда және Моғолстан дәуірінде көшпелі түркілер кезең-кезеңімен қабылдап, мұсылман үмбетіне айналды. Ескі Тәңір сенімінің баз бір құндылықтары исламмен сабақтасып, синкретті түрде мұсылмандық реңк алып, жаңа нақышта өрілді. Құндылықтардың эволюциялық жолмен табиғи түрде бірібірімен қабысуы ислам дінінің негіздеріне (мақасат-ул шария, ғұрып, шарифаттан бұрынғы шарифаттар) қайшы емес. Бұл қазақ қауымының тарихи тәжірибесінің негізінде қалыптасқан діни-ұлттық салт-сана-сы һәм төл мұсылмандық мәдениеті еді.

Әдебиеттер

1. Kafesoğlu İ. Türk bozkır kültürü. Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü, 1987.
2. Abdullah Altuncu. Sümerlerde Tanrı anlayışı ve Tanrılar panteonu. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/717422>.
3. Georg Stefan. «Türkisch / Mongolisch tängri «Himmel / Gott» und seine Herkunft», Studia Etymologica Cracoviensia, 2001. – S. 83-100.
4. Амрекулов Н. Империя Чингисхана должна возродиться // Журнал «Adam bol». – № 22 (33). – июнь. – 2014.
5. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы, 1994.
6. Амантурлин Ш.Б. Атеистическо-просветительная работа по преодолению суеверий ислама и шаманства // Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1972.
7. Жубанов Е., Ибатов А. Анализ этимона Tängri Всевышний (опыт ретроспективного подхода) // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 316.
8. Ahmed ibn Hanbel. Musned. 5 c. / Çevirmen: Zekeriya Yıldız, Hüseyin Yıldız. – Istanbul, 2014. –5/266.
9. Бұлұтай М. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: «Білім» баспасы, 2000. – 103-113 б.
10. Мурад Аджи. Полюнь половецкого поля. – М., 1994. – С. II.
11. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века / Отв. редактор А. Ибатов. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 379 с. – С. 171.
12. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы, 2003. – 60-62 с.
13. İbn Fadlan Seyahatname s. 31 // Tercüme: Ramazan Şeşen. Bedir yayınlari. – İstanbul, 1975.
14. Hikmet Tanyu. Türklerin Dini Tarihçesi. – Istanbul, 1978. – 21 s.
15. Jean Paul Roux. Türklerin ve Moğolların Eski Dini / Çevirmen: Prof. Dr. Aykut Kazancıgil. – Istanbul, 2021. – 102 s.
16. Bahaeddin Ögel. İslamiyyetden Önce Türk Kültür Tarihi. – Istanbul, 1994. – 264 s.
17. Карпини П. Маңғұл тарихы / Ауд.: Т.Ә. Тыныбайын. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2013. – 23 б.
18. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. III том / Құраст.: Н.А. Атығаев, К.Қ. Ақтаева, Л.Л. Батурина, Ә.Ә. Қайдарова, Қ.З. Өскенбай. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2005. – 402 б.
19. Мамедова С. Дж. Turkic religious thought / Creator / God / Holy beings / Religious terms / <https://cyberleninka.ru/article/n/leksicheskie-edinitsy-tolkovaniyabogavtortsa-v-tyurkskih-yazykah/viewer>.
20. Исахан М. Тәңір – Хақ сенім, тәңіршілдік – саяси жоба. Бауыржан Есмахан, Мұхан Исахан. Мемлекет және дін арақатынасы: Қазақстандық модель: монография. – Алматы: Нұр-мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығы, 2021. – 122-123 б.
21. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007. – 66 б.
22. Ғарифолла Е. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 78-79 б.
23. Clauson S.G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford, 1972. – 1034 с.
24. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түркілердің әлем өркениетіндегі үлесі <https://abai.kz/post/15579>.

25. Абай. Қалың елім, қазағым. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. – 153 б.
26. Kaşğari M. Divani Lüğət-it türk. IV cildde. – Bakı: Ozan, 2006. – S. 153.
27. Balasaqunlu Y. Qutadqu bilik. – Bakı, 1994. – S. 36.
28. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1971, 1972.
29. Yunus Araydin. Din ve fıkıh yazıları. – Istanbul, 2018.
30. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 8-том 59-б. Павлодар, 2003 ж.
31. Қазақтың мифтік әңгімелері / Құраст. Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 2002. – 250 б.
32. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена Т. 1. – М., 1950.
33. Ахмет Кабаклы. Түрік әдебиеті. – Ыстанбұл, 1997.
34. Қазақстан тарихы I том. – Алматы, 1998.
35. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991.
36. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. – Алматы, 1986.
37. Журжани. Китабут-Тарифат. – Бейрут, 1987.
38. *Gülce Şeren*. Zulkarneyn «Bilge Kaan» (Oğuz Han). <https://www.edebiyatdefteri.com/194384-zulkarneyn-bilge-kaan-oguz-han/>
39. İsmail Hami Danişmend. Türklük Meseleleri. – Üçüncü Baskı. – İst., 1983.
40. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993.
41. Көне түркі тіліне аударылған алғашқы Құран (X ғасыр. Факсимиле. Ыстамбұл ТИЕМ 73 нұсқасы) / Баспаға дайындағандар: Д. Қыдырәлі, Е. Үшенмез, С. Моллақанағатұлы. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021.
42. Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение: монография. – Алматы: КазНПУ им. Абая. Издательство «КИЕ», 2012.
43. Журакузиев Н.И. Трех ярусная модель мира в фольклоре и литературе тюркских народов. «Ұлы Дала» II гуманитарлық ғылыми форумының материалдары (екінші бөлім). – Астана: «Ғылым» баспасы, 2017.
44. *Uno Harva*. *Altay Panteonu / Mitler, Ritüeller, İnançlar ve Tanrılar* / Çevirmen: Ömer Suveren. – Istanbul, 2015.
45. Gürbüz Deniz. Meleklerle İman Neden Önemlidir? // Journal of Islamic Research. – 2021. – 32(3). – 537-47 s.
46. Мирна Элиаде. Священное и мирское / Пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К. Гарбовского. – М.: Изд-во МГУ, 1994.
47. *Abdülkadir İnan*. *Tarihte ve Bugün Şamanizm. III Baskı*. – Ankara. 1986.
48. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырь-Даринской области. Том первый. – Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889.
49. Әбжет Б. Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері. III Халықаралық түркология конгресі. Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе). – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009. – 383 б.
50. Тойшанұлы А. Қазақ мифологиясының кейіпкерлері // «Жұлдыз» журналы. – 2017. – №2.
51. Мелетинский Е.М. Мифологический словарь. – М., 1990.
52. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. Тюркологический сборник, 1977.
53. Қыдырәлі Д. Атымды адам қойған соң... – Алматы, 2008.

54. Жеңіс Ж. Ежелгі және орта ғасырлардағы Иран мен Тұран. – Алматы, 2016.
60. Бичеев Б.А., Кукеев А.Г. О религиозных представлениях древних тюрков и монголов // Вестник КИГИ РАН. Этнология. – 77 с. Элиста, 2011.
61. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985.
62. Имам Әбу Зәкария ән-Нәуәуи. Әл-Мәжмууь. 4-том. – Бейрут: Дәрул-фикр, 1997.
65. Шарль Луи Монтескье. Заңдар рухы туралы. – Алматы: Үш Қиян, 2004.

References

1. Kafesoğlu I. Türk bozkır kültürü. Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü, 1987.
2. Abdullah Altuncu. Sümerlerde Tanrı anlayışı ve Tanrılar panteonu. <https://dergipark.org.tr/download/article-file/717422>.
3. Georg Stefan Türkisch / Mongolisch tangri Himmel / Gott und seine Herkunft, Studia Etymologica Cracoviensia, 2001. – 83-100 s.
4. Amrekulov N. Imperia Chingishana doljna vozrodit'sa // Jurnal «Adam bol». – № 22 (33). – Ійн. – 2014.
5. Orynbekov M.S. Predfilosofia protokazahov. – Almaty, 1994.
6. Amanturlin Sh.B. Ateıshesko-prosvetitelnaia rabota po preodolenii syeverıı islama ı shamanstva // Avtoref. dis. ... kand. ped. naŭk. – Alma-Ata, 1972.
7. Jubanov E., Ibatov A. Analız etimona Tapdgi Vsevysnıı (opyt retrospektivnogo podhoda) // Problemy etimologii türkskih iazykov. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – S. 316.
8. Ahmed ibn Hanbel. Musned. 5 c. / Çevirmen: Zekeriya Yıldız, Hüseyin Yıldız. – Istanbul, 2014. – 5/266.
9. Bulutai M. Ata-baba dini. Turkiler nege musylman boldy? – Almaty: «Bilim» baspasy, 2000. – 103-113 b.
10. Murad A. Polyn poloveskogo pola. – M., 1994. – S.11.
11. Aıdarov G. Iazyk orhonskih památnikov drevneturkskoı pısmennostı VIII veka. / Otv. redaktor A. Ibatov. – Alma-Ata: Nauka, 1971. – 379 s. – S. 171.
12. Amanjolov A. Istoria ı teoria drevnetürskogo pısma. – Almaty, 2003. – 60-62 s.
13. Ibn Fadlan, Seyahatname / Tercüme: Ramazan Şeşen, Bedir yayınları. – Istanbul, 1975. – S. 31.
14. Hikmet Tanyu. Türklerin Dini Tarihçesi. – Istanbul, 1978. – 21 s.
15. Jean Paul Roux. Türklerin ve Moğolların Eski Dini / Çevirmen Prof. Dr. Aykut Kazancıgil. – Istanbul, 2021. – 102 s.
16. Bahaeddin Ögel. Islamiyetden Önce Türk Kültür Tarihi. – Istanbul, 1994. – 264 s.
17. Karpını P. Mangul tarihy / Aud.: T.A. Tynybayın. – Almaty: Shapaġat-Nur, 2013. – 23 b.
18. Tarih – adamzat aqyl-oıynyn qazynasy. III tom / Qurast: N.A. Atyġaev, K.Q. Aqtaeva, L.L. Batırına, Á.Á. Qaidarova, Q.Z. Oskenbai. – Astana: «Foliant» baspasy, 2005. – 402 b.
19. Mamedova S.D. Turkic religious thought / Creator / God / Holy beings / Religious terms / <https://cyberleninka.ru/article/n/leksicheskie-edinitsy-tolkovaniyaboga-tvortsa-v-tyurkskih-yazykah/viewer>.
20. Isahan M. Tanir – Haq senim, tánirshildik – saıası joba. 122-123 bb. Baýyrjan Esmahan, Muhan Isahan. Memleket jane din araqatynasy: Qazaqstandyq model. (monografia). Nur-múbarak Eġıpet islam madenieti universiteti. Abu Hanıfa gylımı zertteu ortalygy. – Almaty, 2021.
21. Sartqojauly Q. Baırgy turik jazuyyn genizisi. – Astana: Arys, 2007. – 66 b.
22. Garifolla E. Qazaq filosofiasynyń tarihy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 78-79 b.

23. Clauson S.G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford, 1972. – 1034 c
24. Sartqojauly Q. Baiyrǵy Túrkillerdin alem orkenıetindegi ulesi <https://abai.kz/post/15579>.
25. Abai. Qalyń elim, qazaǵym. – Almaty: «Atamura» baspasy, 2002. – 153 b.
26. Kaşğari M. Divani Lüǵát-it türk. IV cildá. – Bakı: Ozan, 2006. – S. 153.
27. Balasaqunlu Y. Qutadqu bilik. – Bakı, 1994. – S.36.
28. Stebleva I.V. K rekonstrýksıı drevnetúrkskoı religiozno-mıfologıcheskoı sıstemy // Túrkołogıche – skıı sborník. – M.: Naýka, 1972.
29. Yunus Apaydin. Din ve fıkıh yazıları. – Istanbul, 2018.
30. Mashhúr Jusip Kopeıuly. 8-tom. – 59-b. Pabldar, 2003 j.
31. Qazaqtyn mıftık angimeleri. Qurastyrǵan Sh. Ybyraev, P. Auesbaeva. – Almaty: Gylym baspasy, 2002. – 250 b.
32. Bichurin N.Ia. (Iakinf). Sobrania svedeniı o narodah, obıtavshıh v Srednei Azıı v drevnie vremena. T.1. – M., 1950.
33. Ahmet Kabakly. Turik adebieti. – Ystanbıl, 1997.
34. Qazaqstan tarıhy. I tom. – Almaty, 1998.
35. Abılǵazy. Turik shejiresi. – Almaty: Ana tili, 1991.
36. Oǵyz-name. Muhabbat-name. – Almaty, 1986.
37. Jurjani. Kıtabyt-Tarıfat. – Beirut, 1987.
38. Gülce Şeren. Zulkarneyn «Bilge Kaan» (Oǵuz Han). <https://www.edebiyatdefteri.com/194384-zulkarneyn-bilge-kaan-oguz-han/>
39. Ismail Hami Danişmend. Türklük Meseleleri. Üçüncü Baskı. – Ist., 1983.
40. Mahmut Qashqarı. Tubi bir turki tili. – Almaty: Ana tili, 1993.
41. Kone turki tiline audarylgan alǵashqy Quran (H ǵasyr. Faksimile. Ystambul TIEM 73 nusqasy). Baspaǵa daıyndaǵandar: Darhan Qydyralı, Emek Úshenmez, Saıpulla Mollaqaanagatuly. – Nur-Sultan: Halyqaralyq Turki akademiasy, 2021.
42. Аиупов N.G. Tengrianstvo kak otkrytoe mirovozzrenie: monografia. – Almaty: Kaznpy im. Abaıa: Izdatelstvo «KIE», 2012.
43. Jurakiziev N.I. Treh iarusnaia model mira v folklóre ı literature turkskık narodov. «Uly Dala» II gımanıtarlyq gılymı forumynun materialdary (ekinshi bólim). – Astana: «Gylym» baspasy, 2017.
44. Uno Harva. Altay Panteonu / Mitler, Ritüeller, İnançlar ve Tanrılar / Çevirmen Ömer Suveren. – Istanbul, 2015.
45. Gürbüz Deniz. Melekler İman Neden Önemlidir? // Journal of Islamic Research. 2021. – 32(3). – 537-47 s.
46. Mırna Eliade. Sváshennoe ı mırskoe / Per. s fr., predısl. ı komment. N.K. Garbovskogo. –M.: Izd-vo MGÝ, 1994.
47. Abdülkadir İnan. Tarihte ve Bugün Şamanizm. III Baskı. – Ankara, 1986.
48. Grodekov N.I. Kırgızy ı karakırgızy Syr-Darınskoı oblástı. Tom pervyı. – Tashkent: Tipolıtografiia S.I. Lahtına, 1889.
49. Ábjet B. Turki halyqtaryndagy shamandyqqa syıynudyn negizgi túrleri. III Halyqaralyq turkologia kongresi. Bugini turkologıanyń ozekti maseleleri men keleshegi (orta q til, tarıh jane alippe). – Túrkıstan: «Turan» baspasy, 2009. – 383 b.
50. Toıshanuly A. Qazaq mıfologiasynyn keıipkerleri // «Juldyz» jurnaly. – 2017. – № 2.
51. Meletinskıı E.M. Mıfologıcheskıı slovar. – M., 1990.
52. Klášhtornyı S.G. Mıfologıcheskie sújety v drevnetúrkskık památnıkah // Túrkołogıcheskıı sborník. 1977.

53. Qydyrali D. Atymdy adam qoıǵan soń. – Almaty, 2008.
54. Jeńis J. Ejelgi jáne orta ǵasyrlardaǵy Iran men Turan. – Almaty, 2016.
60. Bicheev B.A., Kýkeev A.G. O religioznyh predstavleniah drevnih túrkov i mongolov // Vestnik Kigi ran. Etnologiya. – 77 s. Elista, 2011.
61. Ýalıhanov Sh. Tańdamaly shyǵarmalar jınagy. – Almaty: Jazýshy, 1985.
62. Imam Abu Zakaria an-Nauauı. Al-Majmuu. 4 tom. – Beirut: Dáryl-fıkr, 1997.
65. Sharl Lui Monteske. Zandar ruhy turaly. – Almaty: Úsh Qıan, 2004.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

ДІНИ (ИСЛАМИ) МӘТІНДЕРГЕ ТІЛДІК, СЕМАНТИКАЛЫҚ,
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ, СТИЛИСТИКАЛЫҚ, ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ
ТАЛДАУЛАР, ТІЛДІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯ, БАБАЛАР МҰРАСЫНДАҒЫ
ТІЛДІК ДІНИ ҚАБАТ, ДІНИ ӘДЕБИЕТ ЖАНРЫ, ДІНИ САНАНЫҢ ТІЛ МЕН
ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

بحوث في اللغة والأدب

التحليلات اللغوية والدلالية والصرفية والأسلوبية والتأويلية للنصوص الدينية (الإسلامية)،
التفسير اللغوي، الطبقة اللغوية الدينية في تراث الأجداد، نوع الأدب الديني،
مظاهر الوعي الديني في اللغة والأدب

RESEARCH IN LANGUAGE AND LITERATURE

LINGUISTIC, SEMANTIC, MORPHOLOGICAL, STYLISTIC, HERMENEUTIC
ANALYZES OF RELIGIOUS (ISLAMIC) TEXTS, LINGUISTIC INTERPRETA-
TION, LANGUAGE-RELIGIOUS LAYER IN THE HERITAGE OF ANCESTORS,
GENRE OF RELIGIOUS LITERATURE, MANIFESTATIONS OF RELIGIOUS
CONSCIOUSNESS IN LANGUAGE AND LITERATURE

ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ, СЕМАНТИЧЕСКИЙ, МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ,
СТИЛИСТИЧЕСКИЙ И ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ (ИСЛАМСКИХ)
РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕКСТОВ, ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ,
РЕЛИГИОЗНО-ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ СЛОЙ В НАСЛЕДИИ ПРЕДКОВ,
ЖАНР РЕЛИГИОЗНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ, ПРОЯВЛЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО
СОЗНАНИЯ В ЯЗЫКЕ И ЛИТЕРАТУРЕ

FTAMP/ SRSTI/ ГРНТИ 16.41.39; 21.15.47

<https://orcid.org/0000-0002-1984-759X>

<https://orcid.org/0009-0005-4463-1730>

e-mail: Sholpan200965@mail.ru

e-mail: murat93kz@mail.ru

ҚҰРАНДЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДА СТИЛИСТИКА ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Омаров Мұрат Абдулқасымұлы
PhD докторант,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Қожабекова Шолпан Базарбековна
Филология ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан

أهمية علم البيان في تفسير القرآن الكريم

عمروف مراد
طالب دكتوراه،
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

قوجابيكوفا شولبان
دكتورة في علوم الفيلولوجي
جامعة أبلای خان الكازاخية للعلاقات الدولية
واللغات العالمية
ألماتي، كازاخستان

SIGNIFICANCE OF STYLISTICS IN QURAN INTERPRETATION

Omarov Murat Abdulkasymuly
PhD Student, Egyptian University of Islamic
culture Nur-Mubarak
Kazakhstan, Almaty

Kozhabekova Sholpan Bazarbekovna
Candidate of Philological Sciences
Abylai Khan Kazakh University of interna-
tional Relations and World Languages
Kazakhstan, Almaty

ВАЖНОСТЬ ПРЕДМЕТА СТИЛИСТИКИ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ КОРАНА

Омаров Мурат Абдулқасымұлы
PhD докторант, Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Қожабекова Шолпан Базарбековна
кандидат филологических наук,
Казахский университет международных
отношений и мировых языков имени
Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада Құран аяттарының мақсатын дұрыс интерпретациялауда стилистика ілімінің орны баяндалады. Тілдік тұрғыда мұғжизалығымен лингвистика ғалымдарын тамсандырған Құран мәтінінің құндылықтары айшықталады. Ислам дінінің негізгі қайнары – Құран араб тілінде түсіріліп, араб тілінде сақталғандықтан, араб лингвистика заңдылықтарының әсер етуі тиісті құбылыс. Осы себепті исламтанушыларға Құранның нәзік тұсын түсіну үшін стилистика пәнін білудің маңызы дәлелденді. Әсіресе Құран аяттарындағы антропоморфистік, құқықтық үкімдерді түсінуде араб лингвистикалық ерекшеліктерін білу қажет. Араб тіл білімі мен исламтану пәндері тығыз байланысты. Соңғы отыз жыл аясында діни-саяси топтың Құран аяттарын өз мақсаттарына сай интерпретациялап, араб тілін білмейтін қара халықты адастырып, қоғамда діни алауыздық белең алды. Діни бірегейлікті жандандыруға бағытталған ұмтылыстардың аясында қоғамдық талқыға салынған басты мәселелердің бірі Құран мәтіндерін дұрыс түсіндіру күн тәртібіміздің бірінші кезегінде болды. Дәстүрлі діни тағылымдарды қоғамға сіңіру бастамалары қолға алынды. Осы бағытта Құран мақсатын дұрыс түсінуде лингво-семантикалық, риторикалық тұрғыда талданды. Сондай-ақ стилистиканың ташбиһ, мажаз мурсал, истиара, киная категорияларын талдау маңызды екендігі тұжырымдалды. Қазақ тіл білімі мен араб тіл білімінің тілдік көркемдік өрнектері компаративистикалық әдісте қарастырылды.

Түйін сөздер: Құран интерпретациясы, араб лингвистикасы, лингво-семантика, риторика, стилистика, тәшбиһ, мәжәз, истиара, киная, исламтану, компаративистикалық әдіс.

المخلص: يصف البحث مكانة تدريس الأسلوبية علم البيان في التفسير الصحيح للمقاصد الجوهرية لآيات القرآن الكريم. وسيتم الكشف عن قيم النص القرآني الذي أذهل علماء اللغة بإعجازه اللغوي. وبما أن المصدر للإسلام القرآن وهو منزل ومحفوظ باللغة العربية، فإن تأثير قواعد اللغة العربية أمر طبيعي. ولهذا السبب ثبتت أهمية معرفة علم البيان بالنسبة للطلاب لفهم دقائق القرآن. ولا سيما في فهم الأحكام الشرعية في آيات القرآن الكريم ولا بد من معرفة الامتياز اللغوية العربية. وترتبط موضوعات اللغويات العربية والدراسات الإسلامية ارتباطاً وثيقاً. وعلى مدار الأعوام الثلاثين الماضية، قامت الجماعات الدينية والسياسية بتفسير آيات القرآن الكريم بما يتناسب مع أهدافها الخاصة، مما أدى إلى تضليل عامة الناس الذين لا يعرفون اللغة العربية، وحدث انقسام ديني في المجتمع. وفي إطار الجهود المبذولة لإحياء الهوية الدينية، كانت إحدى القضايا الرئيسية المطروحة للنقاش العام هي التفسير الصحيح لنصوص القرآن. وتم اتخاذ مبادرات لإدخال التعاليم الدينية التقليدية إلى المجتمع. وفي هذا الاتجاه تحليل الفهم الصحيح لمقصد القرآن من الناحية اللغوية والبلاغية. وتم استنتاج إلى أهمية تحليل الأنواع علم البيان كالتشبيه والمجاز المرسل والاستعارة والكناية. ويبحث بالطريقة المقارنة في التعبيرات التصويرية اللغوية لعلم اللغة الكازاخية والعربية

الكلمات المفتاحية: تفسير القرآن الكريم، اللغة العربية، التصويري اللغوية، البلاغة، البيان، التشبيه، المجاز، الاستعارة، الكناية، الدراسات الإسلامية، الطريقة المقارنة.

Abstract. The article describes a role of teaching stylistics in the correct interpretation of noble purposes of the Quran verses. The meaning of the Quran text, which amazed linguists with its linguistic miracle, will be revealed. Since the main source of Islam - Quran - was written and preserved in Arabic, the influence of the rules of the Arabic language is natural. For this reason, the importance of the knowledge of stylistics for Islamic scholars to understand the details of Quran has been proven. Especially to understand the anthropomorphic, legal regulations in the Quran verses, it is necessary to know nuances of the Arabic language. The Arabic linguistics and Islamic studies are interrelated. Over the past thirty years, religious and political groups have

interpreted the Quran verse in accordance with their own goals, misleading ordinary people who do not know the Arabic language, which has led to a division in society. As part of the efforts to revive religious identity, one of the main issues brought up for public discussion was the correct interpretation of the Quran texts. Initiatives were taken to familiarize society with traditional religious teachings. In this direction, the correct understanding of the purpose of the Quran was analyzed from lingo-semantic and rhetorical point of view. The conclusion was also made about the importance of the analysis of stylistic categories such as tashbih, majaz mursal, istiara, kinaya. Linguistic litera manifestations of Kazakh and Arabic linguistics are considered in the comparative perspective.

Keywords: Interpretation of the Qur'an, Arabic linguistics, lingo-semantics, rhetoric, stylistics, tashbih, majaz, istiara, kinaya, Islamic studies, comparative method.

Аннотация. В статье описывается роль преподавания стилистики в правильном толковании целей аятов Корана, раскрывается значение коранического текста, поразившего учёных-лингвистов своим «лингвистическим чудом». Поскольку основной источник ислама – Коран был написан и сохранился на арабском языке, влияние правил арабского языка является закономерным. По этой причине была доказана важность знания науки стилистики для исламоведов с целью понимания тонкостей Корана. Особенно для понимания антропоморфных, правовых норм в аятах Корана необходимо знать особенности арабского языка. Предметы арабского языкознания и исламоведения взаимосвязаны. За последние тридцать лет религиозные и политические группы интерпретировали аяты Корана в соответствии со своими собственными задачами, вводя в заблуждение масс, не знающих арабского языка, что привело к расколу в обществе. В рамках усилий по возрождению религиозной идентичности одним из главных вопросов, вынесенных на общественное обсуждение, стала правильная интерпретация текстов Корана. Были предприняты инициативы по ознакомлению общества с традиционными религиозными учениями. В этом направлении было проанализировано правильное понимание цели Корана с лингво-семантической и риторической точки зрения. Также сделан вывод о важности анализа стилистических категорий «ташбих», «маджаз мурсал», «истиара, киная». В сравнительном плане рассмотрены лингвистические художественные проявления казахского и арабского языкознаний.

Ключевые слова: Интерпритация Корана, арабское лингвистика, лингвосемантика, риторика, стилистика, ташбих, маджаз, истиара, киная, исламоведение, компаративистский метод

КІРІСПЕ

Адам баласы тіл арқылы қоғамдық-әлеуметтік жүйеде қарым-қатынас орнатып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің саналы ғұмырын бағамдап, рухани-эстетикалық сұранысын көркем ойлау жүйесімен сабақтастырады, сөйлеу әрекетін рухани-әлеуметтік дүниетанымының тірегіне айналдырады. Тіл – адамдардың бір-бірімен жасайтын қа-

тынас құралы ғана емес, сонымен қатар эстетикалық құрал, көркем дүние құралы. Себебі адамның көркем ойлау жүйесі, эстетикалық талғамы, әсемдік пен көркемдікке деген құштарлығы оның сөзбен өрілген бейнелі де айшықты суреті, көрнекі де көрікті сөз бейнесі түрінде көрініс табады. Ислам дінінің қайнар көзі Құран мұсылман халықтарының рухани мәдениеті мен жазба әдебиетінің қалыптасуы

мен дамуына ықпалын тигізді. Сондай-ақ ислам мәдениетінің қазақ тіліне әсер еткен ізін қазақ тілінің сөздік құрамындағы араб элементтерінен іздестіру аздық етеді. Құран аяттары қазақтың этникалық мәдениеті контекстінде қарастырылып, лингво-семантика, лингвистика салалары арқылы ғылыми зерттеудің интердисциплинарлық сипаты анықталады.

Құран контексін өзге тілге аударуда шарғи усулдерді білу жеткіліксіз, лингвистика, семантика, риторика ілімдерін меңгеруі шарт. Себебі Құран өзіндік үйлесімді ырғақтылықты, буын экспрессивтілігін және көркем бейнелеу мағыналарын қамтиды. Араб риторика ғылымы негізгі үш бөліктен тұрады.

А) *Илму әл-мағани*, оның зерттеу арнасы – иснади, хабари, иншай, қаср, фасл, уасл, ижаз, итнаб, мусауат.

Ә) *Илму әл-бадиғ* (поэтика) ғылымы сөз бен сөйлемнің мағыналық-құрылымдық көркемдігін зерттейді. Оның қарастыратын салалары – тибак, муқабала, тәурия, ләф уә нашр, сажғ, жинас және т.б.

Б) *Илму әл-баян* (стилистика) қарастыратын ілімдер – тәшбиһ, мажаз мурсал, истиара, киная. Бұл зерттеу жұмысымызда араб тілі риторикасының әл-илму әл-баян (стилистика) бөлігі зерделенеді.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ислам мәдениеті мен өркениетінің тарихи бастауы болған Кітапты жан-жақты зерделеу – бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің бірі. Себебі Құран – мұсылман әлемінің канондық кітабы. Араб тіліндегі көркемдегіш-бейнелеу құралдары ерте кезден-ақ тілші-зерттеушілердің назарына іліге бастады. Ислам дінінің өркен жайып, көркеюі араб халқымен және оның тілімен тығыз

байланысты екені белгілі. Қасиетті Құран Кәрім дүниежүзі ғалымдарының еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Лингвист-ғалымдар қасиетті кітаптың тілдік ерекшелігін егжей-тегжейлі зерттеу үшін исламға дейінгі араб тілінің қандай дәрежеде болғанын да қарастыра бастады. Исламға дейінгі араб тілінің құрылымдық, стилистикалық ерекшеліктері Фрейтаган, Альвардт, Мерен және т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Әсіресе «XIX–XX ғасырдағы ғалымдар – Блашер, Перес, Габриэли, Гибб, Крачковский және т.б. үлес қосып, орта ғасырдағы араб поэзиясы тілінің ерекше үлгілерін өз еңбектерінде терең талдады» (Куделин А.Б., 1983: 3-4).

Сондай-ақ отандық зерттеушілер де осы тақырып төңірегінде ізденіп, ой-пікірлерін ортаға салады. PhD доктор Ш.Б. Қожабеков «Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық сөз-образдар» тақырыбындағы диссертациялық еңбегінде қазақ әдебиетіндегі және араб поэзиясындағы поэтикалық сөз-бейнелеріне салыстырмалы зерттеу жасаған. Сондай-ақ PhD доктор Н. Сайлауұлының «әз-Заркаши мен әс-Суюти кітаптарында Құран Кәрім ұқсату мәселелері бойынша риторикалық зерттеу» атты магистрлік зерттеуінде Құран аяттарындағы стилистика категориясының тәшбиһ әдісі қарастырылған. Ал PhD доктор Ы. Палтөре «Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы» тақырыбындағы докторлық диссертациясының бір бөлімін «Құран мәтінін түсіндірудегі ислами терминдер мен әдіснамалық бағыттар» деп алып, Құран аяттарын тәпсірлеуде және тауилдеуде семантика ілімінің маңызы төңірегінде ой өрбіткен. Оған қоса PhD доктор Қ. Құрманбаев «Хусам ад-дин әс-Сығанаки еңбектеріндегі

«усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» докторлық диссертациясында «Құран мен сүннет мәтіндерін түсінудегі семантика тәсілінің маңыздылығы» деп семантикалық бағытқа тақырыпша арнап жалпылама тұжырымдайды. Алайда араб риторикасының Құран мәтіндерін түсінудегі маңыздылығы жеткіліксіз зерттелген.

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – Құран аяттарын интерпретациялауда стилистика пәнінің маңыздылығын араб лингвистикалық негізде зерттеп, қазақ тіл шешендік өнерімен салыстырмалы талдау жасау.

Ғылыми мақаланың мақсатына сәйкес келесідей міндеттер алға қойылды:

- Ислам дінінің қасиетті кітабы Құрандағы сөз-бейнелердің жасалу механизмдерін айқын-дау;

- Араб тілінің шешендігі мен сұлулығын, өткірлігі мен терең мағыналылығын қасиетті кітап Құран сөз-бейнелер арқылы түсіндіру;

- Құран аяттарын лингво-семантикалық, контекстуалды және стилистикалық талдау-лармен түсіндіру;

- Араб риторикасы мен қазақ шешендік өнерінің арасындағы тіларалық ұқсастық категориялар қатынасын айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада Құран аяттары негізге алынып, ондағы бейнелі, айшықты және көрікті сөз бейнелері зерттелді. Араб лингвистикалық әдіс-тәсілдердің бірнеше түрі пайдаланылды. Негізгі ташбиһ, мажаз мурсал, метафора, метонимия әдістері қолданылды. Араб лингвистикалық әдістерін қазақ шешендік өнер әдістерімен салыстырмалы балама аударма жұмыстары жасалды.

Негізгі бөлім

Рухани-адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі болған Құран Кәрімнің маңызды сипаттамаларының бірі – айқындық. Қасиетті Құран бес аятта айқын жазба деп аталады, ал тағы екі жерде оның «Ашық араб тілінде» жіберілгені баса айтылады. Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дәуірінде Құран аяттарының жалпы мағынасы сахабаларға түсінікті болды. Біріншіден, ««Саған адам-дар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп Құранды түсірдік» аятына сай, Алла елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына мағыналы мәтіндерді сөзімен де, ісімен де түсіндіру міндетін қалтқысыз атқарды» (Құрманбаев Қ., 2018: 108). Екіншіден, ана тілін жақсы меңгерген және араб поэзиясымен, ежелгі халықтар туралы аңыздармен таныс болған. Олар үшін Құранның жазба стилі кемелдік пен шешендіктің шыңырау шыңы болды.

Сахабалардан кейін келген мұсылман ғалымдары мен ислам дінін ұстанушыларға Құран мазмұнын түсінуде грамматикалық, тәпсір, құқықтық ғылымдарды білу жеткіліксіз. Мусхаф араб классикалық тілінің негізі болғандықтан, араб лингво-семантикасы, риторикасы, лексикографиясы және т.б. салалары осы Құраннан бастау алады. Сондықтан ғалымдар тәпсіршілерге, хадис, құқық, ақида ілімдерінен басқа араб лингво-семантикасына, риторикасына қатысты бірқатар ғылымды білуін шарт етті. Яғни діни мәтіндердің асылындағы мағынасын түсінудің үшін лингвистикалық әдіс-тәсілдерге жүгіну қажет. Егер сіз кез келген аяттағы бір сөздің орнына синонимдік сөзді қойсаңыз, бір-бірінен мағыналық реңктері ерекшеленеді. Екінші жағынан, таңдалған сөздің экспрес-

сивтілігі оның әуезділігімен де, өзара байланысқан түбір сөздердің семантикасымен де, үйлесімділігімен де екі түрлі болады. Осы себепті бүкіл араб тілінде бұл аят үшін бұдан жақсы болған басқа сөз таба алмайсыз.

Ең жарқын және есте қаларлықтай әсер, әдетте бір сөздің мағынасын екінші сөзге ауыстыру нәтижесінде пайда болады. Бейнелі мағынада қолданылатын және заттар мен құбылыстар туралы бейнелі идеяларды құратын сөздер немесе сөз тіркестерін араб лингвистикасында баян деп атайды. Ол сөйлеудің көрнектілігі мен экспрессивтілігін арттыру үшін әрі оған түс пен эмоциялық реңк беру үшін қолданылады. Әртүрлі аяттар контексіндегі сөздердің мағынасын зерттеу олардың семантикасы мен морфологиясының өзара байланысын ашады. Құранда келген баян (стилистикалық) мәніндегі аяттарды араб лингвистик ғалымдары зерттеді. Әл-Фарраның «Мағани әл-Құран» және Әбу Убайда Муаммар ибн әл-Мусаннаның «*Мәжәз әл-Құран*» еңбектерінде алғаш рет бейне, المجاز (астарлы мағына) туралы сөз қозғалып, сонымен қатар التشبيه (теңеу), الإستعارة (метафора), الكناية (метонимия) түрлеріне де нұсқаулар берді (Әбу Убайда:1984 788). Сондай-ақ лингвист-ғалымдар қасиетті кітаптың тілдік ерекшелігін терең зерттеу үшін исламға дейінгі араб тілінің қандай дәрежеде болғанын да қарастыра бастады. Әбу Осман Әмір ибн Бахр әл-Жәһиз араб риторикасын зерттеуге орасан зор үлес қосты. Ол VIII ғасырда төрт томдық «әл-Бәйан уә әт-Тәбиин» деген еңбегін жарыққа шығарды (Қожабекова Ш.Б., 2009: 133). Бұл аталмыш кітапта өзіне дейінгі араб, парсы, грек, үнді ғалымдарының, әсіресе Бәшар ибн әл-Мутамардың, әл-Фарраның риторика іліміне қатысты жазылған зерттеулері мен

ескертпелерін жинақтап берді. Соның ішінде өлең, қара сөздің аббаси мәдениетінің әсерінен дамығаны жайлы пікірі де бар.

Дегенмен де араб ғалымдары Құран аяттарының иғжаз екендігіне IV-V ғасырларда терең кіре бастады. Араб риторика (бәләға) ғылымы пайда болды. Риторика ғылымын терең зерттеу арқылы қазіргі кезеңде стилистика (баян), поэтика (бадиғ), мағыналар туралы ғылым (илму мағани) атты үлкен үш салаға бөлді. Риторика ғылымының зерттелуі мына себептерге байланысты кең етек ала бастады. Арабтардың мәдениетке бет бұрып, қалалар мен басып алған елдерге барып тұруы және әртүрлі діндер арасындағы қарама-қайшылықтары. Осы салдардың барлығы жиналып, сын және түсініктеме, ескертпелердің көбеюі сол кезеңдегі ақындар өлеңдерінде кездесіп жатады. Ортағасырлық араб ғалымдарының еңбектерінде тіл иесі халықтың көркемдік таным әлемін танытатын поэтикалық образ жасаушы семантикалық амал-тәсілдер, метафора, метонимия, теңеу, т.б. риториканың түрлері, стильдік фигуралар сөз өнерімен біртұтастықта қарастырылады (Омаров М.А., 2020: 16). Ал Құран прозалық та поэзиялық та шығарма емес, ол – күллі көркем туындылардың рухани түп негізі. Лингвистер араб әдебиетін проза, поэзия және Құран деп үшке бөліп қарастырады. Себебі Құран шешендіктің шыңырау шыңы болған. Көп ақын Құран секілді бір туынды жазуға ұмтылғанымен, еш нәтиже шығара алмады. Осынша дәрежеге жеткізген Құран лингвистикасының қандай қасиеті бар деген сұрақ төңірегінде көптеген зерттеуші айналысып, Құранның өзінің мақсатын, діндегі ниетін жеткізерде адамдарды баурап алатын тілдік бейнені керемет пайдаланғандығын айтады. Құрандағы сөз

бейнесінің адам жанына әсерін, идеялық ұғымдарды адамның көз алдына әкеліп, сезіне алатын дүниеге айналдыра алатын керемет мұғжизалығын ашты. Біз оларды келесідей мысалдармен түсіндіруге тырысамыз.

Тәшбиһ (теңеу) – жасырын салыстыруды қамтитын объектінің немесе құбылыстың бейнелі сипаттамасы. Риториканың бұл түрі тақырыптың басқа ерекшелігін баса көрсетеді, тыңдаушыға жарқын әсер қалдыратын бейнеде жасайды. Әл-Асқари: «Тәшбиһ – адам ақылындағы, ой-санасындағы қандай да бір заттың, (құбылыстың, іс-әрекеттің) бейнесін көз алдына келтіру, елестету», – дей келе, теңеудің көркемдігі мен ғажайыптылығы (тартымдылығы), сонымен қатар теңеудің кемістігі (теңелетін предметтен образдың алшақтығы) туралы айтады (Омаров М.А., 2022: 17). Сайд Құтб «әт-Тасюир әл-фәнни фи әл-Құран» атты еңбегінде: «Сөз арқылы нақышталған поэтикалық көркем бейнелер Құрандағы ең тандаулы ойды жеткізуші құрал», – деп көрсетеді. «Образ – Құранның ең тандаулы тәсілі, ол – сөздің мағынасын ашудағы бірінші негіз және ол барлық мақсат үшін беріледі» (**Қожабекова** Ш.Б., 2009: 76), – дейді Сайд Құтб қорытынды сөзінде.

Құрандағы тәшбиһ. Тәшбиһтің категориясын ғана алсақ, онда, біріншіден, тәшбиһтің шегі, оның түрлері, жасалу жолы тілге тиек етіліп, «бірден білмейтін нәрсені білетін нәрсемен елестету, әлсіз құбылысты күшті құбылыспен шығару, теңеу, оймен, ақылмен түсінетін нәрсені көзбен көру» деп беріледі. Тәшбиһте тура мағына (бейне) мен астарлы мағына (предмет) арасында ұқсастық болады. Мұсылмандарды өздеріне дейін өмір сүрген, өзге үмбеттің жіберген қателіктерін жібермеу үшін олардың қателіктерін мы-

сал ретінде келтіріп отырған. Мәселен, ﴿مَثَلُ الَّذِينَ خُمِلُوا الثَّورَةَ ثُمَّ لَمْ يَحْمِلُوهَا كَمَثَلِ الْجِمَارِ﴾ [الجمعة: 5] «Тәурат жүктеліп, кейін оны тиісінше игере алмағандардың мысалы том-том кітап арқалаған есектің мысалындай». Мұнда ортақ белгі әртүрлі нәрседен алынған, яғни олардың Тәураттан пайда алмауының мысалы есектің арқасына үлкен кітапты жүк етіп артып, одан тек шаршап-шалдыққанын білдіреді (Сабуни, 2018: 359).

Төмендегі аятта адамдар арасында кездесетін жаман қасиеттер көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын деректі бейнеге айналады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اجْتَنِبُوا كَثِيرًا مِّنَ الظَّنِّ إِنَّ بَعْضَ الظَّنِّ إِثْمٌ وَلَا تَجَسَّسُوا وَلَا يَغْتَبَ بَعْضُكُم بَعْضًا أَتُحِبُّونَ أَن يَأْكُلَ لَحْمَ أَخِيهِ مَيْتًا فَكَرِهْتُمُوهُ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ تَوَّابٌ رَّحِيمٌ﴾ [الحجرات: ٢١]

«Әй, иман келтіргендер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі – күнә. Біреудің сырын білуге құштарланбаңдар, біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген бауырының етін жеуді жақсы көреді ме?! Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла – тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді». Бұл аятта Алла ғайбаттың соншалықты пасық іс екенін, қоғамды бұзатын, адамдар арасында қастандықты, көре алмаушылықты тудыратын, талай бәленің басы екендігін, дені таза адамның барлығы жиіркене, шошына қабыл алатын бір жаман жағдаймен теңестіріп отыр. Ол – өз бауырының етін ол өлгеннен кейін жеу. Кез келген адамның бұл жағдайдан, осы мысалдан денесі шошынатыны белгілі.

Жақсы сөз бен жаман сөз көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттарға теңеліп, Құрандағы мағынауи нәрселер көз алдымызға көркем бейнеде келеді.

